

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТЕТІГІН ӘЗІРЛЕУ
(Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер үшін)

Нұр-Сұлтан
2022

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 18 наурыздағы №1 хаттаманың шешімімен баспаға ұсынылды

Базалық мектептердің жұмыс істеу тетігін әзірлеу. – Нұр-Сұлтан: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 164 б.

Әдістемелік ұсынымдарда тірек мектептерінің тәжірбиеден өткен нәтижелерін таладау барысындағы кемшіліктерді түзету мақсатында жаңа жоба «Базалық мектеп» және филиал шағын жинақты мектеп құру мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің жұмыс істеу тетігі берілген.

Әдістемелік ұсынымдама шағын жинақты ауыл мектептері педагогтері, білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлеріне арналған. Сонымен қатар ұсынымдамада ауыл мектептердегі білім беру сапасын арттыру, базалық мектеп пен филиал мектептердегі құжат айналымы және т.б. мәселелер қарастырылған.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының 1-міндеті «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету»; 2-міндеті «Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA)»; 3-міндеті «Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету», – деп көрсетілген. Сондықтан әрбір ауыл мектебінің әкімшілігі мен педагогтері берілген міндеттерді басшылыққа алған жөн [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауын басшылыққа алып шағын жинақты ауыл мектептеріндегі ұстаздарды қолдау, кіріктірілген оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу, ауыл мектебінің балаларына білім алудың қажеттілігін ұғындыру, қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсарту, білім беру жүйесін қолжетімді әрі инклюзивті қылу, дарынды ауыл балаларына жан-жақты қолдау көрсету, ұстаздардың моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандыру, тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету, ауыл мектептерінің білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандарды тарту, балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу, өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге мүмкіндік жасауды жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізуі қажет екендігі қарастырылған [2].

Сондай-ақ қазіргі күні күші жойылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ауыл мектебі мен қала мектебінің білім алушылары арасында білімдегі алшақтықты қысқартуға байланысты «Мобильді мұғалім», «Қамқор отбасы» және «Мықты мектептердің қамқорлығы» жобалары ұсынылған.

Жалпы ауыл мектептерінің білім сапасы қала мектептерінің білім сапасына қарағанда едәуір кешендеп қалғаны белгілі. Берілген мәселені Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы жылдағы Ұлттық баяндамасы [3] және «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның есебін [4] басшылыққа алып айтуға болады. Сондықтан ауыл мектебі білім алушыларының білім сапасын арттыру үшін жүйелі жұмысты ұйымдастырған жөн. Соның бірі – шағын жинақты ауыл мектептері білім алушыларының білім сапасын арттыру мақсатында базалық мектептерді құру қарастырылып отыр. Осы уақытқа дейін шағын жинақты ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттыруда тірек мектептері құрылып жұмыс жасап жатқандығы белгілі. Берілген тірек мектептерінің жұмысын үйлестіріп, нормативтік-құқықтық жағынан реттеу қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан тірек мектептерін – базалық мектеп ретінде және шағын жинақты ауыл мектептерін осы базалық мектептің филиалы ретінде қарастырған жөн.

1 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Халықаралық тәжірибе. Қазіргі ауыл мектебі – мәдени, әлеуметтік және экономикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Өйткені ол көбіне ауылдың өмірін анықтайды. Ауыл мектебі мен ауыл тірлігі қоғамның ажырамас бөлігі. Бүтіннің органикалық бөлігі бола отырып, ауыл мектебі ауыл тұрғынына тән барлық қарама-қайшылықтарды, проблемаларды, құндылықтарды бейнелейді, әлеуметтік айырмашылықтарды жеңуге, ауылдың әлеуметтік теңдік принципін сақтауға көмектеседі.

Шағын жинақты ауыл мектептері туралы халықаралық тәжірибеге сүйенсек, әлемдік тәжірибеде АҚШ пен Австралияда ШЖМ мұғалімінің еңбекақысы қала мектептері мұғалімдерінің еңбекақысынан 2 есе жоғары болса, Канада мен Польшада қашықтан оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. АҚШ пен Финляндияда интернат жоқ, тасымалдау жолға қойылған. Австралия мен Швецияда мектептердің кластерлік механизмі (үлкен мектептер – хаб) қарастырылған. Франция мен Норвегияда ШЖМ-ның 50%-ы біріктірілген сыныптардан тұрады. ШЖМ халықтың игілігі ретінде қарастырады. Ресейде ШЖМ-ны жанбасына қаржыландыру тиімсіздігі анықталған. Сонымен қатар бастауыш ШЖМ-ны типтерге бөліп қарастырады. Украинада ШЖМ мұғаліміне мөлшерлемелік жүктеме төленеді, бұндағы мұғалім жалақысы – 2 есе жоғары және мектепті жабу тек ата-ананың келісімімен жүзеге асырылады.

Халықаралық тәжірибеден байқап отырғанымыздай, шет елдерде шағын жинақты мектептерге көңіл ерекше бөлінеді.

«Шағын жинақты мектеп» анықтамасы алғашқы рет 1964 жылғы «Педагогикалық энциклопедияда» берілген. Бұнда: «Шағын жинақты мектеп – мұғалім бір уақытта бірнеше сыныптармен жұмыс жүргізетін бастауыш мектеп», – деп көрсетілген.

Базалық мектептер құру мәселесі Ресейдің тәжірибесінде қарастырылған. Онда базалық мектептер желісі ретінде алынып, оқу-тәрбие процесі жүйелі түрде ұйымдастырылған.

Ауыл мен қала мектебіндегі білім алушылардың білімдегі алшақтығын қысқарту және шағын жинақты мектептерде қоғамдық-әлеуметтік, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту мақсатында бүгінде желілік базалық мектептер құру қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан халықаралық тәжірибені саралай отырып, отандық ауыл мектептерінен желілік базалық мектептер моделін құруды ұсынамыз.

Ауыл мектептерінің әртүрлі модельдері бар. Соның бірі – Ресейдің Түмен облысында ауылдық базалық мектептер қалалық деңгейде білім беруді басқарудың заманауи әдістеріне көшудің ерекшеліктерін ашатын жүйелеу принципі негізінде жұмыс жасайды және дамиды.

Айта кету керек, бүгінде білім беру мекемелерін ұйымдастырудың желілік принциптерін қолдану менеджменттегі жетекші бағытқа айналуда. «Сетизация» (желілендіру) термині серіктестердің қажеттіліктері мен үміттеріне сәйкес

мақсаттарға жету үшін оның түйіндері мен байланыстары бар желіні құрудан тұратын әдісті білдіреді.

Желінің ерекшелігінде бір-бірімен тікелей байланыста болған тең (дәрежеде, құқықтағы) адамдар үшін желілік қозғалыста болуы керек үш негізгі элементті маңызды санайды:

- жалпы коммуникациялық кеңістік – желінің әр қатысушысы ұйым туралы кез келген ақпаратқа, сондай-ақ кез келген басқа қатысушының біліміне қол жеткізе алуы керек;

- біріктіруші идея немесе мағыналық тұжырымдама – желінің барлық ұйымдарының жұмысы үшін контекст (шеңбер) белгілейтін перспективалық көру блогінің барлығы;

- қатысушылардың теңдігі мен байланыстылығы – әртүрлі бейіндегі мамандар үшін желілік ұйымдардың жұмысына қосылу мүмкіндігін қамтамасыз ететін деректер мен мәліметтерді біріктіру және ұйымдастыру стратегиясы пайдаланылады.

Желілік өзара іс-қимыл деп азаматтардың барлық санаттары үшін сапалы білімнің қолжетімділігін, білім берудің вариативтілігін, білім беру ұйымдарының ашықтығын, кәсіби құзыреттілікті арттыруды және заманауи АКТ-технологияларды пайдалануды қамтамасыз ететін көлденең және тік байланыстар жүйесі ретінде қарастырылады.

Сондықтан да базалық мектептер мен шағын жинақты филиал мектептерді құру жағдайы мен кадр мәселесін шешу қала мектептері мен ауыл мектептеріндегі білімдегі алшақтықты қысқартудың бір жолы ретінде қарастыру керек.

Отандық тәжірибе. Бүгінде елімізде – 7473 жалпы білім беретін мектеп бар. Оның 70%-ы (5261) – ауыл мектебі. Барлық мектептің 37%-ы (2753) шағын жинақты. Шағын жинақты мектептердің 99 %-ы (2727) ауылдық жерде болса, 26 (1%) ШЖМ қалада орналасқан.

Ауыл мектептерінің 53%-ы шағын жинақты мектептер. 2021 жылғы мәліметтер бойынша шағын жинақты мектептердегі білім алушы саны ауылдық мектептердегі білім алушылардың - 13 %-ын құраған.


ШЖМ-да 2021 жылғы ҰБДҚ мәліметі бойынша білім алушы саны – 193117. ШЖМ-ның 51%-ы – (1407 мектепте) біріктірілген сыныптары бар болса, 49% ШЖМ-да (1341 мектепте) біріктірілген сыныптары жоқ.

Білім беру деңгейлері бойынша шағын жинақты мектептер: бастауыш мектеп – 19 % (516); негізгі орта мектеп – 29 % (785); жалпы орта мектеп – 52 %-ды (1452) құрайды. ШЖМ-дағы оқыту тіліне қарай: қазақ тілінде оқытатын мектеп – 58 % (1572); басқа тілдерде (орыс, ұйғыр) – 24 % (692); аралас мектепте – 18 % (489). Төменде берілген суретте шағын жинақты мектептердің паспорты берілген (1-сур.).


АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҮЛЕСІ – 5261

Өңірлер бөлінісіндегі мәліметтер, 2021 ж.


2753-ШЖМ (ауыл мектептерінің 52%)




Білім берудегейлері және оқыту тілдері бойынша



- Бастауыш
- Негізгі
- жалпы



- Қазақ
- өзге тілдер
- аралас тілдер



193 117 -ШЖМ білім алушылары

1-сурет. Шағын жинақты мектептердің паспорты


Білім сапасы бойынша, Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы жылдағы Ұлттық баяндамада және 2018 жылғы «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның есебі негізінде ауыл мектептері білім алушыларының білім сапасы қала мектептерінің білім сапасына қарағанда оқу сауаттылығы бойынша – 38 балға, математикалық сауаттылық бойынша – 22 балға, жаратылыстану – ғылыми сауаттылықтары бойынша – 23 балға төмен екені анықталып отыр. Компьютерлік сауаттылық бойынша ауыл оқушылары қалалық білім алушылардан 70 балға артта қалғаны белгілі болды. Сондықтан халықаралық зерттеулер нәтижесінде көрсетілген алшақтықты азайту мақсатында ауыл мектебінің педагогтері мен мектеп әкімшілігіне тиісті жұмыстар жүргізуге және халықаралық зерттеудің өтуіне жауапкершілікпен қарау ұсынылады. Төменде берілген суретте қала мектебі мен ауыл мектебі арасындағы білімдегі алшақтық көрсетілген (2-сур).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕР


Қалалық және ауылдық білім алушылардың нәтижелеріндегі айырмашылық 15 жас PISA (2018 ж.)



Қалалық және ауылдық білім алушылардың нәтижелеріндегі айырмашылық Компьютерлік сауаттылық бойынша 8-сынып (ICILS 2018 ж.)



Математика және жаратылыстану пәндері бойынша 4 және 8 -сыныптардың қалалық және ауылдық білім алушыларының нәтижелеріндегі айырмашылық TIMSS (2019 ж.)



2-сурет. Халықаралық зерттеулердегі көрсеткіштер

Суреттен көріп отырғанымыздай білімдегі алшақтықты басшылыққа ала отырып базалық мектептерде жүйелі жұмыс жүргізуді жолға қойған жөн.

Қазақстандағы ШЖМ-ның жағдайы Тәуелсіздік алғаннан кейін ауыл проблемасымен бірге шағын жинақты мектептердің мәселелері қарқындай түсті.

1991 жылы тәуелсіздікпен бірге елдегі өзге ұлттардың (неміс, орыс, украиндер және т.б.) тарихи Отанына көшуі белең алды. Елдегі эмиграция әрине шағын жинақты мектептердің статистикасына әсерін тигізді.

1995 жылы Қазақстанда ішкі миграция басталып, елдегі колхоз, совхоздар таратылып, ауылдарда жұмыссыздық белең алды.

1997 жылы 80 мектеп «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясының құрамынан ҚР БҒМ-ның құрамына ауыстырылды.

2005 жылы – елде урбанизация басталды. Бұл кезеңде ауыл халқының көпшілігі қалаға көшіп, ішкі көші-қон процесін тудырды. Осының нәтижесінде тығыз қоныстанған ауылдар бос қалып, оқушыларсыз қалған мектептер жабыла бастады.

Көрсетілген жылдарда ауылдың жағдайы мен шағын жинақты мектептердің жағдайы осылайша көрініс тапты.

2000 жылдардан бүгінге дейін шағын жинақты мектептер мен Тірек мектептердің жағдайыменен белгілі ғалым Сәбит Қонтаев айналысып келе жатқаны белгілі.

Сондай-ақ профессор З.Адилыгазиновтың бастамасымен 1991-2000 жылдары – А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай МУ базасында шағын жинақты мектептің республикалық орталығы ашылып, өз жұмысын жүргізді. Бұнда шағын жинақты мектептің үздік тәжірибесін жинақтау бойынша 8 республикалық конференция мен семинар өткізілді.

Бүгінде алдыңғы қатарлы тәжірибелер негізінде:

- ✓ Қарағанды облысында «Тірек мектептер» құрылды;
- ✓ Қостанай облысында «Мобильді мұғалім» жобасы іске асты;
- ✓ СҚО-да «Қамқор отбасы» жобалары жүзеге асырыла бастады.

Алғаш рет «Шағын жинақты мектеп» термині 1999 жылы «Білім туралы» Заңға енгізіліп, онда: «Шағын жинақты мектеп – бұл оқушылар контингенті шағын, біріктірілген сыныптар және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп», – деп берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде 2003 жылғы 4 ақпанда 2003-2005 жылдарға арналған – «Ауыл мектебі» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының алдағы уақыттағы міндетінің бірі – Тірек мектептер мен оған бекітілген магниттік мектептерді базалық мектептер мен оған қарасты филиал шағын жинақты мектеп ретінде қарастыруда біріктірілген сыныптардағы оқыту процесінің тиімділігін зерттеу.

Бүгінгі таңда Атырау және Қызылорда облыстарында Тірек мектептері қарастырылмағаны белгілі болды. Сондықтан тірек мектептерін базалық мектеп ретінде алып, оның жұмысын жүргізу механизмін әзірлеу қажеттігі туындап

отыр. Берілген әдістемелік ұсынымдаманы соның алғашқы бастамасы деп қарауға болады.

2021 жылғы мәліметтер бойынша Тірек мектептерге бекітілген магниттік мектептердің оқушыларын сессия уақытында тасымалдауды 92 мектеп жүзеге асырған.

2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Ғылым мен білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «Мобильді мұғалім» және «Қамқор отбасы» жобалары қарастырылған. Бүгінде бұл жобалардың республика деңгейінде бекітілген нормативтік-құқықтық негіздерін бекітуге қажеттілік туындап отыр. Сондықтан берілген әдістемелік ұсынымдама аталған жобаларды іске асыру жолдары да беріледі.

Халықаралық салыстырмалы зерттеулер көрсеткіштері бойынша индикатор

1. **ICILS** зерттеуі (8-сынып, компьютерлік сауаттылық) **2023 жылы** өтеді. Мектептер 2022 жылға апробацияны өткізетін болса, зерттеудің нәтижесін 2025 жылы көруге болады. Қазіргі алшақтық: – **70 балл**. Келесі зерттеу **2028 жылы** және **2033** жылдары өткізіледі.


Егер, 2022 жылды тиімді пайдаланып, ШЖМ қажетті ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілсе, **2023 жылғы** көрсеткішті жақсартып алшақтықты – **50-ге** жеткізуге болады. Әрі қарай 2028 жылы алшақтық - **20 балл**, **2033 жылы** 8-сыныптағы компьютерлік сауаттылық бойынша алшақтықты теңестіруге мүмкіндік туады.

2. **PISA** зерттеуі (7-8-сыныптар) **2022 жылы** жүргізіледі. Келесі зерттеу **2026 жылы** оқу сауаттылығының көрсеткіші – **20-ға**; математика бойынша – **13-ке** және ғылыми-жаратылыстану пәндері бойынша алшақтық - **14-ке** жетеді. **2030 жылғы** көрсеткіш келесідей: **-10 /-6 /-7** болуы мүмкін.

3. **TIMSS** зерттеу (4-8-сыныптар) **2023 жылы** жүргізіледі. Берілген цикл аралықтарында зерттеулер жүргізілсе, **2028 жылы** алшақтық математика бойынша – **12 балға** және жаратылыстану бойынша – **17 балға** қысқарады. Ал **2030 жылы** көрсеткіш: **-6 / -8-ге** жетуі мүмкін.

PISA, TIMSS Халықаралық зерттеулердің көрсеткішінің жоғары болуы **ICILS** компьютерлік сауаттылығын көтерген кезде берілген көрсеткіштер жоғарылап, қажетті нәтижеге қол жеткізуге болады деген болжам жасалып отыр. Төменде берілген суретті басшылыққа ала отырып, білімдегі алшақтықты келесідей шешу ұсынылады (3-сур).

ICILS-2023 зерттеу циклі (8 сынып, компьютерлік сауаттылық)



3-сурет. Халықаралық зерттеулердегі көрсеткіштер бойынша индикатор

Осыған орай зерттеулерді басшылыққа ала отырып, отандық базалық мектеп моделін ұсыну қажеттілігі туындап отыр.

Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты ауыл мектептерін белгілі механизмде жұмысын жүргізу бүгінгі күні көптеген мәселелерді шешуге жол берері анық. Солардың бірі – базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепте қызмет атқаратын педагогтер үшін арнайы әлеуметтік пакет пен келісімшарт әзірленуі арқылы екіжақты түйінді мәселелерді заңдастыру қажеттілігі бар.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепті қаржыландыру мәселесін – жергілікті бюджет тарапынан жүзеге асырған жөн. Жергілікті бюджеттен базалық мектепке тікелей қаражат бөлінеді.

Базалық мектепті қаржыландыру мәселесінде әрбір филиал шағын жинақты мектепке қаржыны бөлуде жеткіліксіз қаржыланбай қалудың алдын алады және қаржыландыру мәселесін оңтайлы шешуге мүмкіндік береді.


2011-2021 жылдары ШЖМ желісі **1468** мектепке (**35%**) қысқарған. Соның нәтижесінде **150** мың орындық мектеп ғимараттары талап етілмей қалды.

Ұлттық баяндаманың мәліметі бойынша **2017**-жылдан бастап ауылдық жерлердегі балалардың туу қарқыны артқаны байқалады. Сонымен бірге ШЖМ-лардың жабылу статикасы кемігені, яғни шағын жинақты мектептердің жабылу қарқыны төмендегені анықталды.

Дегенмен жергілікті атқарушы органдардың мәліметі бойынша **2025 жылға** дейін шағын жинақты мектептердің жабылу болжамы жасалған. Келісі суретте филиал шағын жинақты мектептердің ағымдағы жағдайы берілген (4-сур).

ЖАБЫЛҒАН МЕКТЕПТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

2011-2021 жж. – ШЖМ желісі 1468 мектепке қысқарды (35%)
(150 мың орындық мектеп ғимараты қажет болмай қалды)



2021 жылы жабылуы болжанған 24 мектептің орнына 40 мектеп жабылды

ШЖМ көп жабылған өңірлер

Қостанай облысы – 13, СҚО – 7, БҚО – 6
(шекаралас аймақтағы мектептер)

ШЖМ жабылуы туралы болжам (ЖАО мәліметтері бойынша)

2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
14	11	8	11

Қостанай облысы, 2021 ж.

(оқыту тіліне қарай – 4 қаз., 8 орыс., 1 аралас.)

МЫСАЛ

Мектеп	Типтік (иә/жоқ)	Жобалық құаты	Білім алушылар контингенті
Көбек БМ	жоқ	12	2
Терісақан БМ	иә	179	1
Георгиевская БМ	иә	86	3
Кочержиновская БМ	иә	100	0
Ошағанды БМ	жоқ	6	4
Тентексай БМ	жоқ	12	4
Ақарға БМ	иә	304	3
Балықты БМ	жоқ	86	2
Никитинская БМ	жоқ	78	1
Павлов БМ	иә	640	2
Оренбор БМ	иә	28	4
Чапаев БМ	иә	230	4
Красногорская БМ	иә	115	2

Қостанай облысының 6 типтік ШЖМ ғимаратында 1568 оқушы орны қажетсіз болып қалды

4-сурет. Филиал шағын жинақты мектептердің ағымдағы жағдайы

2021 жылы жабылған мектептердің көпшілігі Ресеймен шекаралас аймақтарда. Мәселен, Қостанай облысында – 13, Солтүстік Қазақстан облысында – 6 және Батыс Қазақстан облысында – 6 мектеп жабылған.

Шекаралас аймақтардағы отбасылардың көршілес елдерге қоныс аударуының өскені мектептің жабылуына әсерін тигізері анық.

2021 жылы жабылуы болжанған 24 шағын жинақты мектептің орнына 40 шағын жинақты мектеп жабылған. Нәтижесінде Қостанай өңірінде жабылған 6 типтік шағын жинақты мектептің сыйымдылығы – 1568 орынды мектеп бос қалды.


Батыс Қазақстан облысы бойынша 79 типтік шағын жинақты мектептің сыйымдылығы – 33 017 орын. Бүгінгі таңда осы мектептерде 8253 оқушы білім алуда. Профицит (орын бос) – 24 764-ті құрап отыр.

Сондықтан арнаулы бағдарламалар негізінде осы ауылдарға қоныс аудару мәселесін қарастырған да жөн.

Жабылған мектеп санының болжамнан едәуір артық болуы жергілікті атқарушы органдарының шағын жинақты мектептер орналасқан аймақтың экономикалық, әлеуметтік ахуалын болжай алмауынан туындап отыр. Сондықтан Академия әрбір шағын жинақты мектеп орналасқан аймақтың экономикалық, әлеуметтік жағдайын жан-жақты және терең зерттеуді қолға алады.

Бүгінгі таңда елімізде 192 тірек мектебі бар. Тірек мектептері базалық мектептер қызметін атқарып отыр. Сондықтан, тірек мектептерін базалық мектеп ретінде қарастырып, оқу-тәрбие процесінде жүргізіліп жатқан жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі туындап отыр. Келесі суретте тірек мектептер мен магниттік мектептер картасы берілген (5-сур).

192 базалық мектеп 609 МАГНИТТІ МЕКТЕП



5-сурет. Тірек және магниттік мектептер картасы


Көріп отырғанымыздай, әрбір тірек мектепті базалық мектепке, шағын жинақты мектептерді филиал шағын жинақты мектепке айналдырып, оқу-тәрбие процесін желілік негізде жүзеге асырған жөн.

Шағын жинақты мектептердің оқу процесін ұйымдастырып, оларға әдістемелік қолдау жасап, жұмысын үйлестіріп отырған 192 тірек мектебі бар. Осы тірек мектептеріне 609 магнитті мектеп бекітілген.

1- кесте. Шағын жинақты ауыл мектептерінің жағдайы

№	Өңірлер	ШЖМ	ТМ	ММ
1.	Ақмола облысы	361	21	42
2.	Ақтөбе облысы	201	11	25
3.	Алматы облысы	239	9	34
4.	Атырау облысы	26	-	-
5.	БҚО	214	19	38
6.	Жамбыл облысы	123	10	35
7.	Қарағанды облысы	200	39	182
8.	Қостанай облысы	316	21	68
9.	Қызылорда облысы	20	-	-
10.	Маңғыстау облысы	10	1	5
11.	Павлодар облысы	210	19	64
12.	СҚО	355	28	67
13.	Түркістан облысы	138	7	7
14.	ШҚО	340	7	42
	Барлығы	2753	192	609

Кестеден көріп отырғанымыздай, Атырау мен Қызылорда облыстарында тірек мектебі қарастырылмаған, сондай-ақ тірек, базалық мектептер саны аз екені белгілі болды (6-сур).



6-сурет. Өңірлердегі ШЖМ, базалық мектеп мектептер мен магнитті мектептер саны

Сызбадан көріп отырғанымыздай, әсіресе шағын жинақты мектептер көп орналасқан аймақтарда базалық мектептер ашуды қарастыру керек.

2 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепті құрудың оңтайлығы. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп әкімшілігінде мектепті дамытудың стратегиялық жоспарлауына мүмкіндік береді.

Базалық мектептер үшін жанбасына қаржыландыру нормативі жазылады, одан әрі филиал шағын жинақты мектептер «құқықтық шаруашылық жүргізу» түріне ауысуда қайта құрылуына және жекеменшік мектеп-интернаттар ашуға ынталандырылады. Қоғамдық бірлестіктермен (халықаралық ұйымдар аясындағы) тиімді жоба жасай отырып жұмыс жасау, материалдық базаны нығайтуға көметеседі (Жоба әзірлеп әртүрлі мақсатқа қаржы тарту арқылы МТБ толықтыру (тепицалар ашу, жұмыстар жүргізу, экологиялық, экономикалық тәрбие беру және т.б.).

Жанбасына қаржыландыру нормативінде операциялық шығындардан басқа амортизациялық компонент қайта қаралады (Жан басына шаққанда қаржыландыруды кіріктірірілген сыныптар санына бағдарлау жолдары қарастырылады).

Алдағы уақытта базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерді құрудағы мақсат – ортақ қаржыландыру механизмі арқылы шағын жинақты мектептердегі білім алушылардың сапалы білімге қол жеткізу жолдарын ұсыну, өңірлер арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту.

Міндеттері:

- Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептерді құру арқылы тиімді қаржыландыру механизмін ұсыну;
- Нормативтік құқықтық актілерді заңдастыруды қарастыру;
- Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің МТБ-сының проблемаларын шешу базалық мектепте қаралып, қаражат бөліну мәселесін шешу;
- Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер үшін жанбасына қаржыландыру механизмін құру;
- Базалық мектептерге тасымалдау мәселесіне бөлінетін қаражат мәселесін шешу;
- Біріктірілген сыныптарда сабақ өткізетін мұғалімдер үшін қосымша қаржы бөлу механизмін әзірлеу;
- Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерде білім алатын дарынды білім алушыларды ғылыми жұмыстармен айналысуға баулу;
- Базалық мектептер арқылы білім алушыларды кәсіби білім беру ұйымдарына түсуге, ерте кәсіби білім алуға тарту;
- Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер арқылы ЖОО-лар мен кәсіби білім беру ұйымдарына түсу мәселесін қарастыру және т.б.

Базалық мектептің басым бағыттары:

- 1.** Қаржыландыру механизмі оңтайланады;

2. Сапалы білім беру жүйесі жасақталады;
3. Білікті педагог кадрлар тартылады;
4. Ауыл мектептерінің жағдайы жақсарады;
5. Өңірлер арасындағы білімдегі алшақтық азаяды және т.б.

Отандық базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің желілік өзара қарым-қатынасы:

- қызметтің жалпы міндеті кезінде ресурстарды бөлу;
- әр нақты қатысушының бастамасына сүйену;
- қатысушылардың бір-бірімен тікелей байланысын жүзеге асыру;
- сыртқы мақсаттың ортақтығы кезінде әртүрлі мүмкін болатын қозғалыс жолдарын құру;
- әрбір нақты қатысушының қажеттіліктері үшін желінің ортақ ресурсын пайдалану және т.б.

Қазіргі ғылымның өзара әрекеттесуінде (қарым-қатынаста) екі стратегия: ынтымақтастық және бәсекелестік болып ерекшеленеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепаралық желілік өзара іс-қимыл – бұл мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымдардың нақты бағыты (немесе бірнеше бағыт) бойынша қызметті ұйымдастырудағы өзара іс-қимыл процесі. Мектепшілік өзара іс-қимыл қызметін үйлестірушінің рөлін желілік мектеп орындайды, әдетте өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін қажетті ресурстардың болуы маңызды.

Ауылдық қоғам жағдайында мектепаралық өзара іс-қимылдың жүйе құраушы факторы, оны құрудың интегралдық негізі қолжетімділік – көлік, ауа-райы, коммуникациялық және т.б. Сондықтан, заманауи телекоммуникациялық, компьютерлік және басқа жабдықтармен жабдықталған, жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ауылдық базалық мектеп, оған жақын орналасқан елді мекендерден білім алушыларды тасымалдауды ұйымдастыруға болатын желілік мектеп ретінде әрекет етеді.

Осылайша, білім беру мекемелерінің желілік өзара іс-қимылы – бұл жалпы білім беру мекемелеріне қосымша білім беру ресурстарын тарту, білім беру сапасын арттыру, бірыңғай білім беру кеңістігін құру мақсатында жалпы білім беру мекемелері.

Базалық мектеп желілік мектеп ретінде:

- нақты бағыттар бойынша өзара іс-қимылды іске асыру үшін қажетті ресурстары бар мектепаралық желілік өзара іс-қимыл қызметінің үйлестірушісі. Желілік өзара әрекеттестіктің бастамашысы білім беру мекемелерінің өздері де білім беру ұйымдары да бола алады.

Егер желілік өзара қарым-қатынастың бастамашысы білім беруді басқару ұйымы болса, онда оның негізгі міндеті азаматтардың жалпы білім алу құқығына *кеңілдік* беру, білім беру жүйесінің қолда бар ресурстарын тиімді пайдалану, аймақтық және білім беру жүйелерін басқаруды оңтайландыру. Бұл жағдайда жалпы білім беретін мекеменің басқа білім беру мекемелерінде білім алушылар

алған нәтижелерді есептеу механизмі, білім беру мекемелерін біріктіру механизмі маңызды болады.

Білім беру жүйесінде желілік өзара әрекеттестіктің басталуы желінің әлеуетті қатысушылары мен серіктестері әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде жүргізіліп жатқан жұмыстарды қарапайым үйлестіру арқылы бірлескен күш-жігермен өз мәселелері мен міндеттерінің мүмкін болатын шешімін көре бастағанда пайда болады.

Егер желілік өзара қарым-қатынастың бастамашысы базалық мектеп болса, онда ең алдымен білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту міндеттері шешіледі. Білім беру мекемелерінің (ұйымдарының) өзара іс-қимылының базалық тетігі олардың – білім беру бағдарламалары мен білім алушылардың жеке оқу жоспарларын іске асыру үшін ресурстарды бірлесіп пайдалану тетігі болып саналады.

Білім беру сапасы білім беру мекемесінің ресурстармен қамтамасыз етілуіне байланысты: *ұйымдастырушылық-басқарушылық, кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық-білім беру болып табылады.*

Бұдан басқа, білім беру ұйымының ресурстары:

- ✓ мектеп пен ортаның әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимылы;
- ✓ ресурстық қамтамасыз етудің шарты ретінде бақылау;
- ✓ қоғамдық-мемлекеттік басқарудың ресурсы ретінде гуманитарлық сараптама;
- ✓ қаржылық-ынталандырушы ресурс;
- ✓ білім беру кеңістігін кеңейту, жеке даму ресурсы ретінде қосымша білім беру;
- ✓ құндылық қатынастарының жүйесі;
- ✓ білім беру сапасын арттыру ресурсы ретінде инновациялық процестер;
- ✓ мектептің миссиясы мен имиджі оны дамытудың жетекші ресурсы ретінде қарастырылады.

Ауылдық базалық мектеп білім беру процесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету, бірыңғай білім беру кеңістігін әдістемелік басқару функцияларын орындайды және бұл оның желісіне кіретін қашықтағы немесе шағын жинақты мектептер үшін әлеуметтік иеліктен шығарудың әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Оқу іс-әрекеті аралас (мектепаралық) сыныптарда немесе білім беру бағдарламаларының топтарында, мысалы, бейіндік пәндер, элективті курстар, әлеуметтік практикалар, бейіналды даярлық және бейіндік оқыту жүйесіндегі жобалау-зерттеу қызметін іске асыруды көздеуі мүмкін.

Қашықтан оқыту функциясы қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, бейіналды даярлық және бейінді оқыту жүйесінде, жоғары ерекше қажеттілікті қажет ететін балалармен (күндізгі-сырттай мектептер) жұмысты ұйымдастыру кезінде білім беру бағдарламаларын іске асыруды көздейді.

Әдістемелік функция білім беру ұйымдарын ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және консультациялық қолдауды жүзеге асыруға бағытталған, мысалы, профильге дейінгі дайындық пен профильді оқытуды жүзеге асыру,

мамандандырылған оқыту саласында тәжірибе жинақтау және беру, мамандандырылған оқытудың педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру.

Отандық ауылдық базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептер қызметінің ерекшеліктері:

- білім беру кеңістігі мектептермен шектелмейді, бірақ оның желісіне кіретін мектептерді қамтиды;

- базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептер басқа да оқу орындары, кәсіпорындар, ұйымдармен, сондай-ақ басқа да елді мекендермен (оның желісіне кіретін мектептер орналасқан жерде) әріптестік қатынастары белгіленеді;

- білім беру қызметі субъектілерінің ресурстары мен күш-жігерін интеграциялау мақсатында ішкі және сыртқы байланыстар мен қатынастарды қалыптастырудың нормативтік-құқықтық базасы құрылады;

- оқу орындары мен олардың әлеуметтік әріптестерінің бірлескен қызметін үйлестіруді жергілікті өзін-өзі басқару органдары қамтамасыз етеді;

- ауыл балаларының зияткерлік, адамгершілік және физикалық дамуы үшін қолайлы орта ретінде оқу орнының бірегей және тиімді білім беру жүйесі қалыптасуда.

Отандық бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастырудың ресурстық орталығы ретіндегі ауылдық базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер қызметінің маңызды бағыттарының бірі – білім беруді бейіндеу.

Мақсаты – еңбек нарығының нақты қажеттіліктерін, оқушылардың және олардың ата-аналарының сұраныстарын ескере отырып, білім алушыларды дараландыруға және әлеуметтендіруге бағытталған жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында мамандандырылған даярлау (бейінді оқыту) жүйесін құру.

Міндеттері:

- бірыңғай білім беру кеңістігі құрылымында балаларға мектепке дейінгі және қосымша білім берудің дәстүрлі, икемді нысандарымен қатар, ауылдық жерлердегі оқушылардың толыққанды білім алуы үшін жағдайларды теңестіру;

- оқушыларды базалық мектепке жеткізу көліктіктерін пайдалану, жалпы білім беретін мектептегі балалардың мектепке дейінгі және қосымша білім беру мекемелерімен интеграциялау есебінен ауыл оқушыларының сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- ауылдық жерлерде қалыптасатын инновациялық білім беру құрылымдарын қолдау;

- ауылдық елді мекендердің оқушылары үшін білім беру процесін материалдық-техникалық, кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келетін білім беру ресурстарына тең қол жеткізу жағдайларын қамтамасыз ететін мектептің оқушыларды тасымалдау жүйесін құру;

- осы аумақтың жалпы білім беру мекемесі мен өндірістік құрылымдарының өзара байланысын, мектептердің кәсіби мамандануын

күшейту негізінде оқушыларды өздігінен өмір сүруге және ауыл шаруашылығы еңбегіне, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтауға жан-жақты дайындау үшін жағдай жасау;

- базалық мектеп филиал шағын жинақты мектептер үшін кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жүргізіп отырады.

Отандық базалық ауыл мектебі мен оның желісіне кіретін филиал шағын жинақты мектептердің бірлескен қызметінің бағыттары:

- мектеп қоғамдастықтары өмірінің әртүрлі аспектілерін жақсарту;
- білім беру нысандарының, мазмұнының және сапасының өзгеруі;
- қатысушылардың білім сапасын өзгерту арқылы ауылдық қоғамдастықтардың өмір сүру сапасын өзгерту;
- мектеп қоғамдастықтарын бүгінгі ауыл өмірінің өзекті мәселелерін шешуге қосу;
- ауылдық қоғамдастықтарды мектеп істеріне тарту және оларды басқару;
- оқу процесінде (компьютерлік оқыту, түрлі пәндер бойынша арнайы курстар, ЖОО-ға түсушілер үшін дайындық курстары) ынталандыру;
- әдістемелік жұмыс;
- тәрбие жұмысы (жоғары сынып оқушыларының белсенділерімен кездесу);
- Оқу, спорт жарыстары, көркемөнерпаздар байқауы);
- оқу-өндірістік қызмет (ауылшаруашылығы жұмыстары, қосалқы шаруашылық жүргізу, білім алушылардың сыныптан тыс еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру, жазғы лагерьлер және т.б.).

Бейінді оқытуды енгізуді тиімді басқару үшін:

- ауылдық мектеп жағдайында бейіндік оқытудың нормативтік-құқықтық базасын құру және түзету;
- бастауыш, орта, жоғары кәсіптік білім беру мекемелерімен мектептің жоғары сатысының профильдерінің икемді жүйесін пысықтау;
- облыстың аумағындағы сұранысқа ие бағыттар бойынша мамандандырылған оқытуды жүзеге асыру үшін оқу-материалдық базаны қалыптастыру;
- мектеп аймағы жағдайында бейіндік мектепте жұмыс істеу үшін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін құру;
- бейінді оқытуды енгізу процесін мониторингілеуді және жедел реттеуді жүзеге асыру;
- бейіндік оқытуды ақпараттық қолдау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу;
- бейінді оқытуды ұйымдастырудың модельдерін әзірлеу.

Тәжірибе көрсеткендей, ауылдық базалық мектеп ресурстық орталық ретінде желіге кіретін білім беру мекемелерінде бейінді оқытуды ұйымдастыру үшін оңтайлы. Бұл ретте қашықтан оқытуды пайдалану мүмкіндігін негізге алу қажет. Ауылдық қоғам жағдайында білім беру мекемелерінің желілік өзара іс-қимылы жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі проблемаларын тиімді

шешуге мүмкіндік береді, озық тәжірибенің таралуына және оны желілік мектептердің білім беру процесіне енгізуге ықпал етеді, сондай-ақ ауыл оқушысын оқытудың жеке траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастырудың ресурстық орталығы ретіндегі ауылдық базалық мектептің миссиясы – балаларды жан-жақты қолдау және дамыту, олардың жеке-тұлғалық және шығармашылық әлеуеті мен оқу-танымдық мүмкіндіктерінің көрінісін анықтау және ынталандыру, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, оқушылардың жеке психологиялық ресурстарының өсуі, оқушылардың қызығушылықтарына, қабілеттеріне, ниеттеріне сәйкес өзінің білім беру траекториясын құру мүмкіндіктерін кеңейту, оқу процесіне білім беру технологияларын енгізу негізінде оның барлық сатыларындағы мектепті құру.

Оқушыларға кәсіптік және бейіндік оқытуды ұйымдастыру, мектепті ауылдық оқушылар әртүрлі оқу және сабақтан тыс жағдайларда өздерін сынап көре алатын, шығармашылық сәттілігі мен күйін сезіне алатын бірыңғай білім беру кеңістігі мектеп ауданында мүмкіндігінше әртүрлі, мазмұны мен ондағы қызмет тәсілдері әртүрлі болуы керек.

Отандық желілік базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептермен серіктес өзара байланысу бағыттары ең алдымен ауылдық базалық мектептің де, серіктес мектептердің де ресурстарының болуымен (бөлінуімен) анықталады:

- базалық мектептің мамандандырылған кабинеттерінде жалпы білім беретін пәндер бойынша Мемлекеттік стандарттың практикалық бөлігін орындау (жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша зертханалық және практикалық сабақтар өткізу);

- базалық мектептің техникалық және электрондық ресурстарын пайдалана отырып, жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтар өткізу;

- 9, 11-сыныптарды мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға дайындауды ұйымдастыру (консультация өткізу, элективті курстар мен таңдау пәндерін жүргізу);

- жоғары ынталандырылған және дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру;

- 9-сыныпта білім алушыларды бейіналды даярлау және жоғары сыныптарда бейіндік оқытуды ұйымдастыру;

- жоспарларды үйлестіру арқылы бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру;

- тәрбие жұмысы, балалардың бос уақытын бірге өткізуді ұйымдастыру ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсету (ЖОО-мен базалық ынтымақтастық құру);

- педагогтер, ата-аналармен оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

Желілік іс-шараларды жоспарлау мен өткізудегі басты талап – оларды пайдалануға, желілік білім беру идеясын алға жылжытуға, алынған тәжірибені көшіруге және беруге бағытталған аралық нәтижелерді уақтылы өңдеу.

Жүргізілген зерттеу ауылдық базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер қызметінің желілік өзара іс-қимылының оң нәтижелері ретінде келесідей өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді:

- бос жұмыс орындарын ашу кезіндегі кадр мәселесін толық немесе ішінара шешу (базалық мектеп мұғалімдерінің жұмысын жоспарлау есебінен);
- логопедтердің, психологтердің, әлеуметтік педагогтердің бірыңғай жұмыс кестесі;
- желілік әдістемелік бірлестіктерді ұйымдастыру (педагогикалық тәжірибемен алмасу және тарату);
- педагогтердің жауапкершілігін және сабақ өткізу сапасын арттыру, педагогтердің уақытын ұтымды пайдалану;
- жаратылыстану-ғылыми бағыт пәндері бойынша практикалық бөлімді толық көлемде жүйелі және уақтылы орындауға қол жеткізу;
- мамандандырылған кабинеттерді толық көлемде барынша пайдалану есебінен және электрондық ресурстарды пайдалану есебінен сапалы оқыту үшін жағдай жасау;
- бастауыш, негізгі және орта мектеп оқушылары үшін (2, 4, 5-7, 9-11-сынып) бірыңғай бақылау және қысқарту жұмыстарын жүргізу, бұл жалпы білім беретін пәндерді оқыту сапасы мен белгі қою объективтілігін бақылауға мүмкіндік береді;
- мектеп компонентінің сағаттарын іске асыру негізінде 10-11-сынып оқушыларын (таңдау бойынша пәндер) жеке-топтық оқытуды ұйымдастыру;
- жоғары сынып оқушыларын бейіналды даярлау және бейіндік оқытуды ұйымдастыруды жаңарту үшін мүмкіндіктерді кеңейту.

Қалалық білім беру жүйесі үшін маңызды міндет – желілік өзара әрекеттесудің критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеу. Желіде жүзеге асырылатын мақсаттар мен бағыттарға байланысты желілік өзара іс-қимыл тиімділігінің критерийлері мен көрсеткіштерін таңдау жүзеге асырылады.

Базалық мектепке қарасты желілік қарым-қатынастың үйлестірушісі ретінде базалық ауыл мектебі мен филиал шағын жинақты мектептің тиімділігі келесі ережелермен анықталуы керек. Ауылдық базалық мектеп – бұл базалық ауыл мектебінің инновациялық нәтижелерін таратудың ең жақсы нұсқасы ғана емес, сонымен қатар желілік мектептердің инновациялық тәжірибесімен өзара алмасу формасы, ол желілік өзара қарым-қатынастың формаларын жобалау және сынау базасы, оқу орындарының инновациялық және білім беру қызметінің сәтті үлгілері туралы ақпарат беруші.

Ауылдық базалық мектеп желілік жұмыс істей отырып, өзі дамып, инновациялық қызметтің өзекті бағыттары бойынша желінің білім беру мекемелерінің дамуына ықпал етеді.

Білім беру ұйымдарының желілік өзара әрекеттесуінің әртүрлі формалары оқушылардың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін желілік мектептердің ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Жұмыстың белсенді түрлері семинарлар, мастер-кластар, педагогикалық ұжымдарға арналған шығармашылық шеберханалар және білім алушыларға

арналған дамытушы зияткерлік ойындар, конкурстар, турнирлер, марафондар ұйымдастыру.

Оқушылар деңгейіндегі білім беру мекемелерінің желілік өзара іс-қимылы:

- оқу іс-әрекетінде ынталы, табысты балалармен жұмыс істеу формаларының спектрін кеңейтеді;
- әр мектептің 1-10-сынып оқушыларын қатарластарының зияткерлік ортасына тарту мүмкіндіктерін арттырады;
- балалардың өзіндік білім беру траекториясын, оқу профилін және сайып келгенде кәсіби артықшылықтарын таңдау өрісін кеңейтеді;
- оқу мотивациясын, толеранттылық деңгейін арттырады, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, оқушылардың ерте әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Осылайша, ауылдық базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп арасындағы желілік өзара іс-қимыл негізінде бірыңғай білім беру кеңістігін құрудағы әлеуеті ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін субъектілердің іс-қимылдарын келісуді білдіретін желілік өзара іс-қимыл мазмұнымен; ұжымдық бөлінген қызмет нысандарында өзара іс-қимылды ұйымдастырумен айқындалады.

Базалық мектептер мен шағын жинақты филиал мектептердің қызметі мен жұмысын үйлестіруді төменде берілген сызба негізінде жүзеге асырған жөн (7-сур).



7-сурет. Базалық мектепті басқару құрылымы

Берілген суреттен көріп отырғанымыздай, базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп жұмысын жүйелі ұйымдастыру арқылы жүзеге асырған дұрыс. Сондықтан төменде «Базалық мектептің қызметі туралы Ереженің» жобасы ұсынылды.

Жоба

2.1 Базалық мектептің қызметі туралы Ереже

2.1.1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Базалық мектептің жұмыс жүргізуін нормативтік құқықтық, қаржы-экономикалық және мазмұндық-қызметтік негіздерін айқындайды.

1.2 Базалық мектептер өз қызметінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27.07. №319-III Заңын басшылыққа алады [5]. Базалық мектептердің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №614 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады [6].

Базалық мектепте нұсқаушы, аралық және қорытынды сессиялық сабақтарды ұйымдастыру шараларын іске асырылады.

Базалық мектеп облыстық білім басқармасының бұйрығымен материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік базалар мен кадрлық ресурстар болған жағдайда жалпы білім беретін мектептің базасында құрылады.

Сессиялық сабақтар кезеңінде базалық мектеп білім алушылардың тұруын, тамақтануын, тасымалдануын ұйымдастырады, пәндер бойынша оқу бағдарламаларын келісуді, сыныптар мен сессия қатысушыларының санын анықтауды жүзеге асырады.

Шағын жинақты мектептер базалық мектеп филиалы ретінде Облыстық білім басқармасының бұйрығымен бекітіледі.

Базалық мектептер және филиалдарының қызметі барысында жекелеген мұғалімдер мен білім алушылар арасында оқу, әдістемелік және ғылыми ақпаратпен алмасу жүзеге асырылады, жалпы проблемалар бойынша шығармашылық зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

2.1.2 Ережеде келесі терминдер қолданылады:

1) **Базалық мектеп** – шағын жинақты мектеп оқушыларының сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жақын маңдағы шағын жинақты мектептер (филиалдар) шоғырланатын орта білім беру ұйымы;

2) **Шағын жинақты мектеп** – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;

3) **Базалық мектеп филиалы** – базалық мектепке бекітілген шағын жинақты мектеп;

4) **Эдвайзер** – базалық мектеп директорының филиалдық мектептермен жұмысы жөніндегі орынбасары;

5) **Мобильді мұғалім** – бірнеше елді мекендердің шағын жинақты мектептерінде (бұдан әрі – ШЖМ) жүріп-тұрып сабақ өткізу сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагог.

2.1.3 Базалық мектеп қызметінің мақсаты мен міндеттері

2.1 **Базалық мектеп қызметінің мақсаты** – филиалдық мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру.

2.1.4 Базалық мектеп қызметінің негізгі міндеттері:

1) сапалы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және кеңейту;

2) оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану;

3) сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында базалық мектептерде филиал мектептердің білім беру ресурстарын біріктіру;

4) филиал мектептерінің білім алушылары үшін бейіналды даярлау және бейіндік оқыту бойынша жағдай жасау;

5) базалық мектепте нұсқаушы, аралық және қорытынды сессиялық сабақтар және филиал мектеп оқушылары үшін сессияаралық кезеңді ұйымдастыру;

6) біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

2.1.5 Базалық мектепте филиал шағын жинақты мектеп білім алушылары үшін оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру:

2.1.5.1 Филиал шағын жинақты мектеп білім алушылары үшін білім беру процесі инвариантты компоненттің оқу пәндерін оқытатын базалық мектептер базасында оқу сессиялары кезінде бірыңғай оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады және оқу сессияларын өткізуді қамтиды.

2.1.5.2 Филиал шағын жинақты мектептердің 8-11-сыныптардың білім алушылары үшін базалық мектептер базасында оқу сессияларын өткізу міндетті, 5-7-сыныптар үшін – білім беру ұйымының қалауы бойынша өткізіледі.

2.1.5.3 Базалық мектепте негізгі орта білім деңгейдегі білім алушыларды бейіналды даярлауды (8-9-сыныптар) және жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушыларды бейіндік оқытуды (10-11-сыныптар) қамтамасыз етеді.

2.1.5.4 Филиал мектептерінің білім алушылары үшін сессия кезеңінде сабақ кестесі (әрбір сабақтың ұзақтығы 45 минут) бекітіледі. Күн сайын 10-15 минут үзіліспен 6 сабақтан артық өткізілмейді.

2.1.5.5 Базалық мектептің бірыңғай оқу жоспары модульдік технология негізінде құрастырылады.

Модуль құрылымы:

- мақсаты;
- міндеттері;
- модульдегі оқу қызметінен күтілетін нәтижелер;
- мазмұны;

- әдістері мен құралдары;
- бақылау-бағалау компоненті.

2.1.5.6 Филиал шағын жинақты мектептерінің 10-11-сынып оқушылары үшін оқу сессиясы кезінде пәндер бойынша оқу мазмұны 4 модульге бөлінген, олардың әрқайсысы мемлекеттік стандарттар шеңберінен шықпайтын сағат санын қамтиды:

1 модуль – инвариантты, 2 модуль – инвариантты, 3 модуль - қолданбалы курстар, 4 модуль - элективті курстар

Әрбір модуль теориялық (Т) және практикалық (П) іс-шаралар сағаттарын қамтиды;

2.1.5.7 Дамытушы модульдер білім алушылардың жеке бағдарын қамтамасыз ететін сабақтарды ұйымдастыруға бағытталған.

2.1.5.8 Оқу сессияларын өткізу нысаны: пәндік-сабақтық, практикалық бағыттылық (зертханалық, практикалық жұмыстар, бақылау, диагностика, түзету), интерактивті формалар (тренингтер және т.б.).

2.1.5.9 Оқу сабақтарын жобалау кезінде білім алушылардың өзіндік белсенді оқу қызметіне, оқу материалының мазмұнын блоктік-модульдік құрылымдауға, оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға, білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту нысандары мен әдістеріне басымдық беріледі.

Базалық мектепте сессия кезінде оқыту келесі режимде өтеді:

2.1.5.10 **Күннің бірінші бөлімінде** – бейіналды (8, 9-сынып) дайындық және бейінді (10, 11-сынып) оқыту материалдары бойынша оқу сабақтары өтеді.

Білім алушылардың оқу қиындықтарының бағыттары анықталады, технологиялық карталар жасалады, солардың негізінде сессияаралық кезеңде жеке оқу маршруттары әзірленеді. Білім алушылардың алгоритм мен жеке бағыттары бойынша білімдегі олқылықтарды жоюда жұмыстар жүргізіледі.

- білім алушыларға қосымша ақылы білім беру қызметтерін, сондай-ақ өзге де кіріс әкелетін қызметті ұсынғаны үшін алынған қаражат болып табылады. Қамқоршылық кеңестің қызметі арқылы басқа жеке және заңды тұлғалардың ерікті қайырмалдықтары;

2.2.6.3 Филиал шағын жинақты мектеп қаржы-шаруашылық қызметінің мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, жалпы білім беру мекемелері туралы үлгі Ережемен, базалық мектеп және филиал шағын жинақты мектептердің жарғыларымен реттеледі.

2.3 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕГІ БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ

Бақылау кеңесінің құрамына базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің директоры мен оның орынбасарлары, жергілікті атқарушы органның басшылары, Қамқоршылық кеңес, ата-аналар кеңесі мен еріктілер кіреді. Бақылау кеңесі ауылдың жағдайы мен мектептерді дамыту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізеді.

Базалық мектеп жұмыстарын ұйымдастыру бойынша Үйлестіру кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

Үйлестіру кеңесінің Ережесі базалық мектеп оқу-тәрбие процесінің шағын жинақты мектептерді дамыту бойынша білім беру бөлімдерінің әдіскерлері, базалық мектеп мәселелерімен айналысатын мектеп басшылары мен мұғалімдері үшін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған.

Кіріспе. Жалпы білім беретін мекемелердің оқыту, білім беру, әдістемелік, ұйымдастыру – басқарушылық құрылымдарды реформалау және жетілдіру үдерісі қазіргі уақытта ең маңызды, өйткені ол тұлғаның, қоғамның құндылық бағдарларының ауысымымен байланысты, демек Қазақстанның білім беру жүйесінде де түбегейлі өзгерістер орын алды. Заманауи өндіріс шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау жүйесі бар, өз мүмкіндіктеріне сенімді, өздігінен ойлануға және әртүрлі өндірістік мәселелерді шешуге қабілетті, толерантты, өмірдің алуандығына эмпатиялықпен қарайтын қызметкерге мүдделі болуда. Білім беру саласында мемлекеттік саясат жоғары буынды оқытуды бейіндеуге, жоғары сынып оқушыларының жалпы орта білім алу нысанын таңдау мақсатында мамандандыру бойынша арнайы ұйымдастыру және әдістемелік жағдайлар жасауға, жоғары мектеп жүйесінде әрі қарай оқытуға дайындауға, өзін кәсіби анықтауға бағытталған.

Ауылдық мектептердің білім беру ахуалының талдауы олардың көбінесе шағын жинақты екенін көрсетті. Қалыптасқандай, әр оқу жылы бойынша толық бір сынып жинақталған. Бірқатар елеулі әлеуметтік-экономикалық себептер бойынша тұлғалық – бағдарланған тәсіл негізінде құнды тиімді оқытуға олардың жағдай жасауға мүмкіншілігі жетпейді. Осындай мектептерде пәндерді тереңдете оқытуға және бейінді сыныптар ұйымдастыруға тіпті қиын. Оқушыларға қолжетімді білім беру қызметтерінің төмендеуі, педагог қызметкерлердің еңбек жағдайлары, нәтижелері мен қанағаттанбаушылығы орын алуда.

Негізгі ұғымдар:

- **бейіналды даярлық** – негізгі орта білім алушының жеке білім беру траекториясын таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау;
- **бейіндік мектеп** – жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламасын жүзеге асыратын оқу орны;
- **бейінді оқыту** – білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып білім беру үдерісін ұйымдастыру, оқытуды саралау және даралау;
- **білім алушыларды қорытынды аттестаттау** – тиісті білім беру деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;
- **білім беру қызметі** – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс;
- **интернаттық ұйымдар** – жатын орны беріле отырып, белгілі бір санаттағы тұлғалардың білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары;
- **кәсіптік бағдар** – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру;
- **қашықтан білім беру технологиясы** – білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;
- **қосымша білім беретін мектептен тыс ұйым** – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу-тәрбие ұйымы;
- **қосымша білім беру** – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі;
- **оқу бағдарламасы** – әрбір оқу пәні (сабақ) бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;
- **оқу жоспары** – білім берудің тиісті деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін құжат;
- **орта білім** – Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдікпен берілген білімі, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде азаматтардың алатын білімі;

- **шағын жинақты мектеп** – оқушылар саны шағын, біріктірілген жинақы сыныптармен және сабақтарды ұйымдастырудың арнайы түрінде қажетті әдіс-тәсілдерді пайдаланып сабақ өткізетін жалпы білім беретін мектеп;

- **Базалық мектеп** – орта білім беру ұйымы, оның базасында шағын жинақты мектеп оқушыларының сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың сессиялық оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу үшін жақын орналасқан шағын жинақты мектептердің білім ресурстары шоғырланған мектеп;

- **базалық мектеп** – ауылдық жерде білім алушылардың оқыту үдерісінің сапасы мен дамуын қамтамасыз ететін, шағын жинақты мектептерге, мектепке дейінгі мекемелерге, кәсіптік лицейлерге, сауықтыру – спорттық кешендерге, мәдени – сауық орталықтарына, ауыл шаруашылық зертханалар мен шеберханаларына кіретін кадрлық, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік ресурстарын біріктіретін бірыңғай мақсаттар мен міндеттерді құрайтын тұтас білім беру жүйесі;

- **орта білім беру ұйымы** – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымы;

- **мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары** негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде жасалады және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең меңгеруге, олардың шығармашылық әлеуеті мен дарындылығын дамытуға бағытталады;

- **арнайы оқу бағдарламалары** бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік оқытудың білім бағдарламалары негізінде әзірленеді және ерекше оқыту қажет ететін тұлғаларды (балаларды) оқыту мен дамытуға бағытталған, онда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің ұсыныстарын есепке ала отырып анықталған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктері

Филиал шағын жинақты мектептерде оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын жүзеге асыру, қалалық және ауылдық мектептердің білім алушыларының білім сапасындағы алшақтықты қысқарту және ауыл мектептеріндегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда көптеген қиындықтар бар. Осы арада ауыл жастарының болашақтарын болжау, мамандықтарын таңдау процесіндегі жоғары сыныптардағы бейіналды және бейінді оқыту мәселелері өзекті болып отыр. Бұл мәселелерді «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы бұйрығының негізінде Қарағанды облысында тәжірибеден өтіп, Республиканың барлық өңірлерге енгізілген тірек мектебі (РО) жобасы арқылы шешуге болады. Үйлестіру кеңесі туралы Ереже білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының эксперттік кеңесімен бекітілген «Қарағанды облысы Базалық мектептерінің (РО) жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық» негізінде әзірленді (2016 жылғы 31 қазандағы № 5 хаттама).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қазіргі кездегі заман талабына сай жасалған нормативтік құжаттарына сәйкес тірек мектебі (РО) жобасын ұйымдастыруға өзгерістер енгізу қажеттігі туындап отыр.

2.3.1 Ауылдық жерлерде сапалы қолжетімді білім берудегі негізгі мәселелер:

2.3.1.1 Педагог кадрлардың жетіспеушілігі және жоғарғы сыныптарда оқушыларға кәсіптік бағдар беруде магистрлік деңгейдегі мұғалімдердің қажеттілігі.

2.3.1.2 Шағын жинақты мектептердің материалдық-техникалық базасының өз деңгейінде болмауы (фундаменталды білім беретін кабинеттердің болмауы, дамыта оқыту зертханалары мен шеберханаларының болмауы, қосымша білім беруге қажетті студиялардың болмауы).

2.3.1.3 Шағын жинақты мектептерге арналған оқу – әдістемелік кешендердің жетіспеушілігі (дамыта оқыту, қосымша білім беру, дамыту бағдарламаларының аздығы).

2.3.1.4 Шағын жинақты мектептер мен базалық мектеп арасындағы толыққанды байланыстың болмауы.

2.3.1.5 Қашықтан оқытуда интернет желісінің әлсіздігі.

2.3.1.6 Тұлғалық – бағдарланған тәсіл негізінде тиімді білім беру үшін жағдайдың жоқтығы.

Осы проблемаларды шешуде тірек мектеп тұжырымдамасына күрделі өзгерістер енгізуді қажет

Атап айтқанда:

2.3.1.7 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептер жобасын әзірлеу.

2.3.1.8 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептері арасындағы оқу процесін ұйымдастыруда бірыңғай оқу жоспарын құру маңызды.

2.3.1.9 Осы жұмыстарды ұйымдастыру үшін жаңа басқару жүйесі – Үйлестіру кеңесінің жұмысын жандандыру қажет.

2.3.2.1 Базалық мектептің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелері жалпы білім беретін мекемелердің осы түрлерінің ерекшеліктеріне, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына негізделеді және төмендегі жағдайларға байланысты болады:

1) мұғалімнің бір уақытта, бір кабинетте оқу сабақтарын екі (үш, төрт) сыныптың оқушыларымен өткізу қажеттілігі;

2) мұғалімнің негізгі және орта мектепте әртүрлі пәндерді оқыту қажеттілігі;
3) ерекше психоэмоционалдық жағдайлардың пайда болуы (бірсарындылық, психикалық жалығу), мұғалімде де, оқушыларда да байқалады, сынып – жинақтар жағдайында жұмыс істеуге, сыныптардың аз және ең аз топтасуына байланысты;

4) оқыту тәжірибесімен алмасу және педагогикалық ұжым санының аздығына байланысты педагогикалық кадрлардың кәсіптік деңгейін арттыру үшін мектепшілік пәндік әдістемелік бірлестіктерді құру мүмкін еместігі;

5) қазіргі кезде қолданыстағы тірек мектеп және шағын жинақты магниттік мектеп мұғалімдерінің арасында оқыту тәжірибесімен жүйелі алмасу мүмкіндіктерінің жоқтығы;

6) оқушылар және сынып санын түрлендіру сабақ кестесін құру мен жоспарлау технологиясына, сыныптарды жинақтауға әсер етеді.

2.3.2.2 Шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне байланысты мәселелері:

1) оқушыларға арналған заманауи оқу және қосымша әдебиеттің тапшылығы;

2) мұғалімнің өздігінен білім алу үшін әдістемелік әдебиет пен материалдардың жетіспеушілігі;

3) көрнекі құралдардың тапшылығы;

4) мектептің типтік ғимаратының жоқтығы;

5) мектептің, үй-жайлардың ағымдағы және күрделі жөндеуін ұйымдастыру қиындығы;

6) арнайы жабдықталған оқу кабинеттер, шеберханалар, зертханалар, аудиовизуалды оқу құралдары, компьютерлердің, кітапханалық қордың жеткілікті санының жоқтығымен;

7) шағын жинақты мектеп мұғалімдері үшін әлеуметтік – тұрмыстық жағдайлардың жоқтығымен сипатталады.

2.3.2.3 Ақпараттық білім беру ортасының білім ресурстарын қолдану мәселелері ауылдық мектептердегі елеулі сандық ашықтыққа негізделеді:

1) ақпарат алуда тең мүмкіндіктердің болмауы, желілік қатынас жасау дағдыларының, тәжірибесінің жеткіліксіз болуы, үй ресурстарын пайдалану есебінен оқу үдерісіне қолдау көрсететін электрондық оқытуды ұйымдастыру қиындықтары;

2) оқушылардың оқу мотивациясының төмендігі, тәртіп мәселелері, мұғалімдер мен оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастырудың мүмкін еместігі, оқушылармен жеке тілтабысуды қамтамасыз ету келешегінің жоқтығы;

3) ашық пікірталастар үшін ақпаратпен еркін алмасудың және кеңістіктің жоқтығы, мұғалімдер арасында кәсіптік кооперацияның жоқтығы, біліктілікті арттыруға ұжымдық сұраныстың қалыптаспағандығы, мұғалімдердің кәсіби өсу келешегінің нашарлауы;

4) мектепті тиімсіз басқару, жеткіліксіз кері байланыс, оқушылардың және мұғалімдердің мектеп басқаруға араласпауы, жанжал және басқару

дағдарыстарының жоғары ықтималдығы, мектепте кез келген түрлендіру келешегінің нашарлауы;

5) тұлғалық – бағдарланған тәсіл негізінде тиімді білім беру үшін жағдайдың жоқтығы.

Осындай мектептерде бейінді оқыту және бейіналды даярлықты ұйымдастыру қиындығы бар.

Нәтижесінде ауылдық жерлерде талап етілген, кәсіпті меңгерген, болашақ мамандыққа бейімделген жастардың бірқатар құрамы жоғалады.

Қазіргі таңда әлеуметтік және мемлекеттік тапсырыстар негізінде түрлі деңгейлік, көпбейінді оқыту мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін жаңа білім кеңістігін құру қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр.

Жоғарыда аталған мәселелердің шешімдерінің бірі Ресурстық орталық базалық мектепті ұйымдастыру және онда оқу-білім беру пәндерін біріктірудің бірыңғай жүйесімен тұтас білім кеңістігін құру арқылы тірек мектептің материалдық – техникалық, кадрлық, ақпараттық және оқу – әдістемелік ресурстарын пайдалана отырып, шартты түрде магниттік мектептер деп аталатын шағын жинақты мектептердің оқушылары мен педагогтерін дамытуға мүмкіндік пайда болады.

2.3.2.4 Бұл міндеттерді шешу үшін ресурстық орталық тұжырымдамасына елеулі өзгерістер енгізу қажет

Атап айтқанда:

2.3.2.4.1 Базалық мектеппен мен филиал шағын жинақты мектептер арасында білім беру процесін ұйымдастыру үшін бірыңғай үлгілік оқу жоспары мен бағдарламасын әзірлеу.

2.3.2.4.2 Басқарудың жаңа жүйесі жұмысын жандандыру – Үйлестіру кеңесін құру.

2.3.2.4.3 Білім беру пәндерін біріктірудің бірыңғай жүйесі бар интегралдық білім беру кеңістігі қалыптасатын, шартты түрде филиал шағын жинақты мектептері сынып оқушылары мен білім алушыларын дамыту үшін базалық мектептің материалдық – техникалық, кадрлық, ақпараттық және оқу-әдістемелік ресурстарын пайдалану және т.б.

2.4 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

1) Базалық мектепті басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, үлгілік қызмет қағидаларына және алқалылық қағидаттарында білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

2) Базалық мектептің басқару органы – Үйлестіру кеңесі болып саналады.

3) Үйлестіру кеңесінің құзыреті, Кеңес төрағасы, оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, Кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі Үйлестіру кеңесі туралы Ережеде айқындалады.

4) Үйлестіру кеңесі туралы ережені білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5) Базалық мектептің, оның құрамына кіретін филиал шағын жинақты мектептері үйлестіру кеңесі бюджеттен тыс және қайырымдылық көздерден басқа да қаржы ресурстарын тартуға құқылы.

2.4.1 Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері:

- 1) өңірлік мектептер желісінің деңгейлері мен қарым-қатынастар тетіктерін анықтау;
- 2) бірыңғай білім беру кеңістігінің жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу және қабылдау;
- 3) білім алушылар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес келетін білім беру бағдарламаларының мазмұнын және іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 4) базалық мектеп үшін даму стратегияларын әзірлеу және іске асыруды үйлестіру;
- 5) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында білім беру ұйымының қызметін жоспарлау, реттеу, үйлестіру.

2.4.2 Үйлестіру кеңесінің қызметі оқушылардың кәсіби сұраныстар мен бейімділігіне сәйкес келесі бағыттар: жаратылыстану – математикалық, қоғамдық – гуманитарлық бағыттар бойынша білім беру қызметін ұйымдастыру, нормативтік, ғылыми – әдістемелік, кадрлық, оқу – әдістемелік, материалдық – техникалық және қаржылық қамтамасыз етуге бағытталған.

2.4.3 Базалық мектептің қажетті функцияларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін Үйлестіру кеңесі алқалылық, ашықтық, БД ОӘО-мен, ғылым және мәдениет, кәсіптік білім беру, білім беру саласындағы жергілікті өкілді, атқарушы органдар және басқа да қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық қағидаттары негізінде әрекет етуге тиіс.

2.4.4 Базалық мектептің Үйлестіру кеңесінің негізгі функциялары Үйлестіру кеңесі өз қызметінде келесі функцияларды біріктіреді:

- 1) Базалық мектепті басқару жүйесі филиал шағын жинақты мектептер қажеттіліктерін еңбек нарығын, ақпараттық – талдау маркетингтік зерттеу негізінде қамтамасыз ету;
- 2) Педагогикалық процестің күтілетін нәтижелері ретіндегі мақсаттары білім беру жүйесін анықтау арқылы мотивациялық – мақсатты қолдау;
- 3) Мемлекеттің орнықты даму басымдықтарына сәйкес базалық мектептің даму стратегиялары мен тактикасы жоспарлы – болжамдар арқылы қамтамасыз ету;
- 4) Ұйымдастыру – түзеу іс-шаралары оқушылар мен жалпы қоғам талап еткен бейіндерді іске асыруға, мамандандырылған кадрларды іріктеуге және орналастыруға, олардың уақытылы біліктілігін арттыруға бағытталған;
- 5) Сараптамалық қызметті жүйелі іске асыруға бағытталған эксперименттік қызметтің ішкі аудитін жүргізу;
- 4) Ғылыми – оқу – әдістемелік қамтамасыз ету (ғылыми – әдістемелік әдебиеттер, оқулықтар), мемлекеттік қаражат есебінен қаражат тарта отырып,

оқу зертханаларын материалдық – техникалық жарақтандыру мәселелері қаралады.

2.4.5 Базалық мектеп Үйлестіру кеңесінің мазмұны мен қызметінің нысандары

Талдау, бағалау және болжам:

1) Білім беру қызметтері нарығының маркетингтік зерттеулерін ұйымдастыру, филиал шағын жинақты мектептердің қажеттіліктері, білім берудегі инновациялық үрдістерді және базалық мектепте болып жатқан өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету;

2) Білім беру қызметін бақылау нәтижелерін талдау және базалық мектептің одан әрі даму жолдарын болжау;

Ғылыми - оқу -әдістемелік жұмыс:

1) Мемлекеттік талаптарға сәйкес бейіналды дайындау және бейіндік оқу курстарының оқу бағдарламаларын сараптамадан өткізу;

2) Базалық мектеп даму бағытына сыртқы ортасындағы өзгерістерді, білім алушылар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктерін кешенді талдау негізінде уақытты түзету;

3) Анықталған кәсіби қиындықтар негізінде мұғалімдердің жүйелі біліктілігін арттыруды ұйымдастыру. Базалық мектеп қызметінің барлық мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету (консалтинг, проблемалық семинарлар өткізу және т.б.);

4) Ғылыми-әдістемелік жұмыс нәтижелері бойынша ғылыми – әдістемелік басылымдарды дайындау процесін үйлестіру (монографиялар, әдістемелік құралдар, мақалалар, осылар және т.б.).

2.4.6 Қаржылық, материалдық – техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

1) Базалық мектеп білім беру үрдісіндегі олардың рентабельділігін талдау және бағалау негізіндегі оқу – әдістемелік ресурстар; кадрларды, оқу-әдістемелік және материалдық – техникалық құралдарды нығайтуға жәрдемдесу;

2) Базалық мектептерді бейіналды даярлауды және бейінді оқыту институционалдық дамыту жоспарын және базалық мектептің материалдық – техникалық және оқу – әдістемелік ресурстарын нығайту жоспарларын әзірлеу;

3) Білім беру мекемелерін қаржыландыру үшін бизнес-жоспарларды білім беру органдарына ұсыну.

2.4.7 Қызметтің құрамы мен тәртібі:

1) Базалық мектеп Үйлестіру кеңесінің құрамына қолдау көрсету мақсатында базалық мектеп директоры және филиал шағын жинақты мектеп директорлары, аудандық білім беру бөлімі мен БД ОӘО-ның, әлеуметтік серіктестер, колледждер өкілдері кіреді. Үйлестіру кеңесін Төраға – Базалық мектеп директоры басқарады.

2) Үйлестіру кеңесінің төрағасы базалық мектептің директоры болып табылады.

3) Төраға нормативтік құқықтық актілер, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және басқа да нормативтік – құқықтық актілерге сәйкес басқарманың жұмысына басшылықты жүзеге асырады.

4) Құжаттамалық қамтамасыз етуді бақылау кеңестің хатшысы – ресурстық орталық базалық мектеп бойынша директордың орынбасары жүзеге асырады.

5) Кеңес мүшелерінің міндеттері бағдарлау кеңесінде кеңестің мақсатына, міндеттеріне және қызметіне сәйкес бөлінеді.

6) Өз өкілеттігі шегінде Төраға екі айдан кейін бір рет кездесу өткізуі тиіс, мәжілістер арасында кеңестің барлық мүшелеріне орындауға міндетті нұсқаулар береді.

7) Үйлестіру кеңесі тұрақты түрде жұмыс жоспарына сәйкес мәжіліс өткізіледі. Мәжілістерге енгізілетін мәселелер кеңестің функциялары, жұмыс жоспары, тәжірибенің қазіргі жай-күйімен және базалық мектептің даму перспективаларымен айқындалады. Қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданады.

8) Үйлестіру кеңесінің тиісті құжаттамасы келесідей болуы тиіс:

- Үйлестіру кеңесі туралы нормативтік – құқықтық актілер;
- кеңестің оқу жылына арналған жұмыс жоспары;
- Кеңес отырыстарының хаттамалары;
- ішкі аудит, оқыту сараптамасының материалдары – экспериментті әдіснамалық қамтамасыз ету, бейіналды дайындық пен бейінді оқу нәтижелері.

9) Жоспарлы отырыстар міндетті түрде екі айда бір рет өткізіледі. Шешімдер кеңес мүшелерінің 50%-дан астамының қатысуымен қабылданады. Отырыс төраға мен хатшы куәландырған хаттамалармен ресімделеді.

2.4.8 Үйлестіру кеңесінің құқықтары мен міндеттері

Үйлестіру кеңесі мүшелерінің құқықтары:

1) Ғылыми – практикалық және ғылыми – әдістемелік конференцияларға, семинарлар мен кеңестерге қатысады, Базалық мектеп даму бағдарламасына сәйкес жүргізілген эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін жариялайды;

2) Базалық мектептер құрамына кіретін филиал шағын жинақты мектептер жұмысы бойынша өз жұмыстарын орындау мақсатында қажетті ақпаратты алуға;

3) Ұсыныстар, арыздармен жүгінуге және олардың өтініштеріне жоғары тұрған органдарға жауаптар алуға;

4) Педагогикалық кеңестерге, әдіснамалық кеңестердің отырыстарына, БД ОӘО әдіснамалық бірлестіктерінің отырыстарына, бейіналды дайындық және бейінді оқыту мәселелері бойынша базалық мектеп мүшелерінің отырыстарына (олардың алдын ала келісімімен және мектеп директорының келісімімен) қатысады.

5) Бейіналды дайындық және бейінді оқытуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша базалық мектеп құрамына енгізілген білім беру ұйымының құжаттарымен танысуға;

6) БД ОӘО басқа алқалы басқару органдарының отырыстарына қатысу арқылы олардың оқу, ғылыми – әдістемелік, материалдық – техникалық қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға қатысу құқығын жүзеге асырады.

2.4.9 Үйлестіру кеңесі мүшелерінің міндеттері:

1) Отырыста бекітілген міндеттерді қатаң орындайды, жұмыс жоспарын толық көлемде орындау, төрағаның – базалық мектеп директорының тапсырмаларын орындау;

2) Базалық мектеп ұйымдастыратын іс-шараларға қатысу;

3) Кеңес мәжілістерінде олардың іс-әрекеттерін үйлестіру;

4) Кеңес отырыстарында ашық дауыс беру арқылы шешімдерді ұжымдық түрде қабылдау;

5) Кеңестің жұмысы туралы есеп дайындауға қатысу;

6) Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау;

7) Қабылданған шешімдер туралы БД ОӘО басшылығын жүйелі түрде хабардар етуге міндетті.

2.4.10 Үйлестіру кеңесінің құқықтары мен міндеттері

Үйлестіру кеңесінің құқықтары:

1) Кеңестің жұмыс уақытын, мәжілістер өткізу мерзімдерін белгілеу базалық мектеп педагогикалық қоғамдастығына есеп беру;

2) Басқарылатын объектінің жай-күйін нақты талдау негізінде өз іс-шараларын жоспарлау;

3) Базалық мектеп білім беру қызметіне ішкі аудитін жүргізу. Кейіннен базалық мектеп құрамына кіретін филиал мектептердің педагогикалық ұжымдарын хабардар ету;

4) Бейіналды дайындық және бейіндік оқыту педагогтердің біліктілігін көтеру бағдарламасын қалыптастыру кезінде олардың құқықтарын жүзеге асыру;

5) Базалық мектептің ғимаратын жиналыстар, ғылыми – әдістемелік консультациялар өткізу үшін пайдалану;

6) Базалық мектеп даму стратегиясы шеңберінде инновациялық жобаны іске асыруды талдау негізінде эксперименттік зерттеулер жүргізуге оқу – әдістемелік көмек көрсету;

7) Базалық мектеп құрамына кірмейтін білім беру ұйымдарымен әлеуметтік әріптестік туралы шарттар жасасу.

2.4.11 Үйлестіру кеңесінің жауапкершілігі:

1) кеңеске жүктелген міндеттерді, функциялар мен міндеттерді орындамау.

2) тәжірибелік зерттеулердің тиімділік деңгейі және оларды ресурспен қамтамасыз ету.

3) кеңес мүшелерінің құқықтарын бұзу.

2.4.12 Үйлестіру кеңесінің қызметін бақылау:

1) Базалық мектеп құрамына кіретін филиал басшылары мен қоғамдық кеңесі Үйлестіру кеңесінің қызметіне бақылау жүргізіледі;

2) Үйлестіру кеңесінің төрағасы жыл сайын өз қызметінде базалық мектептің қорытынды отырыстарында педагогикалық қоғамдастыққа есеп береді.

2.4.13 Үйлестіру кеңесін қайта ұйымдастыру:

1) Базалық мектеп Үйлестіру кеңесінің қызметін дереу тоқтату қайта ұйымдастыруды басқару және дамыту жөніндегі функциялар мен міндеттерді орындамаған жағдайда жүзеге асырылады;

2) Үйлестіру кеңесін қайта ұйымдастыру бойынша қызмет бағыттары бойынша қолданыстағы құжаттар білім беру ұйымдарының ресурстық орталығы басшылығының қамқорлығына уақтылы берілуі тиіс.

2.5 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі педагогикалық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы N 272 Бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары негізінде базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп жұмыс атқарады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.

Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептердің педагогикалық кеңесі – білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып саналады.

2.5.1 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагогикалық кеңесі:

1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;

2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;

3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;

4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық – педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету – дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;

5) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;

6) мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;

7) білім беру ұйымының үш тілде оқытуға ауысуы;

8) экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларға рұқсат беру, қорытынды аттестаттау жүргізу;

9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;

10) сабақ кестесін құрау;

11) білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;

12) білім алушының (тәрбиеленушінің) эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;

13) оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;

14) базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерге кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады.

2.5.2 Базалық мектеп Педагогикалық кеңесінің құрамы және оны сайлау тәртібі

Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер Педагогикалық кеңесінің құрамына базалық мектеп пен мектеп филиалдарының барлық педагогтері кіреді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің Педагогикалық кеңесі өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне төрағаны, хатшыны сайлайды.

Педагогикалық кеңестің құрамы бір оқу жылына базалық мектеп басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагогикалық кеңесінің отырысына педагогикалық кеңестің мүшелері шақырылады. Қарастырылатын мәселеге сәйкес қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім беру ұйымдарына қарасты медициналық пункт қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары қосымша шақырылады.

2.5.3 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің Педагогикалық кеңесі қызметінің тәртібі

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп Педагогикалық кеңесінің жұмысы бір оқу жылына әзірленетін және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп Педагогикалық кеңесінің отырысы жоспарлы (жылына кемінде 5 рет) және жоспардан тыс (туындаған проблемаларды талдауды, оларды еңсеру жолдарын пысықтауды, рұқсат берілетін жүктемені анықтауды, оқыту режимі мен нысанын өзгерту қажеттігін қарастыратын, педагогтердің немесе ата-аналардың сұраныстары бойынша ұйымдастырылады) болып бөлінеді. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп Педагогикалық кеңесінің барлық мүшелерінің 1/4 ұсынысы бойынша педагогикалық кеңестің жоспардан тыс отырысы өткізіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп Педагогикалық кеңесінің отырысын өткізуге дайындық отырыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жоспарланады. Білім алушылармен (тәрбиеленушілермен) тікелей жұмыс жүргізетін қызметкерлер отырыс өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні қалғанда хатшыға тиісті құжаттарды ұсынады. Педагогикалық кеңес отырысының уақыты, орны және тәртібі мектеп әкімшілігімен келісіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептер Педагогикалық кеңесінің шешімі дауыс берушілердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төраға дауысы шешуші болып саналады. Базалық мектеп пен мектеп филиалы Педагогикалық кеңесінің құзыреті шегінде қабылданған және заңнамаға қайшы келмейтін шешімдерді орындауға міндетті.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептер Педагогикалық кеңесінің отырысы бойынша хаттама жазылады. Хаттамаға кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп Педагогикалық кеңесінің отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарады. Кеңестің кезекті отырысында төраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы қорытынды шығарады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп Педагогикалық кеңесінің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, білім беру ұйымының мөрімен және білім беру ұйымы басшысының қолымен бекітілген болуы керек.

2.6 БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Базалық және филиал шағын жинақты мектеп директорының қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы № 57 Бұйрығы негізінде жүзеге асырылады [7].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен бұйрығы басшылыққа алынады [8].

2.6.1 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің бірінші басшыларын лауазымға тағайындау мен босату тәртібі

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің бірінші басшыларын лауазымға тағайындау бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), білім бөлімдері мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысының (бұдан әрі – бірінші басшы) бос немесе уақытша бос лауазымы пайда болған кезде бес жұмыс күні ішінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармаларына конкурс өткізу туралы өтініш жібереді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бірінші басшысының уақытша бос немесе бос лауазымының міндеттерін орындау конкурс аяқталғанға дейін осы білім беру ұйымы басшысының орынбасарына және (немесе) осы білім беру ұйымының педагогіне үш айдан аспайтын мерзімге жүктеледі.

Базалық мектеп пен шағын жинақты филиал мектептің бірінші басшының міндетін атқарушы лауазымды одан әрі атқарудан бас тартқан немесе қабілетсіз болған жағдайларды қоспағанда, бірінші басшының уақытша бос немесе бос лауазымының міндеттерін атқаруды бір реттен асырмай жүктеу туралы шешім қабылдайды.

2.6.2 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бірінші басшының лауазымына конкурс арқылы қабылданады

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бірінші басшының лауазымына тағайындауға арналған конкурсты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) жеке құрылымдық бөлімшесі және (немесе) ведомстволық бағыныстылығына қарай облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жариялайды.

2.6.3 Конкурс рәсімі бірқатар кезеңдерді қамтиды:

1) базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымы пайда болған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурсты жариялаған мемлекеттік органның ресми Интернет-ресурстарында, ресми әлеуметтік желі akkaунттарында жарияланады;

2) базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бірінші басшысының бос тұрған орынға конкурсқа қатысуға ниет білдірген үміткерлерден құжаттар қабылданады;

3) кандидаттар құжаттарының «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) (бұдан әрі – Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамалары) бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігі қарастырылады [9];

4) кандидаттың заңнаманы, басқарушылық құзыреттерді, педагогика және психология негіздерін білуге арналған біліктілік тестілеуі (бұдан әрі – тестілеу) болуы қажет;

5) Базалық мектеп пен шағын жинақты филиал мектептің бірінші басшысына үміткер кандидаттарды мемлекеттік білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесімен келісу (бұдан әрі – қамқоршылық кеңес).

Мектепке дейінгі, арнайы (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (бұдан әрі – ПМПК) білім беру ұйымдарының, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің (бұдан әрі – ППТК), оңалту орталығының (бұдан әрі – ОО), қосымша білім беру, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жанындағы білім беру ұйымдарының бірінші басшысы лауазымына орналасуға үміткер кандидатқа қатысты қамқоршылық кеңеспен келісу жүргізілмейді;

б) Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бірінші басшысына үміткер кандидаттармен әңгімелесуді конкурсты жариялаған мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы жүргізеді (бұдан әрі – әңгімелесу).

2.6.4 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі хабарландыру мәтіні мынадай ақпараттарды қамтиды:

- 1) ведомствосы мен бағынысында мемлекеттік білім беру ұйымы бар мемлекеттік органның атауы;
- 2) конкурс жарияланған лауазымның атауы;
- 3) орналасқан жері, қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген мемлекеттік білім беру ұйымының толық атауы;
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген бірінші басшы лауазымының кандидатына қойылатын біліктілік талаптары;
- 5) бірінші басшының лауазымдық міндеттері;
- 6) лауазымдық жалақының мөлшері;
- 7) конкурсты өткізу күні мен орны;
- 8) конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі және қабылдау орны;
- 9) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;
- 10) конкурстық комиссияның отырысына байқаушылардың қатысуына қатысты ақпарат;
- 11) ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары;
- 12) уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде бірінші басшының уақытша бос лауазымының мерзімі.

2.6.5 Конкурс жариялаған базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің бірінші басшысының бос тұрған лауазымына кандидаттарды іріктеу үшін базалық мектепте конкурстық комиссия құрылады

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бірінші басшыны тағайындау Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының конкурстық комиссиясының құрамы кемінде жеті адамнан, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланған төрағадан тұрады.

Конкурстық комиссияның құрамына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының, аудандық/қалалық білім бөлімдерінің өкілдері, педагогтің жоғары немесе бірінші біліктілік санаты және (немесе) педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санаты бар әдістемелік кабинеттердің педагогтері, білім беру саласындағы азаматтық қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) өкілі, бір тәуелсіз сарапшы енгізіледі.

Министрліктің конкурстық комиссиясының құрамы кемінде бес адамнан, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланған төрағадан тұрады.

Конкурстық комиссияның құрамына уәкілетті органның, ведомствоның құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволық бағынысты ұйымдарына жетекшілік ететін өкілдер, білім беру саласындағы азаматтық қоғамның өкілі, бір тәуелсіз сарапшы енгізіледі.

Базалық мектеп пен шағын жинақты филиал мектептегі бос тұрған орынға сайлауда тәуелсіз сарапшылар ретінде мемлекеттік органның, ведомствоның қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, мәслихаттардың депутаттары қатыса алады.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына жасы он сегізден кем емес байқаушылар шақырылады.

Байқаушылар әңгімелесу процесінде кандидаттарға сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурстық комиссияның жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, кандидаттардың жеке басы деректеріне қатысты мәліметтерді жариялауға, кандидаттар қатысатын конкурс рәсімдерінде олардың техникалық жазба құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

Байқаушы ретінде конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірмей қызметкерлерді басқару қызметін (кадр қызметін) хабардар етеді.

Хабарлама конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген телефон немесе электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

Конкурстық комиссияның хатшысы байқаушыларды әңгімелесу басталғанға дейін байқаушыға арналған жадынамамен таныстырады.

Байқаушылар конкурс жариялаған мемлекеттік органның басшылығына конкурстық комиссияның жұмысы туралы өз пікірін жазбаша нысанда бере алады.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның отырыстарын ұйымдастырады, оның мүшесі болып табылмайды.

Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Конкурстық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.

Комиссияның әрбір отырысы төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

Комиссияның отырысы, егер оған комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп, ал оның шешімі заңды деп есептеледі.

Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру жолымен жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып саналады.

Конкурстық комиссияның отырыстары аудио-бейне жазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейнежазбалар бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы білім беру ұйымдарында сақталады.

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамасымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігіне кандидаттардың құжаттарын қарауды конкурс жариялаған мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) құжаттарды қабылдау аяқталғаннан бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Соттылығы болған немесе бар, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраушы (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының 1) және 2) тармақшаларының негізінде қылмыстық қудалаушылығы тоқтатылған тұлғалардан басқа), бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыстар және/немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдауды болдырмау мақсатында: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян

келтіру, халықтың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы, білім басқармасы органының кадр қызметі кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде саласы сәйкес келетін уәкілетті органға сыбайлас жемқорлық қылмыс және құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы қосымша сұрау салу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолданады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына үміткер кандидаттардың құжаттарын Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігіне қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік органның, конкурс жариялаған уәкілетті орган ведомствосының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тестілеуден өту туралы анықтамасы бар кандидаттарды қоспағанда, кандидаттарды тестілеуден өту үшін жібереді.

2.6.6 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерге мемлекеттік қызметті көрсету

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің бірінші басшылығы лауазымына орналасуға үміткер жеке тұлға Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) «Электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш пен құжаттар жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап өтініш қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама не өтінімді одан әрі қарау туралы дәлелді бас тарту келіп түседі.

Мемлекеттік қызметті алуға құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші сәйкес нысан бойынша өтінішті және тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Қалыптастырылған өтініштерді (құжаттар топтамасымен бірге) Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Кандидат Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация

қызметкері сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызмет берушіге және (немесе) лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалады.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарға толық жауап беретін шешім не өзге де әкімшілік шара қабылдаса шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқаша қарастырылмаса, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа шағымдануға рұқсат етіледі [10].

2.6.7 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорларын тестілеуден өткізу

Базалық мектеп пен шағын жинақты филиал мектептердің кандидаттарын тестілеуден өткізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – ҰТО) конкурс жариялаған мемлекеттік орган өкілдерінің және өзге де тартылған тұлғалардың қатыссынсыз ұйымдастырады.

Кандидат тестілеуден өту үшін сәйкес нысаны бойынша ҰТО-ға өтініш жазады.

Кандидаттарды тестілеу рәсіміне мемлекеттік орган өкілдері, сондай-ақ тестілеуді өткізу процесіне қатысы жоқ үшінші тұлғалар тарапынан араласуға жол берілмейді.

Тестілеуді өткізу кезінде қоғамдық ұйымдардың, білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаментінің өкілдері қатарынан тәуелсіз байқаушы тартылады.

Тестілеу электрондық форматта жүргізіледі.

Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) сәйкес тестілеуге қатысатын адамдардың тізімін жасайды және тестілеу өткізу үшін ҰТО-ға жібереді.

Ашықтықты және құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында тестілеуді өткізу орны бейне-аудио тіркеу камераларымен жабдықталады.

Кандидат тестілеуді өткізу пунктінің ғимаратына кірген кезде жеке басын куәландыратын құжат және рұқсаттама негізінде оның жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі.

Тестілеу басталмас бұрын жауапты адам кандидаттарға тестілеу кезіндегі кандидаттарға арналған мінез-құлық ережелерін түсіндіреді.

Кандидаттар Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын білуге арналған тестілеуден, «Басқарушылық құзыреттер», педагогика және психология бағытты бойынша тестілеуден өтеді.

Тестілеу 100 сұрақтан тұрады:

заңнаманы білуі бойынша – 75 сұрақ;

«Басқарушылық құзыретіліктер» бағыты бойынша – 15 сұрақ;

педагогика және психология негіздері бойынша – 10 сұрақ.

Тестілеуден өту үшін шекті деңгей әрбір бағыт бойынша 70%-ды құрайды.

Тестілеуге 180 минут беріледі. Тестілеуге бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін бағдарламалық қамтамасыз ету автоматты түрде жабылады.

Тестілеу нәтижесі – сәйкес нысан бойынша тестілеуден өткені туралы сертификатты ҰТО конкурс жариялаған мемлекеттік органға және кандидаттың жеке кабинетіне жібереді.

Тестілеуден өткені туралы сертификат тестілеу тапсырған күннен бастап бір жыл бойы қолданылады.

Шекті деңгейді жинамаған кандидаттар конкурстық комиссияның шешімімен конкурстың келесі кезеңдеріне жіберілмейді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің басшысы лауазымына үміткер, бірақ шекті деңгейді жинамаған кандидаттар тестілеуді тапсырған күннен бастап бір ай өткен соң қайта тестілеуден өтуге құқылы.

Тестілеу қорытындысы бойынша екі жұмыс күні ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)

қамқоршылық кеңеске кандидаттардың тізімдерін, олардың түйіндемелерінің көшірмелерін жібереді.

Қамқоршылық кеңес құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кандидаттарды қамқоршылық кеңес отырысының өтетін күні, уақыты мен орны туралы хабардар етеді.

Қамқоршылық кеңес кандидаттарды хабардар еткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бос немесе уақытша бос лауазымға әрбір кандидаттың білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспарын тыңдайды және ұсынымдар шығарады. Қамқоршылық кеңестің барлық отырыстары аудио бейне жазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейне жазбалар білім беру ұйымында бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақталады.

Қамқоршылық кеңес қабылданған ұсынымдары тыңдау өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күні конкурстық комиссияға ұсынылады.

2.6.8 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына үміткермен әңгімелесуді өткізу тәртібі

Әңгімелесуден өту кезінде конкурстық комиссия мүшелері сәйкес тақырыптық бағыттар бойынша сұрақтарды тұжырымдайды. Әрбір кандидатқа сәйкес нысан бойынша «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы лауазымына кандидаттың бағалау парағы» толтырылады.

Әңгімелесу өткізу тәртібін комиссия дербес айқындайды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына конкурстан өтпеген кандидаттарды конкурс жариялаған мемлекеттік орган үш жұмыс күні ішінде конкурстың қорытындылары туралы жазбаша хабардар етеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына әңгімелесуге қатысқан және конкурс жеңімпазынан кейін жоғары нәтиже көрсеткен кандидатты конкурстық комиссия қабылданған сәттен бастап бір жылға кадр резервіне алу үшін ұсынады.

Кадр резервіне алынған кандидаттар бірінші басшының бос немесе уақытша бос лауазымдарын тағайындауға конкурс жарияланған кезде қамқоршылық кеңеспен келісу кезеңінен өтеді.

Мектепке дейінгі, арнайы білім беру ұйымдарының (ПМПК, ППТК, ОО), қосымша білім беру ұйымдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитеті жанындағы білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының бос немесе уақытша бос лауазымдарының конкурсына қатысу үшін кадр резервіне алынған кандидаттар Мемлекеттік білім беру ұйымының даму жоспарын ұсына отырып, әңгімелесу кезеңінен өтеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына конкурс қорытындылары бойынша Министрлік, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың (қалалардың) білім бөлімдері конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен еңбек шартын жасасады және тағайындау туралы бұйрық шығарады.

Конкурс қорытындысы бойынша бірінші басшы лауазымға бес жыл мерзімге тағайындалады.

Бес жылдық мерзім өткеннен кейін мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес реттеледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына кандидаттар үш жұмыс күні ішінде конкурс құжаттарымен және комиссия шешімімен танысуға тиіс.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына конкурстан өтпеген кандидаттардың құжаттары конкурсты жариялаған мемлекеттік органның персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) бір жыл бойы сақталады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына бірінші басшының бос лауазымына тиісті кандидат айқындалмаған жағдайда конкурстық комиссияның шешімімен конкурс өткізілмеді деп танылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің директорлығына конкурс нәтижелеріне конкурсқа қатысушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне немесе аумақтық бөлімшелеріне немесе сот тәртібімен конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен танысқан сәттен бастап үш ай ішінде шағым жасайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының кадр қызметі тоқсан сайын Министрлікке конкурстың нәтижелері туралы есеп жібереді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептер директорлығы лауазымынан босату Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші басшыны лауазымынан босату облыстық білім беруді басқару органымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

2.6.9 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату

Базалық мектеп педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босатуды Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу Республикалық мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын тиісінше республикалық мемлекеттік орта білім беру ұйымдары ұйымдастырады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы мемлекеттік білім беру ұйымы ұйымдастырады.

2.6.10 Филиал шағын жинақты мектептерді қоспағанда, барлық бос және (немесе) уақытша бос лауазымға мемлекеттік білім беру ұйымы конкурс өткізеді.

Конкурсқа Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес құжаттарды ұсынған педагогтер қатысады.

Конкурс аптасына 16 сағат және одан да көп сағат оқу жүктемесі бар педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына өткізіледі.

Базалық мектеп пен филиал мектептің педагогтері үшін бос лауазымдар болған жағдайда әрбір педагогке сағат саны педагогтің бір жарым ставкасынан аспауы тиіс.

2.6.11 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагогтері үшін конкурсты ұйымдастыру тәртібі келесідей кезеңдерді қамтиды:

1) тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беруді басқару органының Интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру;

3) конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;

4) кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;

5) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.

2.6.12 Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагогтері үшін конкурс өткізу туралы хабарландыру келесідей мәліметтерді қамтиды:

1) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген бос және (немесе) уақытша бос лауазымы (сағаты) бар білім беру ұйымының атауы;

2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос және (немесе) уақытша бос лауазымның атауы;

3) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;

5) қажетті құжаттар тізбесі;

6) уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі.

Конкурсты өткізу мерзімі және конкурстық комиссияның құрамы мемлекеттік білім беру ұйымының бұйрығымен айқындалады.

Конкурстық комиссия кемінде комиссияның бес мүшесінен, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланатын төрағадан тұратын алқалы орган болып табылады. Конкурстық комиссия құрамына білім беру ұйымы

әкімшілігінің өкілдері, тиісті деңгейдегі әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) немесе білім беру ұйымының, азаматтық қоғамның әдіскерлері, аудандық (қалалық) білім бөлімінің мамандары, педагогтер кіреді.

Конкурстық комиссияның құрамына олармен келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін енгізуге рұқсат етіледі.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастырады, оның мүшесі болып табылмайды.

Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Конкурстық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.

Конкурстық комиссияның құрамын өзгерту білім беру ұйымы басшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Конкурстық комиссияның отырыстары төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп, ал оның шешімі заңды деп есептеледі.

Конкурстық комиссияның отырыстары аудио-бейне жазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейне жазбалар білім беру ұйымдарында бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақталады.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

2.6.13 Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) Сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іспарағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог – модератордың, педагог – сарапшының, педагог – зерттеушінің, педагог – шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

10) Сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің басшысы орнына кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жібереді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтер анықталған жағдайда, педагог конкурстың кез келген кезеңінде шеттетіледі.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізеді.

Базалық мектеп педагогінің конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балл негізінде қабылдайды.

Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өтті деп есептеледі және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылады.

Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, нәтижесі бойынша қызметке тағайындауға кандидат айқындалады.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін баяндайды, комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

Конкурстық комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды.

Әңгімелесуге қатысқан, бірақ тағайындауға ұсынылмаған кандидаттарды конкурстық комиссия кадр резервіне қоюды ұсынады.

Кадр резервінде болу мерзімі кадр резервіне алынған күннен бастап бір жылды құрайды.

Кадр резервіне енгізілген кандидаттар конкурс жарияланған кезде конкурстық комиссиямен әңгімелесу кезеңінен өтеді.

Конкурстың нәтижелері мемлекеттік білім беру ұйымының Интернет-ресурсында, конкурстың соңғы отырысы өткізілген күні ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланады.

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін немесе комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен білім беру ұйымының басшысы еңбек шартын жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидат еңбек шартын жасасудан бас тартқан жағдайда, білім беру ұйымының басшысы конкурстық комиссия кадр резервіне ұсынған немесе қабылдауға ұсынылған педагогтен кейін ең жоғары балл жинаған кандидатпен еңбек шартын жасасады.

Егер конкурс нәтижесінде комиссия бос лауазымға орналасуға кандидаттарды анықтамаса, конкурс өткізілмеді деп танылады.

Кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен танысады.

Қос қызмет атқаратын педагогтерді конкурстық жұмысқа қабылдау бір пән бойынша 8 сағаттан аспайтын уақытқа рұқсат етіледі.

2.6.14 Филиал шағын жинақты мектепті қоспағанда, қос қызмет атқаратын педагогтің бос жүктемесі педагогтердің арасында бөлінбейді.

Оқу жылының басында бос лауазымға тиісті кандидат айқындалмаған жағдайда, оқу жылы ішінде бос сағаттар білім беру ұйымының педагогтері арасында бөлінеді және (немесе) уақытша педагог және (немесе) қос қызмет атқаратын педагог қабылданады.

Кандидаттар конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шағым береді.

Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссия шешіміне жоғары тұрған органның апелляциялық комиссиясына немесе сот тәртібімен шағым жасайды.

Базалық мектеп пен филиал мектеп педагогті лауазымынан босату Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 49-бабында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін босатуды білім беру ұйымы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімімен келісе отырып жүзеге асырады.

2.7 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ЭДВАЙЗЕРІ (ДИРЕКТОРДЫҢ ФИЛИАЛДАР ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ)

Базалық мектеп пен оның филиал шағын жинақты мектептерінің эдвайзері (орынбасарларының) қызметі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген

тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп басшысының (директордың) орта білім беру, бастауыш, негізгі орта, жалпы техникалық және кәсіптік білім беру) ақпараттандыру жөніндегі эдвайзердің (орынбасарының) лауазымдық міндеттері:

Білім беру ұйымдарын цифрландыру, ақпараттандыру, оны ресурстық қамтамасыз етуді ұйымдастырады, оқыту процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды енгізеді және пайдаланады, білім беру және басқару қызметінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша сыртқы ұйымдармен байланыс орнатады.

Жұмыстың тиісті бағытындағы кадрларды іріктеуді жүзеге асырады, оларды басшыға ұсынады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану мәселелері бойынша педагог кадрларды оқытуды ұйымдастырады;

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы әдістемелік, зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік және инновациялық жұмыс жүйесін ұйымдастырады және жоспарлайды.

Білім беру ұйымдарында цифрландыру процессін қамтамасыз етеді.

Оқу-материалдық базаны қамтамасыз ету, сақтау және жетілдіру, қызмет көрсету, жөндеу және оны есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Санитарлық-гигиеналық режим, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді, белгіленген есептік құжаттаманың уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және тағы басқа қызметкерлер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің эдвайзері (директордың филиалдар жөніндегі орынбасары) білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Цифрлық Қазақстан» білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, ақпараттық технологиялар бойынша қазіргі заманғы ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері; еңбек

қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп әдвайзерінің (директордың филиалдар жөніндегі орынбасарының) біліктілігіне қойылатын талаптары:

Тиісті бейіні бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлаудан өткенін және соңғы 3 жылдан кем емес үздіксіз педагогикалық жұмыс өтілін растайтын құжат, оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша: «педагог – сарапшы» немесе «педагог – зерттеуші» немесе «педагог – шебер» біліктілігінің болуы.

2.8 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ӘКІМШІЛІК, ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Мамандардың лауазымдық міндеттер мен білім талаптарына (бас есепші, есепші, экономист және тағы басқалар) лауазымдары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қызметтің барлық саласына арналған жалпы біліктілік сипаттамасының негізінде анықталады.

Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің әкімшілік, қаржы-шаруашылық жөніндегі орынбасары білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

2.9 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Базалық мектеп пен шағын жинақты филиал мектептердің орынбасарларының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) лауазымдық міндеттері:

оқу-тәрбие процесін, білім беру ұйымының қызметін ағымдағы

жоспарлауды ұйымдастырады.

Оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етудің жай-күйін талдайды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындау бойынша педагогтердің жұмысын, сондай-ақ қажетті құжаттарды әзірлеуді үйлестіреді.

Педагогтердің қысқа мерзімді жоспарын тексереді, басшылыққа бекітуге келіседі және ұсынады; білім беру процесінің сапасын және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде білімді игеру нәтижелерін бағалаудың объективтілігін бақылауды жүзеге асырады; ағымдағы және қорытынды аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру бойынша жұмысты жүзеге асырады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік қызмет жөніндегі орынбасары білім беру үдерісіне жаңа тәсілдерді, тиімді технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік қызметі жөніндегі орынбасары пәндер бойынша мектепшілік бақылауды ұйымдастырады және іске асырады, білімді тексереді, мектепшілік бақылаудың нәтижесі бойынша білім сапасын, бөлімді және тоқсанды суммативті бағалауды талдайды.

Пән бойынша білімді тақырыптық бақылаумен қамтамасыз етеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік қызмет жөніндегі орынбасары білім алушылардың оқу жүктемесін бақылауды жүзеге асырады, оқу сабақтарының, курстардың және жұмыс оқу жоспарының вариативті компонентінің сабақтарының кестесін жасайды.

Білім алушылар мен педагогтердің олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымының пәндік әдістемелік бірлестіктері мен эксперименттік жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық жұмысты және оны талдауды қамтамасыз етеді.

Педагогтердің тиімді тәжірибесін тарату бойынша шараларды жинақтайды және қабылдайды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік қызмет жөніндегі орынбасары педагогикалық кадрларды іріктеуге қатысады.

Тәлімгерлік, біліктілікті арттыру және біліктілік санатын беру (растау) бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Оқу зертханалары мен кабинеттерді қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдықтау, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтыру бойынша ұсыныс береді және жұмысты жалғастырады, баламалы оқулықтарды іске асырады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді алуға өтінімді ұйымдастырады, оның ішінде электрондық оқулықтар мен цифрлық ресурстар, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтыру.

Кітапхана қорын қажетті әдебиеттермен толықтыруға жыл сайын өтінімді енгізеді.

Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, аспаптардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Белгіленген есеп беру құжаттамасының сапалы және уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді.

Кері байланысты ұсына отырып педагогтердің сабағына қатысады және талдау жасайды.

Оқу процесін жетілдіру бойынша тренингтер, оқыту семинарларын, оқу әдістемелік сағаттар өткізеді.

Педагогикалық кеңестің тәртібі мен материалдарын әзірлейді.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік қызмет жөніндегі орынбасары білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және тағы басқа қызметкерлер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік қызмет жөніндегі орынбасары білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларын, үлгілік оқу жоспарларын, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-әдістемелік қызмет жөніндегі орынбасарының біліктілігіне қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлаудан өткенін және соңғы 3 жылдан кем емес үздіксіз педагогикалық жұмыс өтілін растайтын құжат; оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша «педагог – сарапшы» немесе «педагог – зерттеуші» немесе «педагог – шебер» санатының болуы.

2.10 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің орта білім беру ұйымы (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және техникалық-кәсіптік) басшысының (директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеті – оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады.

Аға тәлімгерлердің, ұзартылған күн топтары тәрбиешілерінің (бұдан әрі – ҰКТ), сынып жетекшілерінің, педагог-психологтердің, әлеуметтік педагогтер мен қосымша білім беру педагогтерінің қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады; тәрбие жұмысы, мәдени-тәрбие іс-шараларын дайындау және өткізу бойынша қажетті құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді; өткізілетін тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары педагогикалық кадрларды іріктеуге қатысады, педагогтердің біліктілігін және кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

Тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік – психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің қоғам және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамының өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбие іс-шараларын өткізу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады.

Білім алушылардың, педагогтердің конкурстарға, слеттерге, конференцияларға қатысуын қамтамасыз етеді.

Кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізеді, есеп беру құжаттамасының сапалы және уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді.

Базалық мектеп пен *филиал* шағын жинақты мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары «Құндылықтарға негізделген білім» – мектеп тұжырымдамасын әзірлейді. Мектеп ұжымының қатысуымен білім беруге бағалы әдіс енгізеді.

Ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумды ұйымдастырады және өткізеді. «Жас қыран», «Жас ұлан» балалар ұйымы жұмысын ұйымдастырады. «Қоғамға қызмет ету», «Туған елге тағзым», «Үлкенге ізет», «Ата-анаға құрмет» атты қоғамға пайдалы жұмыстарды ұйымдастырады.

Рухани-адамгершілік біліммен қамтамасыз етуде «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімін алмастырады.

Білім беру ұйымы түлектері қауымдастығы қызметін құру және қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіреді.

Мектеп мұражайының жұмысын ұйымдастырады.

Дебаттық қозғалысты дамытады. Туристік сапарлар мен саяхаттарды ұйымдастырады.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде көпбалалы отбасылардың қатысуымен өткізіледі.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және тағы басқа қызметкерлер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, «Рухани жаңғыру», «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламаларын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының біліктілігіне қойылатын талаптар:

- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлаудан өткенін растайтын құжат; соңғы 3 жылдан кем емес үздіксіз педагогикалық жұмыс өтілі; оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша «педагог – сарапшы» немесе «педагог – зерттеуші» немесе «педагог – шебер» санатының болуы.

2.11 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ БЕЙІНДІ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және техникалық-кәсіптік) басшысының (директорының) бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндеті – оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын әзірледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бейінді оқыту жөніндегі орынбасары бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларын әдістемелік-бағдарламалық қолдауды қамтамасыз етеді.

Жоғары (бейінді) сыныптарды жинақтау үшін объективті негіз ретінде негізгі мектепті бітірушінің қорытынды білім беру рейтингін жасайды.

Бейінді оқыту, әртүрлі деңгейлі бағдарламаларды енгізу бойынша білім беру ұйымдарының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін және біліктілігін арттыру мақсатында педагогикалық ұжымның қызметін алдыңғы қатарлы педагогикалық озық іс-тәжірибені тарату бойынша, оқушыларды диагностикалау жүйесін, бейінді оқыту шеңберінде оқушылар мен ата-аналарға кеңес беру мазмұнын әзірлеуде, педагогтердің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруға инновациялық технологияларды ұйымдастыру және сынау бойынша үйлестіреді.

Түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін, «мектеп – ЖОО», «мектеп – колледж – ЖОО», «колледж – ЖОО» үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқу жоспарлары бойынша оқытуды, ғылымды зерделеуге кәсіби қабілеттілікті ашуды, әрі қарай білім алу бейінін таңдау мақсатында пәндерді терең меңгеру үшін түрлі циклдерді өзіндік таңдауды қамтамасыз етеді.

Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген болуы керек.

Есептік құжаттамалардың белгіленген тәртіпте сапалы және уақытылы жасалуын, оның дұрыстығын және берілуін қамтамасыз етеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бейінді оқыту жөніндегі орынбасары білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, «Рухани жаңғыру», «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламаларын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің бейінді оқыту жөніндегі орынбасарының біліктілігіне қойылатын талаптар:

- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлаудан өткенін растайтын құжат; соңғы 5 жылдан кем емес үздіксіз педагогикалық жұмыс

өтілі; оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша «педагог – сарапшы» немесе «педагог – зерттеуші» немесе «педагог – шебер» біліктілік санатының болуы.

2.12 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕГІ «МОБИЛЬДІ МҰҒАЛІМНІҢ» ҚЫЗМЕТІ


Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің мобильді мұғалімі мектептер арасындағы білім беру процесін ұйымдастырады және үйлестіреді.

Базалық мектептегі «Мобильді мұғалімінің» мақсаты – білім сапасын арттыру және филиал шағын жинақты мектептерге қолдау көрсету.

Міндеттері:

- ✓ кадр мәселесін шешу;
- ✓ педагогикалық қызметті жүзеге асыру;
- ✓ ҚГБ және ЖМБ талап етілетін оқу пәндері бойынша филиал шағын жинақты мектеп базасында жүзеге асыру.

Базалық мектептің «Мобильді мұғалімінің» қызметі келесі суретте берілген (7-сур.).



7-сурет. Базалық мектептің «Мобильді мұғалімінің» қызметі

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі «Мобильді мұғалім» ұғымының анықтамасы

«Мобильді мұғалім» – бірнеше елдімекендердің шағын жинақты мектептерінде (бұдан әрі – ШЖМ) қашықтан сабақ өткізу сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагог.

Жалпы білім беретін мектептің педагогі Үлгілік оқу жоспарларының инварианттық компонентінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытындағы сұранысқа ие оқу пәндері бойынша шалғайдағы шағын жинақты мектептерде оқу сабақтарын жүргізу мүмкіндігіне ие.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі «Мобильді мұғалімі» жобасына қатысушыларды іріктеу мақсатында ауданның/қаланың білім бөлімдерінде Конкурстық комиссия құрылады.

Конкурстық комиссия:

1. «Мобильді мұғалімге» қатысу үшін педагогтерді іріктейді.
2. Қатысушылар – мобильді мұғалімнің негізгі қызмет мектебі, мобильді мұғалім және филиал шағын жинақты мектеп/ауыл мектебі арасында үшжақты шарт жасалады.
3. Негізгі қызмет мектебі мен «Мобильді мұғалімге» қатысатын филиал шағын жинақты мектептер арасындағы қашықтық анықталады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтеріне арналған жобаға қатысуға қойылатын талаптар:

1. Жоғары педагогикалық білімінің болуы.
2. Пән мұғалімі ретіндегі жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес болуы.
3. Біліктілік санаты: 1 (бірінші), сарапшы және одан жоғары.
4. Педагог денсаулығының жақсы болуы, ауыр созылмалы аурулардың болмауы.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің «Мобильді мұғаліміне» қатысушылардың орындайтын қызметтері:

1. Білім басқармасы базасында білім бөлімдерінен де, «Мобильді мұғалімге» қатысқысы келетін пән мұғалімдерінен де өтінімдерді қабылдау және тіркеу үшін ақпараттық портал құру.
2. Облыстың әрбір аудандық білім бөлімінде ақпараттық орталықтар құру.

Аудандық білім бөлімі Ақпараттық орталығының функциялары:

1. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің пән мұғалімдеріне деген қажеттілік:

1. «Мобильді мұғалімге» қатысуға педагогтерден өтінімдер қабылдау.
2. Жобаға қатысқысы келетін пән мұғалімдерінің мәліметтер базасын қалыптастыру.

«Мобильді мұғалімнің» негізгі қызмет атқаратын мектебінің функциялары:

1. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердегі мұғалімнің жұмыс кестесін ескере отырып, икемді сабақ кестесін құру.
2. Оның қызметін ақпараттық-әдістемелік қолдауды және бақылауды жүзеге асыру.

Филиал шағын жинақты мектептердің қызметі:

1. «Мобильді мұғалімге» ұсынылатын инвариантты компоненттің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша бос жүктемені анықтау.
2. «Мобильді мұғалімнің» жұмыс кестесін ескере отырып, бос жүктеме бойынша икемді кесте құру.
3. Сабақтарды кедергісіз өткізуге жағдай жасау, «Мобильді мұғалімді» қажетті оқу-әдістемелік және басқа ресурстармен қамтамасыз ету.
4. Оқушыларды «Мобильді мұғалімнің» оқыту сапасына бақылау және мониторинг жүргізу.
5. Қажет болған жағдайда (қашықтан оқыту форматына көшу) филиалдың білім алушыларын компьютерлермен қамтамасыз ету.

Базалық мектеп мобильді мұғалімінің функциялары:

1. Базалық мектеп пен филиал мектептің ақпараттық орталығымен бірлесіп сабақтарды ұйымдастыру.
2. Филиалдағы педагогтермен сабақ кестесін келісу.
3. Базалық мектеп және филиал шағын жинақты мектептерде бекітілген және ауданның білім бөлімімен келісілген оқу жұмыс жоспарларына сәйкес филиал шағын жинақты мектептер желісі мен негізгі орны бойынша оқу процесін жүзеге асыру.
4. Білім алушылардың оқу пәні бойынша үлгерімінің сапасын қамтамасыз ету.
5. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және оқу пәні *бойынша жеке жұмыстар жүргізу (үлгерімі төмен, дарынды балалармен жұмыс, олимпиада мектебіндегі жұмыс және т.б.)*.

2.13 Базалық мектептегі кафедралар, психолог, әлеуметтік педагогтің қызметі

Кафедралар. Базалық мектептердегі пән бірлестіктерін кафедралар ретінде қарастыру ұсынылады. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің ортақ әдістемелік кафедралары болып, олар өзара байланыста оқу-тәрбие жоспарларын құруы керек. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі білім сапасына мониторинг жүргізеді, білімдегі алшақтықты қысқарту, олқылықтардың орнын толықтыру бағытында жұмыстар жүргізеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагог-психологінің лауазымдық міндеттері: оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын сақтауға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басын дамытуға кедергі келтіретін факторларды анықтайды және әртүрлі психологиялық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, оңалту және консультативтік).

Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға нақты психологиялық мәселелерді шешуде көмек көрсетеді.

Әртүрлі бейіндегі және арнайы психологиялық диагностика жүргізеді.

Оқытушылар ұжымын, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғалардың білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелерінде бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды. Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагог-психологінің инклюзивті білім беру қағидасын дамытады

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында киберкультура мен кибергигиенаны дамытады.

Оқушылардың жеке және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда бағдарлауға және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде дайындығын дамытуға ықпал етеді.

Дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі.

Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дамуының бұзылуына диагностика жасайды, оларға психологиялық-педагогикалық түзету жүргізеді.

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарының психологиялық мәдениетін қалыптастырады.

Білім беру ұйымының қызметкерлеріне білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, оқушылардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша кеңес береді.

Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің, ата-аналар жиналыстарының, педагогикалық консилиум, сауықтыру, тәрбие және басқа да іс-шаралардың жұмысына қатысады.

Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.

Буллинг, суицидтің алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Білім беру процесі кезінде оқушылардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

Білім беру ұйымдарында барлық білім беру процесіне субъектілердің оның ішінде көпбалалы отбасылардың балаларының қатысуымен «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын енгізеді.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагог-психологі білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беру, жеке тұлға психологиясы, дифференциалды балалар мен жас ерекшелік әлеуметтік, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, патопсихологиясы, психосоматикасы, дефектология, психотерапия, сексология, психогигиена, кәсіптік бағдар беру, кәсіптік білім беру және еңбек психологиясы, психодиагностика, психологиялық консультация беру және психопрофилактика, белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістері, жеке және топтық консультацияның заманауи әдістері, баланың дамуын диагностикалау және түзету, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагог-психологінің біліктілігіне қойылатын талаптары:

«Психология» мамандығы бойынша жоғары білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды және (немесе) орташа біліктілік деңгейі болған кезде педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші және педагог-шебер кемінде 5 жыл.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагог-психологінің кәсіби құзыреттілігін анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) «педагог» (санаты жоқ): педагог-психологке қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуы; қазіргі заманғы психологиялық әдістерді білуі; мектеп жасына дейінгі балалармен диагностикалық, түзету жұмыстарын жүзеге асыруы, балалардың эмоциялық саулығын, тиімді дамуын қамтамасыз етуі; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлауы және ұйымдастыруы; педагогикалық ұжым мен ата-аналарға психологиялық ағартуды жүзеге асыруы тиіс.

2) «педагог – модератор» «педагог» (санаты жоқ) санатының жалпы

талаптарына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар: жеке-психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, балалармен жұмысты жүзеге асыру; балалармен, педагогтермен, ата-аналармен проблемалық (стандартты емес) жағдайларда жұмысты ұйымдастыру; ересектердің балалармен өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету және реттеу; әлеуметтік бейімделудің белсенді әдістерін қолдану; ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету.

3) *«педагог – сарапшы»*. «Педагог-модератор» санатына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар: әртүрлі бейінде және бағытта психологиялық диагностика жүргізу, балалармен жеке жұмысты жүзеге асыру; шығармашылық топқа басшылық ету, психологиялық – педагогикалық қызметтің өзекті мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға қатысу; мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық қолдау бойынша ұсынымдар әзірлеу; білім беру ұйымдары деңгейінде өзі және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтау және тәлімгерлікті жүзеге асыру, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау.

4) *«педагог – зерттеуші»*. «Педагог – сарапшы» санатына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар: психологиялық тексеру мен диагностика деректерін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс бойынша психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды дербес әзірлеу, психологиялық қорытынды жасауы және түзету жұмыстарын жүргізу; әдістемелік құралдар, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу; психологиялық – педагогикалық жұмысты ұйымдастыру бойынша инновациялық тәжірибені енгізу; мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру бойынша педагогтарға көмек көрсету; психологиялық - педагогикалық қоғамдастықта аудан, қала деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын конструктивті анықтау, Облыс/республикалық маңызы бар және астаналық қалалары деңгейінде тәжірибені жинақтау.

5) *«педагог – шебер»*. Педагог – зерттеуші біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келу, сонымен қатар: облыстық, республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған, авторлық бағдарламасы немесе оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға авторлық (бірлескен автор) құқығы бар, ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуі; тәлімгерлікті жүзеге асыруы және облыс/ республикалық маңызы бар және астаналық қалалары деңгейінде кәсіби қауымдастық желісін дамытуды жоспарлау, халықаралық және республикалық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болып табылуы немесе халықаралық немесе республикалық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындау.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің әлеуметтік педагогінің лауазымдық міндеттері: жеке тұлғаның психологиялық – медициналық – педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделейді, мүдделер мен қажеттілікті, мәселелерді, даулы жағдайларды, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды және оларға уақытылы әлеуметтік көмек пен қолдау

көрсетеді.

Әлеуметтік – педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, балалардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, балалар және ұйым, отбасы, орта, түрлі әлеуметтік қызметтер, ведомстволар мен әкімшілік органдар мамандары арасында делдал болады.

Білім беру ұйымдарында және жеке тұлғаның қоғам өміріне бейімделуін қамтамасыз ететін тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, девиантты мінез-құлықпен оқитын бала кезінен мүгедектерді патронат, тұрғын үймен, жәрдемақылармен, зейнетақылармен, мүліктік және мүліктік емес құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ақыл-ой және дене қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасайды.

Әлеуметтік ортада адамгершілік қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Бала мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Мұғалімдермен, ата-аналармен және білім алушылардың өзге де заңды өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің әлеуметтік педагогі білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді; әлеуметтік саясат негіздерін; жалпы және әлеуметтік педагогиканы; педагогика мен психологияны, Валеология негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық және диагностикалық әдістемелерді; әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен

нормаларды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің әлеуметтік педагогінің біліктілігіне қойылатын талаптар:

- жоғары педагогикалық білімі; әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог – сарапшы үшін-кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші және педагог – шебер үшін-кемінде 5 жыл әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі болуға тиіс.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің әлеуметтік педагогінің кәсіби құзыреттілігін анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптары:

1) ***«педагог – модератор».*** Санаты жоқ педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: озық тәжіребені оқып үйрену, озық тәжіребен тәжірибеде енгізу; оқу-тәрбие жұмысына талдау жасау, білім беру ұйымының әдістемелік топтарының жұмыстарына қатысуы тиіс.

2) ***«педагог – сарапшы».*** Педагог – модераторға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: тәрбие жұмысын талдау әдістерін меңгеру; шығармашылық семинарларды басқара білуі, озық тәжірибиелерді енгізуі тиіс.

3) ***«педагог – зерттеуші».*** Педагог – сарапшы педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ғылыми-әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды білуі; әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалардың, педагогикалық технологияларды құрастыра білуі және олардың жұмысы бойынша апробация жүргізуі, әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелермен айналысатын шығармашылық топтың жұмысын басқаруы тиіс.

4) ***«педагог – шебер».*** Педагог – зерттеушіге қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ғылыми-әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды білуі; әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалардың, педагогикалық технологиялардың құрастыра білуі және олардың жұмысы бойынша апробация жүргізуі, әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелермен айналысатын шығармашылық топтың жұмысын басқаруы тиіс.

2.14 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІ

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің пән мұғалімдерінің лауазымдық міндеттері:

оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес және «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасының негізінде оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді, білім алушының жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді түрлерін, әдістері мен құралдарын қолданады.

Қысқа мерзімді жоспарларды, бөлімдер мен тоқсанның суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды жасайды.

Электронды журналдарды толтырады.

Жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген оқушылар мен деңгейден төмен емес тәрбиеленушілердің пәндік нәтижелерін, отбасылық-қызметтік, тұлғалық жетістіктерін қамтамасыз етеді.

Оқу бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады.

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерттейді.

Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын орындайды.

Білім беру процесі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Білім алушылар, тәрбиеленушілер, арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің пән мұғалімдері білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарын, білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психологияны, пәнді оқыту

әдістемесін, тәрбие жұмысын, оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін, оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптарды, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің пән мұғалімдерінің біліктілігіне қойылатын талаптар:

- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі болуы тиіс және (немесе) бар болған жағдайда біліктілігі жоғары деңгейдегі педагогикалық жұмыс өтілі үшін педагог – шебер – 5 жыл.

Педагог – модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 4 жыл.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) ***«педагог» (санаты жоқ):*** оқу пәнінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұнын біледі; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асырады.

2) ***«педагог – модератор»:*** «педагог» санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар: оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдаланады, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтайды, білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылар болады;

3) ***«педагог – сарапшы»:*** «педагог – модератор» санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар: ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау дағдыларын меңгерген, конструктивті және тәлімгерлікті іске асырады, білім беру ұйымдары деңгейінде жекелей немесе ұжым болып кәсіби дамыту басымдықтарын анықтайды: қала/өңір деңгейінде тәжірибені жинақтайды, білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылар болады;


4) ***«педагог – зерттеуші»:*** «педагог – сарапшы» санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар: сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгерген, білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді, білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді, педагогикалық қоғамдастықта аудан, қала деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асырады және даму стратегиясын конструктивті анықтайды, облыс/республикалық маңызы бар және астаналық қалалары, Республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (республикалық

ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін); облыс/ республикалық маңызы бар және астаналық қалалары, республика деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін);

5) **«педагог – шебер»:** «педагог – зерттеуші» санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар: авторлық бағдарламалары бар болуы және республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған, авторлық бағдарламасы немесе оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең автор) бола алуы; ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді, жетекшілік етуді іске асырады және облыс деңгейінде кәсіби бірлестіктердің желісін дамытуды жоспарлайды, республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болып табылуы немесе облыстық білім беру органдарының уәкілмен бекітілген республикалық және халықаралық конкурстарға қатысушыларды даярлауы тиіс.

Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер бойынша өңірлерден алынған сауалнамалар:

1. Сіздің тірек мектебіңізге қанша магнитті мектеп бекітілген?



Бүгінгі күні республикамызда барлығы 2753 шағын жинақты мектеп жұмыс істейді. Оның 192-і тірек мектебі бар. Тірек мектептерін базалық мектеп ретінде қарастырып, оқу-тәрбие процесінде жүргізіліп жатқан жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі туындап отыр.

Тірек мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларынан мектептегі оқу процесінің барысы жайлы, кездескен проблемалар мен шешу жолдарын қарастыратын сауалнама дайындалды. Сауалнамаға 192 тірек мектептен 245 респондент қатысты.

Берілген сауалнаманың «Сіздің тірек мектебіңізге қанша магнитті мектеп бекітілген?» деген сұраққа респонденттердің 17,5%-ы 1-4 мектептен тіркелген, 41%-ы - 5-10 мектеп, 14,1%-ы 11-15 мектептер, 13,7%-ы 16 мен 20 мектеп

аралығында тіркелгенін және 13,7% қатысушылар – саны 20-дан артық мектептердің тіркелгенін көрсетті.

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, тірек мектептерге 10-ға дейін шағын жинақты магнитті мектептердің тіркелген.

Сондықтан базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептерді құру кезінде өңірлер жергілікті жердегі қашықтықты ескеріп, бір базалық мектепке 5-6 филиал шағын жинақты мектеп бекіткен дұрыс. Сонда ғана білімдегі олқылықтардың орны толықтырылып, білім сапасы арттыруға мүмкіндік туындайды.

2. Тірек мектебі мен магнитті мектептер арасында оқыту процесін ұйымдастыруда қандай қиындықтар туындап отыр?



Сауалнамаға қатысқан респонденттердің «Тірек мектебі мен магнитті мектептер арасында оқыту процесін ұйымдастыруда қандай қиындықтар туындап отыр?» деген сұраққа 20,4 % – Тірек мектебі мен магнитті мектептер арасында оқыту процесін ұйымдастыруда қиындықтар сессия кезінде туындайды деп көрсетеді.

Респонденттердің 37,9% – оқу процесіндегі қиындықтар кіріктірілген сыныптардағы сабақтарды өту кезінде болатындығын айтады.


Қатысушылардың 16,3% – сабақ өткізу кезінде ешқандай қиындықтардың болмайтындығы, барлық сабаққа қойылатын талаптар тиісті деңгейде атқарылатыны көрсетіледі.

Оқу ісі жөніндегі директор орынбасарларының 12,3% – тірек мектебі мен магнитті мектептер арасында оқыту процесін ұйымдастыруда қиындықтар БЖМ мен ТЖБ қою кезінде қиналатындықтарын және 13,1% қатысушылар – Тірек мектебі мен магнитті мектептер арасында оқыту процесін ұйымдастыруда қиындықтардың басты себептері педагог кадрлардың жетіспеушілігінде деп көрсетеді.

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, шағын жинақты мектептердегі оқу процесіндегі қиындықтары кіріктірілген сыныптардағы оқу процесіндегі

қиындық барын көрсетеді. Кіріктірілген сыныптарда сабақ өткізуде бір уақытта 2 немесе үш сыныпта болатын сабақ мазмұнын дайындау, білім алушылардың білімін бағалау, өткен сабақтармен байланыстыру, пәнаралық байланысты ескеру және т.б. көптеген сұрақтардың пайда болуына алып келеді.

Сондықтан сауалнамаға қатысушы респонденттердің берген жауаптарын ескере отырып, базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерді құру кезінде оқу процесіндегі туындаған қиындықтардың алдын алған жөн.



3. Оқу процесінде БЖБ мен ТЖБ-ны қою іс-әрекеті

Сауалнаманың «Оқу процесінде БЖБ мен ТЖБ-ны қою іс-әрекеті» сұрағына қатысушы респонденттердің 47,3% бөлім бойынша бағалау және тоқсан бойынша бағалауды қорыту кезінде барлығы түсінікті, қорытынды бағаларды өз уақытында қойылады деп көрсетеді.

Қатысушылардың 31,9%-ы БЖБ мен ТЖБ-ны түсінікті, бірақ түрлі себептермен дер кезінде қойылмайды деп жауап берді.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 16,3% бөлім, тоқсан бойынша жиынтық бағалауды әлі түсінбейтіні анықталды. Бұдан шағын жинақты мектептер мен тірек мектептерге БЖБ, ТЖБ қорытындылау бойынша әдістемелік жұмыстарды тереңірек түсіндіру керектігі айқындалады. Облыстық әдістемелік орталық әдіскерлерінің тарапынан арнайы семинарлар мен тренингтер ұйымдастырып, әдістемелік көмек көрсетуді күшейту ұсынылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерді құрып, оның жұмысын жүргізуде БЖМ мен ТЖМ-ны, яғни білім алушылардың білім сапасын бағалауда жаңаша бағалау жүйесін әзірлеген жөн.

4. Тірек мектептерінде интернатпен қамту мәселелері қаншалықты қарастырылған?



Диаграммадан көріп отырғанымыздай, респонденттердің 47%-ы тірек мектеп жанында интернат жоқ деп, күнделікті тасымалдау қарастырылған деген.

42% қатысушылар білім алушылардың жағдайы жасалған, тірек мектеп тарапынан жатақханамен қамтамасыз етілген. 10% қатысушылар жатақхана орынмен қамтамасыз ету қиындығын және оның жетіспеуін жазған.

Сондықтан да базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің білім алушыларын сессия кезінде тасымалдамай, жатақханада жатқызу мәселесінде «Қамқор отбасы» жобасын басшылыққа алған жөн.

5. Сессия кезінде тасымалдау мәселесінде туындайтын қиындықтар болады ма?



Сессия кезінде тасымалдау мәселесінде туындайтын қиындықтар туралы 68% сауалнамаға қатысушылар бұл мәселенің шешілгендігін айтса, 30,2% қатысушылар (13,8 % – ата-аналар тасымалдайды; 16,4% – бұл мәселе мүлде шешілмеген) бұл сұрақ үлкен проблема болып тұрғанын білдірген.

Сондықтан, базалық мектеп пен шағын жинақты мектептердегі білім алушыларды тасымалдау мәселесін жергілікті атқарушы орган мен облыстық, аудандық білім беру басқармалары өз құзыретіне алған дұрыс.

6. Білім алушыларды тасымалдау мәселесін шешу жолдарын ұсыныңыздар



Сауалнаманың алдыңғы сұрағын шешу бойынша сауалнамаға қатысушылардан оның мәселенің шешу жолдарын келесідей ұсынып отыр.

39% қатысушының бұл мәселені шешілуі мектептің құзыретінде екендігін көрсетсе, 39% респонденттер бұндай сұрақтарды шешу жергілікті атқарушы органдарының құрызында екен атайды.


16,4 % қатысушылар аудандық білім бөлімінің шешуіне қалдырып отыр.

3% қатысушылар білім алушыларды тасымалдау мәселесін шешу жолдарын кәсіпкерлердің көмегімен шешу керек деп ойласа, 2,8% қатысушылар – ата-аналардың септігіне сүйеніп отыр.

Сондықтан базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепте сессия кезінде білім алушыларды тасымалдау шешіледі деген ойдамыз.

7. Тірек мектебі мен магниттік мектептер арасында оқу-тәрбие процесі қалай жүзеге асырылуда?

Оқу-тәрбие жұмысы



- Жалпы ортақ жоспар арқылы / с помощью общего плана
- Ешқандай байланыс жоқ / нет никаких связей
- Сессия кезінде сабақтар магнитті мектептің өзінде өтеді / во время сессий уроки проходят в магнитных школах
- Тәрбие жұмысы жүргізілмейді / не проводится воспитательная работа
- Мамандардың жетіспеушілігі / нехватка специалистов

Жалпы сауалнамаға қатысқан 245 директор орынбасарларының 81%-ы тірек мектептері мен магнитті мектептердің оқу процесінің жүруі бірлесіп жасаған ортақ жоспар арқылы атқарылып жатқанын көрсетті. Қатысушылардың 9%-ы тірек мектебі мен магниттік мектептер арасында оқу-тәрбие процесінің тиісті дәрежеде болмай жатқанын педагог кадрлардың жетіспеушілігінен деп түсіндірсе, 7% қатысушылар сессия кезінде сабақтардың магнитті мектептің өзінде өтетіндігін көрсетіп отыр.

Қатысушылардың қалған үлесі магнитті мектеп пен тірек мектептердің арасында байланыс жоқ немесе тәрбие жұмыстарының жүргізілмейтіндігін атап көрсеткен.

Жоғарыда алынған сауалнама негізінде базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жолдарын анықтауға болады.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

3.1 АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАЛУЫ

Қазіргі таңда қалада – 11, ауылдық жерде – 25 апатты мектеп бар. Оның 2 еседен көбі күрделі жөндеуді қажет етеді.

Спортзалы жоқ ауыл мектептерінің саны қала мектебімен салыстырғанда – **5 есе артық**.

Бейнебақылау ауылдық жерде - **23%-ға төмен**. Сырттағы әжетханалар ауылдық мектептерде – 9 %-ды құрап отыр. **10,2%-ы** ыңғайластырылған және **25 %** ауыл мектебінде спортзал жоқ.

Жабдықталған кабинеттердің болмауы: физикадан – **33,7%**, химиядан – **39%**, биологиядан – **39,3%**, математикадан – **30%** кабинеттер арнайы талапқа сай жабдықталмаған. **15 %** ауыл мектебінде кітапхана қарастырылмаған. **85% ШЖМ-да** кітапхана қоры аз.

Берілген проблемалардың шешу бойынша ұсынымдар:

1. «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру негізінде **2025 жылға дейін 5000 мектепті жаңғырту** бойынша Жол картасын әзірлеу;

2. ҚР БҒМ «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы аясында **100-ден астам ауыл мектептерін пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету**;

3. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыруда: кітап қорын толықтыру, МТБ трансформациясы, «е-кітапхана», WiFi және т.б. қарастыру керек.

Ауыл мектептерінің жағдайы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына жауап бермейді. Яғни, ауыл мектептерінде экожүйе және эргономика жағдайы төмен.

Сондықтан, Ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына, жылы дәретханаларды іске қосу арқылы бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз ету ұсынылады.

Кадрмен қамтамасыз ету. Шағын жинақты мектептердегі педагогтердің сапалық құрамын **саралау нені көрсетеді?** ШЖМ-да педагогтердің **33 %-ы жастар** (еңбек өтілі 5 жылға дейін). Бүгінгі таңда ШЖМ-ларда педагог кадрлардың жетіспеушілігі орын алуда. Оның ішінде ауыл мектептеріне – **2902** мұғалім жетіспейді.

Барлық педагогикалық ЖОО-ларда қос мамандықтар бойынша даярлау жүзеге асырылмайтындығы белгілі. Жоғары оқу орындары түлектерінің

біріктірілген сыныптар жағдайында оқу ерекшеліктеріне даярлау қарастырылмаған.

Педагогтердің білім сапасына тоқталсақ, мәселен Түркістан облысы педагог кадрларын талдауы нәтижесінде **60-70%** педагог оқуын сырттай аяқтағаны белгілі болды. Яғни мұғалімдердің базалық білімі күмән тудырады. Бұл мәселе де зерттеуді қажет етеді.

Педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыруда мұғалім біліктілік арттыру курсынан өтуге кеткенде орнына сабақ өткізетін мұғалімнің болмауы да білім сапасына әсер етіп көптеген қиындық туғызары да анық.

Сонымен қатар көпшілік ШЖМ педагогтердің цифрлық сауаттылығы төмен екені белгілі.

ШЖМ-дағы 44 419 педагог кемінде 5 жылда бір рет біліктілік арттыру курсынан өтуі керек болса, оның саны жылына - 8884 педагогті құрайды.

Бүгінгі таңда ШЖМ педагогтеріне арналған біліктілік арттыру **курсының саны – 7** ШЖМ педагогтеріне арналған біліктілік арттыру курсының қажеттілігі де туындап отыр.

Мәселені шешу бойынша ұсынымдар:

- ✓ «**Жылдың үздік мұғалімі**» грантының иегерлері, мұғалімдер қатарынан «**Волонтер-мұғалім**» жобасын әзірлеу және жүзеге асыру;
 - ✓ Қосдипломды білім беру негізінде туыстас мамандықтар бойынша мұғалімдерді даярлау практикасын кеңейту;
 - ✓ «Цифрлық мұғалім» жобасын әзірлеу;
 - ✓ Студенттердің ШЖМ-да педагогикалық практикадан өтуін ұйымдастыру;
 - ✓ Мектепте 5 жыл жұмыс жасағаннан кейін ШЖМ педагогтерінің қазақстандық жоғары оқу орындарының магистратурасына түсуде квоталар беру мәселесін қарастыру;
 - ✓ Біліктілікті арттырудың көшпелі, онлайн, қашықтан оқыту курстарын ұйымдастыру;
- Цифрлық оқыту ресурстарын әзірлеу және т.б.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықтау және қашықтан оқыту бойынша

Ауылдық ШЖМ-лардың компьютерлік базасы **80%**-ға ескірген. 61%-ы лингафонды-мультимедиялық кабинеттермен қамтамасыз етілмеген. Кең жолақты Интернетке (8 Мб/с дейін)* қол жетімділік ауыл мектебінде – **37 %**.

ШЖМ жағдайында:

- ✓ оқытудың цифрлық технологияларын пайдалану үшін
- ✓ оқушыларды қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін
- ✓ педагогтердің біліктілігін онлайн арттыру үшін
- ✓ «Күнделік» электрондық журналын толтыру үшін **мүмкіндіктерінің шектеулігі қиындықтар туғызады.**

Аталған проблемалардың шешу бойынша ұсынымдар:

✓ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдық елді мекендерді Интернетке кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету

✓ ҚР БҒМ «Орта білім беруді жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде ауыл мектептерін компьютерлік паркпен қамтамасыз ету

Офлайн жағдайында цифрлық контентпен (электронды тасымалдағыштар) қамтамасыз ету және т.б.

ШЖМ-да ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ

Ағымдағы жағдай.

ШЖМ-ның бастауыш деңгейінде біріктірілген сыныбы бары – **51% (1539)**. Орта білім беру деңгейінде біріктірілген сыныптары бары – **49 % (1497)**

ШЖМ бойынша 2018-2020 жылдар аралығында Академияда **24** әдістемелік ұсынымдама әзірленді, оның 5-еуі біріктірілген сыныптар үшін жазылды.

Өзекті мәселелердің бірі – ШЖМ педагогтері үшін біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру.

Мәселені шешу жолдары бойынша ұсынымдар:

ШЖМ педагогтерінің кәсіби қажеттіліктерін анықтау және әдістемелік ұсыныстар әзірлеу;

Жоғары оқу орындары мен біліктілік арттыру курстарының бағдарламаларына «біріктірілген сыныптарда оқыту» модулін енгізу;

ШЖМ білім алушыларының оқу сессиялары: Базалық мектеп базасында тек жоғары сыныптарға арналған

Бұнда білім алушылар сапалы білімге қол жеткізе алмайды;

Білім беру процесі тиімділігінің төмендігі анықталды.

Берілген мәселелерді шешу бойынша ұсынымдар:

✓ Базалық мектептер мен «Қамқор отбасы» жобасын кеңейту;

✓ Базалық мектеп жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Үйлестіру кеңесін құру, ортақ оқу бағдарламасын әзірлеу және т.б.

✓ Базалық мектептердің ынтымақтастығы арқылы балаларды әлеуметтендіру;

✓ Қашықтан оқытуды дамыту, цифрлық контентпен қамтамасыз ету

2021 жылы біліктілік курсынан 52% педагог өткен. Алайда курстан кейінгі сүйемелдеудің болмауы – өзекті мәселелердің бірі.

ШЖМ педагогтерінің кәсіби құзыретінің төмендігі де зерттеуді қажет етеді.

Мәселені шешу бойынша ұсынымдар:

- ✓ ШЖМ педагогтерінің қауымдастығын құру;
- ✓ ШЖМ педагогтерін қолдау және кері байланысты ұйымдастыру мақсатында цифрлық платформалар құру;
- ✓ ШЖМ және ресурстық орталықтардың кіріктірілген оқу үдерісін кешенді зерттеу;
- ✓ ШЖМ педагогтеріне арнайы курстық даярлықты және курстан кейінгі жүйелі сүйемелдеуді ұйымдастыру

Бейіндік бағыт бойынша білім алушыларды топқа бөлудегі қиындықтардың болуы

Білім алушылар контингентінің аз болуына байланысты бейіндік оқытуды ұйымдастырудың күрделілігі

Шешу жолдары:

Базалық мектеп базасында бейіналды және бейіндік оқытуды ұйымдастыру қажет.

Сондықтан, ауыл мектептеріндегі білім сапасын кешенді зерттеу әдіснамасы мен әдістемесін әзірлеу қажет.

Ауылдық елдімекен мектептерінің білім беру сапасына әсер етуші факторлар:

1. Елдімекеннің экономикалық әлеуеті;
2. Отбасыларының экономикалық әлеуеті;
3. Отбасыларының әлеуметтік жағдайы;
4. Демографиялық (туу, өлім, миграция, неке, ажырасу) жағдайы;
5. Елдімекен мен мектептің инфрақұрылымы;
6. Мектептің кадрлық әлеуетін терең зерттеуді қажет етеді.

Ауыл мектептерінің халықаралық салыстырмалы зерттеулер жүргізу талаптарына сәйкестігін талдау

Халықаралық салыстырмалы зерттеулерді жүргізудің талаптары мен ауыл мектебінің мүмкіндіктерін зерттеу қажет. Өйткені халықаралық салыстырмалы зерттеулер электронды құрылғылар арқылы онлайн тәртібінде өткізіледі. ШЖМ МТБ-сының халықаралық салыстырмалы зерттеулерді жүргізуге мүмкіндігі төмен. Нәтиже алшақтығы да осыдан туындайды.

Халықаралық сараптамалық зерттеулердің нәтижесіне әсер етуші факторлар:

- ✓ Ауыл мектептерінің МТБ-сы;
- ✓ Мұғалімдердің біліктілігі;
- ✓ Оқу-әдістемелердің құралдар;
- ✓ Білім алушылардың мотивациясы;
- ✓ Оқу процесі

3.2 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп қызметінің тәртібі базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердегі білім алушылар, педагогтер, білім алушылардың заңды өкілдері білім беру процесінің субъектілеріне арналған.

Базалық және филиал шағын жинақты мектептегі қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды негізгі орта, жалпы орта білім беретін үлгілік оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар білім беру ұйымдары береді.

Филиал шағын жинақты мектеп педагогтері «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21443 болып тіркелген) жыл сайын медициналық тексеруден өтеді [11].

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі оқу процесін ұйымдастыру «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8424 тіркелген) сәйкес жүзеге асырады [12].

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің басшысы «Білім туралы» Заңның 44-бабының 3-тармағына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады. Білім беру ұйымдарында алқалық басқару органдары құрылады. Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарының алқалық басқару нысандары болып табылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мектептерде ақылы білім беру қызметі бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде және оның орнына көрсетіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің әкімшілігі педагогтер мен қызметкерлерге еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысын басшылыққа алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтерінің еңбекақысын есептеу «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» №191 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады [13].

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің педагогтерінің айлық лауазымдық айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер), арттырулар, қосымша ақылар мен үстемақылар мөлшерінің өзгеруі: оқу жылының 1-қыркүйегінен бастап, сондай-ақ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес біліктілік санатын беру (растау) кезіндегі аттестаттау қорытындысы бойынша тиісті қаржы жылының 1-қаңтарынан бастап; жұмыс өтілі ұлғайған күннен бастап; құрмет атағы берілген күннен бастап; білім (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары) алу кезінде немесе білім туралы құжат қалпына келтірілген кезде-тиісті құжат ұсынылған күннен бастап; философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру кезінде – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диплом беру туралы шешімі шыққан күннен бастап; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне және әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) педагогтеріне ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесін беру кезінде тиісті құжаттарды ұсынған күннен бастап; білім беру ұйымы педагогикалық кеңесінің оң шешімі негізінде тарифтеу жүргізілгеннен кейін шығарылған білім беру ұйымы басшысының бұйрығына сәйкес оқу жүктемесінің көлемі өзгерген күннен бастап; төлемдердің мөлшерін өзгертетін нормативтік құқықтық акт қабылданған жағдайда, онда көрсетілген күннен бастап жүргізіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерінде бір сағат үшін педагогтердің жалақысын есептеу ауруы немесе басқа да себептері бойынша қатарынан екі айдан аспайтын уақытша болмаған педагогтің міндеттерін орындау кезінде оқу сағаттары үшін жүргізіледі.

Сағаттық төлем оқу жүктемесінің нақты орындалған көлеміне пропорционалды түрде жүргізіледі. Бұл ретте оқу (оқытушылық) жұмысының бір сағаты үшін ақы төлеу мөлшері алмастыратын қызметкердің біліктілігін ескере отырып, алмастырылатын лауазым бойынша аптасына педагогикалық жұмыс сағаттарының белгіленген нормасы үшін көзделген жалақыны алмастырылатын лауазым бойынша жұмыс сағаттарының орташа айлық санына бөлу арқылы айқындалады

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп мектепшілік бақылауы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп басшысы (директоры):

✓ оқу жылы басталғанға дейін бір рет: тәрбие жұмысы жоспарын, мектептің дамыту бағдарламасын, оқу-тәрбие жұмыс жоспарын, мектепшілік бақылау жоспарын, жұмыс оқу жоспарын бекітеді (қағаз түрінде, word немесе pdf электрондық форматта);

✓ Тәлімгерлік жоспарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен бекітілген Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20486 болып тіркелген) сәйкес қосымша ақы алатын педагог толтырады [14].

✓ Ата-аналар жиналысының, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңестің хаттамалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жүргізу, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында) жүргізіледі.

✓ Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізуге сәйкес

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) (бұдан әрі – №125 бұйрығы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №248 бұйрығы негізінде білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі құжаттарды педагогтер қағаз немесе (білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда) электрондық форматында толтырады. Электрондық форматта толтыратын жағдайда қағаз нұсқа талап етілмейді.

Электрондық цифрлық қол электрондық жүйеге қосылған және құжаттар электрондық форматта жүргізілген жағдайда, мөр мен қолға теңестіріледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтері барлық оқу пәндерінің педагогтері күн сайын, сабақ кестесіне сәйкес:

✓ 1-4-сыныптарға арналған сынып журналын, 5-11-сыныптарға арналған сынып журналын, факультативтік сабақтар, үйде оқыту журналын, мектепалды сыныптардың журналын (қағаз немесе электрондық форматта);

✓ қысқа мерзімді (сабақ) жоспарды (қағаз, электрондық word немесе pdf форматында) жүргізеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтері оқу жылы басталғанға дейін бір рет:

✓ пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарды (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында);

✓ тәлімгерлік жоспарын (қағаз немесе электрондық word немесе pdf форматында) әзірлейді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтері тоқсандық қорытындысы бойынша:

✓ автоматтандырылған ақпараттық жүйеден автоматты түрде жасалатын және бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдауды жүргізеді (қағаз, электрондық word немесе pdf форматында).

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтері оқу жылының қорытындысы бойынша бір рет:

9 (10), 11-сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау хаттамалары (қағаз, электрондық Word немесе Pdf форматында) толтырылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп сынып жетекшісі оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде: сынып

жетекшінің жұмыс жоспарын (қағаз, электрондық Word немесе Pdf форматында) әзірлейді және іске асырады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп педагогтері тоқсандық және оқу жылының қорытындысы бойынша:

- ✓ 1-4-сыныптағы білім алушының үлгерім табелін, 5-11-сыныпта білім алушының үлгерім табелін (қағаз, электрондық Word немесе Pdf форматында);
- ✓ білім алушының жеке ісқағазын (қағаз немесе электрондық форматында) жүргізеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп әлеуметтік педагогі:

- ✓ оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз, электрондық Word немесе Pdf форматында) әзірлейді және іске асырады;

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп оқу жылы ішінде:

- ✓ мектептің әлеуметтік паспортын (қағаз немесе электрондық Word немесе Pdf форматында);
- ✓ мектептегі білім алушылар туралы мәліметті (қағаз немесе электрондық Word немесе Pdf форматында) жүргізеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп әлеуметтік педагогтің жұмысын жүргізу

Әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
II. Баланың құқығын қорғау жұмысы				
III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс				
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
---	---------------------	------	---

	Барлық оқушылар		
	Отбасы түрі бойынша:		
1	Толық отбасылар		
2	Толық емес отбасылар		
3	Анасы жоқ балалар		
4	Әкесі жоқ балалар		
5	Көп балалы отбасы		
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы		
Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы орта білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Жазбалар тек рәсімделген тиісті құжаттардың негізінде жүргізіледі (мектепшілік бұйрықтар, еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, сынып журналындағы жазбалар және т.б.). Ауыстырылған сабақты жүргізген педагог ол жөнінде журналға қол қояды.

3.4 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ ФИЛИАЛ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі білім алушыларды жазатын алфавиттік кітабында:

✓ Білім алушылар жазылатын алфавиттік кітапқа (бұдан әрі – Алфавиттік кітап) базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің барлық білім алушылары жазылады. Жыл сайын кітап жаңа қабылданған оқушылармен толықтырылып отырады. Оқушылардың тегі оның оқитын сыныбына қарамастан алфавиттік ретпен енгізіледі.

✓ Алфавиттің әрбір әрпіне жеке бет арналып, әр әріпке реттік нөмір қойылады. Кітаптағы рет нөмірі оқушының жеке іс қағазындағы нөмірі болып табылады.

✓ Жеке іс қағазында бұл нөмір бөлшек түрінде қойылады. Мысалы, «№ Б/15» – білім алушының алфавиттік кітапта «Б» әрпіндегі №15 болып жазылғанын білдіреді.

✓ Егер бұйрықпен рәсімделіп мектептен шығып кеткен білім алушы қайтып келсе, онда ол туралы дерек жаңадан келген оқушы ретінде қайта жазылады.

✓ Барлық беттері толған жағдайда жазуды жалғастыру әрбір әріп бойынша келесі нөмірлер тәртібімен жаңа кітапқа жазылады. Кітаптағы

түзетулер мектеп директорының қолымен белгіленеді. Алфавиттік кітаптың беттері нөмірленіп, тігіледі, директордың қолы қойылып, мөр басылады. Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Алфавиттік кітап электронды түрде ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

✓ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Кеткен және келген білім алушыларды есепке алу кітабы

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің білім алушылардың қозғалысын есепке алу және бақылау мақсатында білім алушылардың кетуін және келуін есепке алу кітабы (бұдан әрі – Кітап) барлық орта білім беру ұйымдарында жүргізіледі. Кітапты іс-қағаздарды жүргізуге жауапты адам толтырады. Кітапқа директордың қолы және білім беру ұйымының мөрі қойылады, беттері нөмірленеді, тігіледі, бекітіледі.

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің білім алушылардың кеткені туралы шығару талоны жаңа орта білім беру ұйымына келуі туралы шығару талонын алу мақсатында типіне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымына көрсету үшін кәметке толмағандарға олардың оқыған жерінен беріледі.

✓ Оқушы кеткен және келген мектептердің басшылары оның орта білім беру ұйымында болғандығы туралы мәліметтермен тексеріледі, ол болмаған жағдайда олар жазбаша түрде құзыретті органдарға хабарлайды.

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің іс-қағаздарында білім беру басқармасы, білім беру бөлімі, аудан, қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдігінің осы ұйымға оның шекараларын нақты белгілей отырып, шағын ауданды бекіту туралы шешімінен үзінді көшірме, шағын ауданның картасы бар. Кітап орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі Бұйрықтарды тіркеу кітабында негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша және оқушылардың қозғалысы бойынша жүргізіледі.

✓ Кітаптың әрбір парағы нөмірленеді, тігіледі және орта білім беру ұйымы директорының қолы қойылып, мөр басылады. Кітап орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды түрде ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің Негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатты есепке алу және беру кітабында

✓ 1-бөлім. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің Негізгі орта білім беру ұйымын бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу.

✓ 2-бөлім. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің Жалпы орта білім беру ұйымын бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу.

✓ Осы кітапта (жазбаша) бет нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген.

✓ Орта білім беру ұйымының басшысы _____
(қолы)

✓ Мөрдiң орны _____ жылғы «_____» _____

✓ Ескерту: Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің Негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітабы (бұдан әрі – Кітап) негізгі орта және жалпы орта мектептерде жүргізіледі.

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің Жалпы білім беретін мектептерінде оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға «Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына 5-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) сәйкес БТ сериялы аттестат беріледі және Оқушылардың осы мектептің толық немесе толық емес курсы аяқтағаны туралы белгіленген үлгідегі кітапқа мәлімет енгізіледі.

✓ Қалған таза және бүлінген аттестат бланкілерінің сериясы мен нөмірі көрсетіле отырып, аудандық (қалалық) білім бөліміне тапсырылады. Кітапта бланкілерді тапсыру туралы тиісті жазба жазылады.

✓ Кітаптың бірінші бөлігінде сериялары мен нөмірлері көрсетіле отырып, негізгі орта мектепті аяқтағандығы туралы алынған және берілген аттестаттардың саны ескеріледі.

✓ Негізгі мектепті бітіргені туралы аттестаттың түпнұсқасын беру туралы жазба осы Кітаптағы кезекті нөмір бойынша жүргізіледі, онда 4-23 бағандар мынадай мәтінді жазу үшін пайдаланылады: «_____ жылғы _____ (күні) _____ (айы), берілген № _____ сериясы _____ жоғалған түпнұсқаның орнына берілген телнұсқаны _____ жылғы _____ (күні) _____ (айы) алдым», ал жоғары жағында 2-жолда № _____ сериясы _____ телнұсқаны беру туралы белгі қойылады.

✓ Қате толтырылғанның орнына негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат беру туралы жазба Кітаптағы кезекті нөмір бойынша жүргізіледі, онда 4-23 бағандар мынадай мәтінді жазу үшін пайдаланылады: «_____ жылғы _____ (күні) _____ (айы), берілген № _____ сериясы _____ қате толтырылған түпнұсқаның орнына _____ жылғы _____ (күні) _____ (айы) алдым», ал жоғары жағында 2-жолда № _____ сериясы _____ қайта аттестат беру туралы белгі қойылады.

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі экстернде негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат беру туралы жазба осы Кітаптың «Осы мектепке қабылданған жылы» деген 5-бағанында жазылады – «экстерн».

✓ Мектепті осы жылы бітіргендер тізімінің соңында барлық аттестат алғандардың қолы болуы тиіс.

✓ Кітаптың беттері нөмірленіп, тігіледі және аудандық (қалалық) білім бөлімі меңгерушісінің мөрімен және қолымен бекітіледі.

✓ Кітап білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

✓ Кітап оқу жылының қорытындысы бойынша ақпараттық жүйеден жүктеліп, кітаптың беттері нөмірленіп, тігіліп, мектеп директорының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен бекітіліп, сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабында:

✓ Жалпы орта білім туралы аттестат беру және бланкілерді есепке алу кітабы (бұдан әрі – Кітап) жалпы орта мектепте жүргізіледі.

✓ Бірінші бөлімде жай аттестаттың, үздік аттестаттың және ерекше үлгідегі «Алтын белгі» аттестатының сериясы мен нөмірлері көрсетіле отырып, жалпы орта білім туралы аттестаттардың алынған және берілген бланкілерінің саны жеке ескеріледі.

✓ Аттестаттардың таза және бүлінген бланкілерінің қалдығы олардың сериясы мен нөмірлері көрсетіле отырып, аудандық білім бөліміне тапсырылады. Кітапта бұл туралы тиісті жазба жасалады. Кітаптың екінші бөлімінде орта мектепті бітірген білім алушылар туралы толық мәліметтер жазылады.

✓ Тиісті бағандарда аттестатта көрсетілген пәндер бойынша бағалар қойылады, мақтау грамотасымен наградтау туралы мәліметтер жазылады, аттестат беру туралы педагогикалық кеңестің шешімінің күні көрсетіледі, жалпы орта білім туралы аттестатты алғаны туралы қолы қойылады.

✓ Осы Кітапта бір немесе бірнеше оқу пәндері бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары бар 11-сынып білім алушыларына анықтама, жалпы орта білім туралы аттестаттың телнұсқаларын, экстерн аттестаттарын беру туралы белгі қойылады.

✓ Кітапта бір немесе бірнеше оқу пәндері бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушыларға анықтама беру туралы да жазба жүргізіледі.

✓ Жалпы орта білім туралы аттестаттың телнұсқасын беру туралы жазба осы Кітаптағы кезекті нөмір бойынша жүргізіледі, онда 4-29 бағандар мынадай мәтінді жазу үшін пайдаланылады: « _____ жылғы _____ (күні) _____ (айы), берілген № _____ сериясы _____ жоғалған түпнұсқаның орнына берілген телнұсқаны _____ жылғы _____ (күні) _____ (айы) алдым», ал жоғары жағында 2-жолда № _____ сериясы _____ телнұсқаны беру туралы белгі қойылады.

✓ Қате толтырылғанның орнына аттестат беру туралы жазба Кітаптағы кезекті нөмір бойынша жүргізіледі, онда 4-29 бағандар мынадай мәтінді жазу үшін пайдаланылады: « _____ жылғы _____ (күні) _____ (айы), берілген № _____ сериясы _____ қате толтырылған түпнұсқаның орнына _____ жылғы _____ (күні) _____ (айы) алдым», ал жоғары жағында 2-жолда № _____

сериясы _____ қайта аттестат беру туралы белгі қойылады.

✓ Экстернге жалпы орта білім туралы аттестат беру туралы жазба осы Кітаптың «Осы мектепке қабылданған жылы» деген бағанында жазылады – «экстерн».

✓ Кітаптің беттері нөмірленеді, тігіледі және аудандық (қалалық) білім бөлімі меңгерушісінің мөрімен және қолымен бекітіледі.

✓ Білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған кезде Кітап электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз нұсқада толтыру талап етілмейді.

✓ Кітап оқу жылының қорытындысы бойынша ақпараттық жүйеден жүктеліп, беттері нөмірленіп, тігіліп, мектеп директорының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен бекітіліп, сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерінің білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабында:

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп білім алушыларының үлгерім табельдерін есепке алу кітабы орта білім беру ұйымының барлығында жүргізіледі. Білім алушылардың үлгерім табельдерінде тіркеу нөмірі көрсетіледі және олар жеке іс қағазында сақталады. Білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабы орта білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі базалық мектеп пен филиалы шағын жинақты мектеп білім алушыларының Мақтау қағаздарын және мақтау грамоталарын беруді есепке алу кітабында:

✓ Мақтау грамоталарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды форматта ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Санитариялық қағидаларына сәйкес оқу жайларымен бірге алаңы бар материалдық активтердің меншік не шаруашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару, жалға алу құқығына тиесілі материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықтар мен жиһаздардың, бастауыш білім беру деңгейі үшін жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың; компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен қамтылудың, оқу зертханалардың, спорт залдардың, медициналық пункттердің, асхана немесе буфеттің), ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы, сондай-ақ орта білім беру ұйымының жайларында және (немесе) оған іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы қажет.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепте тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша:

✓ жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

✓ азаматтылыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

✓ белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

✓ отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу болып табылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерінің білім алушыларының бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым – қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық – эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтандыру объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды, табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерде:

✓ «Қоғамға қызмет» волонтерлық балалар қозғалысы әлеуметтік жобасын дамыту «Мектепке жол», «Жемқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла» акцияларын өткізу;

✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастару мақсатында: «Жемқорлық қоғам індеті», «Жемқорлықтың тарихи тамыры», «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер», «Адам құқығы мен құқық» сынып сағаттары мен факультативтік сабақтарды ұйымдастыру ұсынылады.

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерде отбасылар және ата-аналармен жұмыс істеудің топтық және жеке түрлері пайдаланылады. Бұнда: тәжірибе алмасу конференциясы, тренингтер, ең табысты ата-аналардың

шеберлік сабақтары, пікірталастар, сұрақ-жауап кештері, мұғалімдер, психологтер, мектеп әкімшілігімен кездесу, ата-аналар жиналысы, аналар, әкелер кеңесі сондай-ақ, ата-аналар мен балалардың қатысуымен іс-шаралар ұйымдастыру қажет.

✓ Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерде патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуда әскери-патриоттық клубтар жүйелері, оның ішінде «Жасұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, «Туған елге тағзым» өлкетанулық – зерттеу экспедициясы жұмыстары, білім алушылармен Қазақстанның киелі нысандарына саяхаттар мен экскурсиялар ұйымдастыру ұсынылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепте тәрбие жұмысын жүргізуде негізгі үш:

- ✓ сабақтағы тәрбие жұмысы;
- ✓ сабақтан және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары;
- ✓ елдімекеннің қоғамдық ортасының тәрбиесі бағытын басшылыққа алу ұсынылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі тәрбие жоспары сыныптағы білім алушылардың жас ерекшелігіне сай құрылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепте тәрбие сағатын ұйымдастыру ерекшеліктері:

- филиал шағын жинақты мектепте бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс жүргізу үшін тәрбие сағатының тақырыбы сыныпқа ортақ анықталады, іс-шара барысындағы өзіндік жұмысты сынып жетекші әр сынып сайын міндетті түрде ұйымдастырып отыруы тиіс;

- базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерде оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, тікелей мұғалімнің басшылығымен оқушы өздік жұмыс жүргізеді;

- сыныптарда тәрбие сағаты қатар өткізілетіндіктен тәрбие жоспарын дұрыс құру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру, уақытты дұрыс, тиімді пайдалану ұсынылады.

- бір сабақтың барысында мұғалім әртүрлі жастағы, ой-өрісі мен білім деңгейі сәйкес келмейтін оқушылармен жұмыс жүргізгендіктен педагог білім алушылардың қабілетін, бейімін жақсы білуі тиіс;

- сынып жетекшінің ұйымдастыратын жұмыстарының мазмұнын, көлемін, олардың орындалау әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, орындау қабілетіне қарай лайықтап, ұйымдастыру уақытын белгілеуі қажет;

- көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар барлық білім алушылардың жас ерекшелігіне сай болуын педагог ескеруі керек.

Филиал шағын жинақты мектеп педагогі жұмысының басымдығы:

- балалардың саны аз болғандықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын артыруға, отбасын жақсы тануына мүмкіндігі жоғары;

- педагог жеке өздік жұмысқа арналған тапсырмаларын толық іріктеуге мүмкіндігі бар;

- оқушылардың тәртіп бұзушылығы төмен;

- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өздігінен жұмыс жасауға бейімделеді;

- бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан 3-4-сынып оқушылары өздерінен төмен сынып оқушыларына көмек береді;

- әрбір білім алушының тәрбиелік деңгейін анықтап, олардың қабілет дағдыларын дамытуға мүмкіндігі жоғары;

- сыныптардағы ата-аналар жиналысы бірге өткізіледі.

- мектепшілік тәрбие шараларына 1-4-сынып оқушылары түгел қатысып отырады.

- оқушылардың бірін-бірі, өзін-өзі тексеруі, бағалауы жүзеге асырылады;

- 3-4 бастауыш сынып оқушысы өздерінен төмен сыныптың жұмысын тексеріп, көмектесу арқылы өз білімін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік туады.

Филиал шағын жинақты мектептің жоғарыда келтірілген артықшылықтармен қоса, кемшін тұстары да бар. Олар:

- тапсырманы орындау барысында оқушылар сынып жетекші тарапынан жеткілікті мөлшерде көмек ала алмауы;

- әртүрлі жастағы балалар болмағандықтан, ұжымдық жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндіктерінің төмендігі;

- ШЖМ оқушылары көпке дейін жас ерекшеліктерінің әртүрлі ортада болуларына байланысты өз ойын ашық айтуға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауына пікір айтуға, талқылауын, ойын жеткізуден кейін қалып, ұяндық пен ұялшақтық танытады.

Сондықтан ауыл мектептері мен ШЖМ білім алушыларына өз ойын еркін жеткізу мен жеке тұлға ретінде қалыптасуда мектеп педагогі оқу-тәрбие жұмысында аса назар аудару қажет.

Филиал шағын жинақты мектептерде тәрбие жоспарын құру бойынша

(білім беру ұйымының атауы)

Бекітемін

Басшы _____

20__ ж «__» _____

Тәрбие жұмысы жоспары

оқу жылына

Педагог _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Тобы/сыныбы _____

_____ (топтың/сыныбын атауын көрсету) Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасы зету				
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар				
1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас				
2. Бағыты: рухани - адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жағырудың» құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; «Өзін-өзі тану» негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру				
3. Бағыты: ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.				
4. Бағыты: Отбасылық тәрбие Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.				
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие				

<p>Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.</p>				
<p>6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.</p>				
<p>7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру</p>				
<p>8. Бағыты: денетәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру</p>				
<p>Басқа бағыттар</p>				

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептегі сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	Орта білім беру ұйымының оқу-тәрбие жұмысы жоспарының негізінде сынып тәрбие жұмысының жоспарын жасау (тәрбие жоспарының нысанын мектеп сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі айқындайды)	Оқу жылы басталғанға дейін	Жоспар (қағаз немесе электрондық форматта)
2	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен нысан бойынша Сыныптың әлеуметтік паспортын жасау	Қыркүйек	Әлеуметтік паспорт (қағаз немесе электрондық форматта)
3	Сыныптағы білім алушыларға педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық, дене зерттеулерін жүргізу	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Талдау материалдары (қағаз немесе электрондық форматта)
4	Ата-аналармен жұмыс	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Ата-аналар жиналыстарының хаттамалары (қағаз немесе электрондық форматта)
5	Балалармен тәрбие іс-шараларын өткізу	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Іс-шаралардың материалдары (қағаз немесе электрондық форматта)

6	Әдістемелік жұмыс жүргізу	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Әдістемелік жұмыс материалдары (қағаз немесе электрондық форматта)
7	Тәрбие жұмысын талдау	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Талдау (қағаз немесе электрондық форматта)
8	Сынып журналын жүргізу	Ұдайы	Сынып журналы (қағаз немесе электрондық форматта)

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие жұмысы жоспарын құру

Титул парағы

_____ (білім беру ұйымының атауы)

Бекітемін:

Басшы _____

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

20__ ж. «__» _____

Оқу-тәрбие жұмысы жоспары

оқу жылы

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1.	2.	3.	4.

3.5 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ПЕН ФИЛИАЛ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ КІТАПХАНА МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептер кітапхана қорына түсетін кітаптар тізімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығымен бекітілген тізім бойынша жүзеге асырылады [17].

Ауыл мектебінің кітапхана қорын жаңғырту және кітапхана жұмысын жүргізу мақсатында мектеп кітапханасын жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» №44 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады [18].

Кітапхана қоры ақпарат ресурстарының құрамдас бөлігі бола және оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, өндірістік-тәжірибелік әдебиеттерді, заң шығарушылық және нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына арналған қосымша әдебиеттерді қамтиды. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапхана қорларындағы қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдардың саны оқыту тілдері бойынша білім алушылардың контингентіне тепе-тең болуы тиіс. Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының бірыңғай қоры түрлі тасымалдағыштардағы дәстүрлі қағаз және электрондық құжаттардан құралады және білім беру ұйымы кітапханасы жұмысының бағыттарына қарай сараланады.

Базалық және филиал шағын жинақты мектептердің бірыңғай кітапхана қоры негізгі және оқулықтар қорынан құралады. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп кітапханаларының негізгі қорына:

1) білімнің барлық салалары бойынша ғылыми-көпшілік, ғылым-танымдық басылымдарды, бағдарламалық және шолып зерделеуге, сыныптан тыс оқуға арналған көркем әдебиеттер қорын, сондай-ақ оқу бағдарламаларына енгізілмеген классиктер мен қазіргі заманғы жазушылар шығармаларын қамтитын тұлғаның өздігінен дамуына арналған әдебиеттер;

2) қосымша оқу-әдістемелік әдебиеттер, анықтамалық басылымдар, энциклопедиялар, сөздіктер, библиографиялық басылымдар;

3) мұғалімдерге арналған педагогикалық және әдістемелік басылымдардың қоры енеді.

Ұйғыр, өзбек және басқа да тілдерде оқытатын мектептердің ұлттық мемлекеттік жалпы білім беретін кітапханасының негізгі қоры оқыту тіліндегі ұлттық баспа өнімдерінен құралады. Оқу әдебиеті қоры деп оқулық және оқу-әдістемелік кешен санаты бар басылымдар тізбесі түсініледі. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің оқулықтар қорына негізгі ұсынбалы оқу әдебиеті: базалық, эксперименттік және сынақ оқулықтары, мектеп орфографиялық сөздіктері, математикалық кестелер, есептер, жаттығулар жинақтары және оқушыларға арналған практикумдар, дидактикалық материалдар енеді. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің кітапхана қорында ұлттық баспа өнімдері толығымен ұсынылады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің барлық оқушыларды әлеуметтік мәртебесіне қарамастан тегін оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен білім беру ұйымдары оқу жылына болжайтын көлемде қамтамасыз ету жергілікті және республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Келесі оқу жылына базалық және шағын жинақты филиал мектептердің балаларға арналған болжамды санын кітапхана қоры арқылы оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен, оның ішінде цифрлық оқулықтармен даналар саны, атаулары, сыныптары және оқыту тілдері бойынша қамтамасыз ету қажеттілігін 30 қыркүйекке дейін жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Базалық және филиал шағын жинақты мектептердің кітапханалары:

- жыл сайын 25-мамырға дейін білім алушылар контингентіне оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер санының жеткіліктілігі тұрғысынан оқу қорына түгендеу жүргізеді;

- 10-сәуірге дейін Ұлттық білім беру деректер қоры негізінде жалпы білім беретін мектептердің әдістемелік бірлестіктерінің шешімдері негізінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде цифрлық оқулықтарды сатып алуға өтінімдер толтырады.

5-сәуірге дейін базалық және филиал шағын жинақты мектептердің әдістемелік бірлестіктері немесе мектептердің педагогтері алдағы оқу жылына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдауды жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдар қажет болған жағдайда оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді аудан, қала, облыс ішінде мемлекеттік білім беру ұйымдары арасында қайта бөлуді жүргізеді. Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының оқулықтар қоры «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі рұқсат берген» белгісі бар оқу басылымдарынан құралуы тиіс.

Оқу басылымдары әрбір білім алушының білім беру бағдарламалары пәндердің барлық циклдері бойынша және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен бекітілген тиісті деңгейдегі оқу бағдарламаларына сүйеніп, саралы түрде сатып алынады. Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер жанындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектептер мен арнайы сыныптарға арналған оқу басылымдары пәндердің барлық циклдері бойынша мемлекеттік арнайы білім беру ұйымдарының (мектептер) түріне қарай білім беру және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен бекітілген тиісті деңгейдегі оқу бағдарламаларына сүйеніп, саралы түрде сатып алынады. Ғылыми басылымдар және құжаттардың басқа да түрлері оқу залдарында, абонементте, оқу корпустарындағы кітап беру пункттерінде оқырман сұраныстарын қанағаттандыру қағидатына сүйеніп сатып алынады.

Мерзімді басылымдарға жыл сайын жазылу мемлекеттік білім беру ұйымының әрбір бөлек кітапханасының қажеттіліктерін есепке ала отырып, бірақ кемінде он бес-жиырма бес атау болып белгіленеді. Білім алушыларға арналған мерзімді басылымдардың атауы олардың ақпарат қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс. Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер оқулықтарды, сондай-ақ оқулыққа ілеспе әдістемелік нұсқаулық түріндегі оқу және әдістемелік басылымдарды, жұмыс дәптері, хрестоматияларды, диктанттар жинағы, тапсырмалар мен жаттығулар жинағын, картографиялық атласты, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Үлгілік оқу жоспарларына және «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 19-4) тармақшасына сәйкес әзірленген Орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтардың құрылымы мен мазмұнына және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге қойылатын талаптарға сәйкес алады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп кітапханалары сатып алатын қажетті отандық, әлемдік көркем, ғылыми, ғылыми-публицистикалық, ғылыми-фантастикалық, деректі, тарихи әдебиеттер тізбесі педагогтердің, білім беру ұйымының әдістемелік бірлестіктерінің өтінімі негізінде анықталады. Кітапхана қорына түсетін тұрақты, ұзақ, уақытша сақталатын барлық құжаттар және ақпарат тасымалдағышының түріне және сақтау мерзімдеріне қарамастан кітапхана қорынан шығарылатын барлық құжаттар есепке алынуы тиіс.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің кітапханаларында қорды жиынтық және жеке есепке алуды кітапхана меңгерушісі (екі және одан көп адамдық штаты бар), кітапханашы (бір адамдық штаты бар) жүргізеді. Мемлекеттік білім беру ұйымдары заңнамада белгіленген тәртіппен теңгерімнен басылымдарды және кітапхана қорларынан материалдарды есептен шығарады. Құжаттар кітапхана қорының есебінен физикалық жоғалуына, тұтынушылық қасиеттерін ішінара немесе толық жоғалтуына байланысты шығарылады.

Жарамсыз күйге жеткен оқулықтар комиссия актісімен есептен шығарылады. Комиссия құрамына:

- 1) мемлекеттік білім беру ұйымы әкімшілігінің өкілдері;
- 2) кітапхана қызметкерлері;
- 3) мемлекеттік білім беру ұйымының бухгалтері енеді.

Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептерде оқулықтар кітапхана қорынан қорландыру цикліне сай есептен толығымен шығарылады.

Бүкіл кітапхана қорын немесе оның бір бөлігін тексеру кітапхана қорында құжаттардың бар-жоғын тексеруді өткізу нәтижелері туралы актіні әзірлеумен және оған белгісіз себептер бойынша жоқ құжаттардың тізімін тіркей отырып, аяқталады. Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептердің кітапхана қорын тексеру барысында жоқ құжаттар анықталған және кінәлі тұлғаларды анықтау мүмкін болмаған кезде жетіспеушіліктер бойынша залалдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес есептен шығарылады.

Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептердің кітапхана қорын пайдалану. Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептің әрбір білім алушының кітапхана қорларына және ақпараттық білім беру ресурстарына еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің кітапханаларында оқулықтар жыл сайын бірінші тамыздан оқу сабақтары басталғанға дейін кешіктірілмей беріледі. Оқулықтар тиісті пәнді зерделеу мерзіміне – оқу жылының соңында міндетті түрде қайта тіркелу кезінде оқу жылына немесе бірнеше жылға беріледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердің кітапханаларында бірінші-төртінші сынып оқушыларына оқулықтарды беруді және олардың уақытылы қайтаруын мұғалімдер, бесінші-он бірінші (он екінші) сынып оқушыларына – сынып жетекшілері немесе тиісті пән мұғалімдері жүргізеді. Алынған әрбір оқулық үшін орта және ересек жастағы оқушы кітап формулярына қол қояды, оны кітапханашыға өткізеді. Берілген оқулықтар

жазбасы бар кітап формулярлары оқушылардың оқырман формулярларында сақталады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептерде оқу жылының соңында оқулықтар мектеп кітапханасына қайтарылған кезде кітапханашылар сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен бірлесіп, қайтарылатын оқулықты қарап шығады, оның күйін бағалайды, оқулықтың осыған арналған жеріне тиісті белгі жасайды. Қажет болған жағдайда оқушыларды қатыстыра отырып, оқулықтарды жөндеу және оқулықтардың кітапхана қорына кезекті беруге дайындау жұмысын ұйымдастырады.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектептердегі кітапхана қорын сақтау

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп кітапханасы қорының физикалық жағдайын және дұрыс орналасу тәртібін бақылау үнемі, ішкі жұмыс сағаттарында және санитариялық күндерде жүргізіледі. Кітапханадағы кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады. Қор ұстаушы бөлімдеріне бөгде адамдардың кіруіне рұқсат етілмейді.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп кітапханасы құжаттарды қалпына келтіру және ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Құжаттарға тағайындалған түгендеу нөмірлерін өзгертуге және түзетуге тыйым салынады. Кітапхана қорларының сақталуына материалдық жауапты тұлға ауысқан, құжаттардың жеткіліксіздігі фактілері анықталған, кітапхана қайта құрылған және таратылған жағдайларда кітапхана қорын салыстыру жүргізіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп кітапхана қызметкерлері белгіленген қорды есепке алу, сақтау және пайдалану ережелерін сақтауға міндетті және осы ережелерді бұзғаны үшін жауап береді. Мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының және кітапханашылардың материалдық жауапкершілігі қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

Бүгінде елімізде ауыл мектептерінің кітапхана қорын жабдықтау мен оны жаңа әдебиеттермен толықтыруда меценаттардың қолдауы байқалып келеді. Мәселен «Казнаковка» қоғамдық қоры Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы «Казнаковка» шағын жинақты ауыл мектебіне 2021 жылы 1000-ға жуық кітап қорымен қамтамасыз еткен. Белгілі кәсіпкер Айдын Рахимбаевтың демеушілігімен білім алушылардың дүниетанымы мен ой-өрістерін дамытатын және ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеуге негізделген әдебиеттер мектеп кітапханасына сыйға тартылды. Бұл бастама басқа да базалалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер үшін тың бастама болып қалыптасқаны жөн.

«Казнаковка» мектебіндегі кітапхана қорында бүгінде 4231 кітап (көркем әдебиет, ертегілер, оқулықтар) бар. Оның ішінде оқулықтар саны: 2868. Көркем әдебиет: 1363 (636 қазақ тілінде, 725 орыс тілінде, 2 ағылшын тілінде). Кітапхана қоры үштілді әдебиеттермен толықты. Білім алушылардың жас ерекшелігі мен дүниетанымына сай, шетел әдебиеттерін меңгеруде «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас», «Хэрри Поттер мен От сауыт», «Хэрри Поттер мен Феникс Алқасы»,

«Таңғажайып хайуандар мен олар мекендейтін аймақтар», «Вавилондағы ең бай адам», «Алиса ғажайыптар елінде», «Гекльберри Финнің басынан кешкендері» және т.б. қызықты көркем әдебиеттер оқушылардың сүйіп оқитын кітаптарына айналды.

Еліміздің кешегісі мен бүгінін жалғаған, ел тарихын көркем әдебиетте суреттеген эпостық жырлар мен лиро-эпостық жырлардың орны ерекше. Кітапхана қорында сондай-ақ қазақтың эпостық және лиро-эпостық жырлары (үш тілде) «Алпамыс батыр» (қазақ, орыс, ағылшын), «Ер Тарғын» (қазақ, ағылшын), «Камбар батыр» (орыс, ағылшын), «Қобыланды батыр» (қазақ, орыс, ағылшын), «Қыз Жібек» (қазақ, орыс, ағылшын) және т.б. бар.

Үш тілде жарық көрген ертегілер: «Қазақ ертегілері», «Қаңбақ шал», «Қарақұсбай», «Қарынбай», «Қасқыр мен жеті лақ», «Қолғап», «Қуырмаш» (тақпақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер), «Нан – батыр», «Патша мен бүркіт», «Сүйікті сиқырлы ертегілер», «Түлкі мен қасқыр», «Сұлу қыз бен Құбыжық», «Ержүрек құмырсқа», «Кірпінің құпиясы», «Алтын жүзікті қыз» және т.б.

Білім алушылардың ой-санасын дамытатын: «Магиялық математика», «Математика во всех сферах нашей жизни», «Менің алғашқы энциклопедиям», «Научные эксперименты», «Невероятно увлекательные опыты и занятия для тебя», «Новая детская энциклопедия», «Помогите детям познать науку», «Уникальный пошаговый наглядный гид», «Помогите детям разобраться в математике», «Уникальный пошаговый гид», «Өзің жаса» топтамасы, «Үй жануарлары», «Сделай сам!» топтамасы «Домашние животные из картона», «Чувствуешь ли ты силу?», «Занимательная физика», «Это элементарно!», «Занимательная химия», «Дымбілместің айға саяхаты», «Жұмбақ жер», «Қыстың қызықты хикаялары» және т.б.

Сонымен қатар «Қазақ афоризмдері», «Қазақ мақал-мәтелдері» (үш тілде), «Қазақ портреттерінің тарихы», «Көпшілік» – танымдық басылым, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақ халқының ұлттық киімдері» (үш тілде) «Өнер - білім бар жұрттар...» («Кел, балалар, оқылық» өлеңдер жинағы), «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» және т.б. бар.

Тәрбиеге байланысты «Тәрбие хрестоматиясы», «Адамдарға қалай көмектесуге болады» және т.б.

Атақты адамдардың өмірін насихаттайтын: «Шоқан Уәлиханов – географ және саяхатшы», «Шуақты күндер (Б.Момышұлы туралы) және т.б.

Психологияға байланысты: «Ашуды қалай жеңуге болады?» (үш тілде)

Физиологияға байланысты: «Адам денесі», «Кіші және орта мектеп жасындағы балаларға арналған (7-14 жас)» және т.б.

Дәрумендерге байланысты: «Дәрумен кейіпкерлермен бірге оқып-үйренеміз «Картоп», «Дәрумен кейіпкерлермен бірге оқып-үйренеміз, Алмабек», «Дәрумен кейіпкерлермен бірге оқып-үйренеміз, балақай құлпынай», «Дәрумен кейіпкерлермен бірге оқып-үйренеміз, сәбіз» (екі тілде) және т.б.

Қаржы сауаттылығын арттыруға байланысты «Расскажи мне о деньгах», «Занимательные финансы» және т.б. әдебиеттер.

Берілген көркем және танымдық әдебиеттер білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда алар орны ерекше. Кітап оқуды дағдыға айналдыру арқылы оқушылардың бәсекеге сай білім алуына ықпал етіне болады.

Жалпы ауыл мектептеріне меценаттық қолдауды жақсартқан жөн. А.Рахимбаев секілді ауыл мектебіне және оның кітапхана қорын байыту мен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында жұмыс жасап жатқан азаматтардың барлығы қуантады.

Рухани білімнің, рухани мәдениеттің ордасы кітапхана ешқашан мәні мен маңыздылығын жойған емес. Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап – білім бұлағы», – демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор.

Қорыта келе, шағын жинақты ауыл мектептері кітапханаларының проблемалары мен шешу жолдарын іске асыру үшін және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін кітаптың алар орны ерекше екенін ұмытпаған жөн.

3.6 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі таңда 192 тірек мектебінің 92-де ғана тасымалдау ұйымдастырылған. Қалған жағдайда филиал мектептен базалық мектепке барып оқу сессиясын өткізу, мектеп жанынан жатақхана салу және бар жатақханалардың жағдайын жақсарту қарастырылмай келеді.

Базалық мектеп жанындағы интернаттарға қажеттілік келесі кестеде берілген.

2-кесте. Базалық мектеп жанындағы интернаттарға қажеттілік

№	Өңірлер	Тірек мектептер саны		Интернаттар саны	
		бары	қажеттілік	бары	қажеттілік
1	Ақмола облысы	21	39	8	52
2	Ақтөбе облысы	11	22	12	21
3	Алматы облысы	9	30	5	34
4	Атырау облысы	-	4	1	3
5	ШҚО	7	48	6	49
6	Жамбыл облысы	10	10	1	19
7	БҚО	19	15	26	
8	Қарағанды облысы	39	-	17	22
9	Қостанай облысы	21	30	16	35
10	Қызылорда облысы	-	-	1	-
11	Маңғыстау облысы	1	-	1	-
12	Павлодар облысы	19	15	13	21
13	СҚО	28	30	49	9
14	Түркістан облысы	7	16	3	20
Жалпы		192	259	159	292

Кестеден көріп отырғанымыздай, базалық мектеп жанынан интернат салу мәселесінде балама жоба ретінде «Қамқор отбасы» жобасын кеңейту қажет.

Базалық мектеп жанынан «Қамқор отбасы» жобасын жүзеге асыру

Көп жағдайларда ауылдық жерлерде оқыту аумақтық және ақпараттық оқшаулану мен оқушылар және мұғалімдер санының аз болуы жағдайында орын алады. Білім беру, тәрбие, мәдени орталық, сондай-ақ шаруашылықтың өндірістік саласында жұмыспен қамтылған тұрғындардың орнығуына жәрдемдесетін фактор ретіндегі ауыл мектептерін ерекше мәртебесі оның проблемаларына мұқият, ықыласпен қарауды талап етеді.

Әлемдік тәжірибеде ШЖМ проблемаларын шешудің төрт нұсқасын атап көрсетуге болады. Олар:

1. «Шағын жинақты мектептерді» жабу тәжірибесі, себебі олардың бар болуы мемлекет үшін экономикалық тиімсіз болып табылады (Шығыс Еуропа елдері).

2. Аграрлы сирек қоныстанған аудандар ең кішкентай мектептің өзін сақтап қалуға тырысады (АҚШ).


Басты артықшылық – мұғалімдерді материалдық көтермелеу. Ауылдық «шағын» мектеп мұғалімінің жалақысы қалалық мұғалімге қарағанда екі есе көп болуында.

3. Тұрғындар саны аз елді мекендердегі оқушыларды толық жинақты мектептерге тасымалдау (Батыс Еуропа елдері).

4. АКТ технологияларды пайдалану арқылы (Аустралия) жүзеге асырылған.

«Қамқор отбасының» жұмысы келесі суретте берілген.

8-сурет. «Қамқор отбасы» жобасының жұмысы



Қазақстанда шағын жинақты мектеп проблемаларын шешу тәсілдерінің бірқатар артықшылықтары бар. Онда оқушыларды мектепке тасымалдау арқылы

қолдау көрсету, интернаттарда тұруы, базалық мектептерді (ресурстық орталықтарды) құру тәсілімен жүзеге асырылады.

Филиал шағын жинақты мектептердің проблемаларын дәстүрлі шешу жолы балаларды интернаттарға орналастыру. Сонымен бірге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің интернаттық жүйесі бірқатар проблемаларға ие, ең алдымен – бұл оқушылардың әлеуметтік бейімделмегендігі.

Біріншіден, бұл білім алушылардың отбасыдан қол үзуі, отбасылық тәрбие, ғасырлық дәстүр құндылықтарын жоғалту.

Балалардың үнемі ұжым жағдайында болуы, оңаша қалуға мүмкіндіктің жоқтығы (тәрбиеленушілердің үлкен тобының бірлесе тұруы, бірлескен оқу және оқудан тыс әрекет) сенімділіктің төмендеуіне, үлкендердің балалармен қарым-қатынас жасауының эмоционалдық жалаңдығына, «Мен» тұлғасының қалыптаспауына және өзге де негативті салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Өмірді күн тәртібімен қатаң регламенттеу, баланың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін шамадан тыс бағып-қағу үнемі жетелеп жүруді, оның өзін көрсете білуін бағыттау және басқаруды қажет ететін адамды қалыптастыруға алып келеді.

Екіншіден, интернаттарды салуға, жабдықтауға, балалардың тұруына және тамақтандыруына, штатты ұстауға және т.б. жұмсалатын шығындарына байланысты олардың тиімсіздігі. Бүгінгі таңда базалық мектептер жанындағы көптеген интернаттар толық жобалық қуатында жұмыс істемейді.

Базалық мектептер жанынан «Қамқор отбасын» енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Базалық мектептер жанындағы «Қамқор отбасы» – бұл оқыту процесі кезінде (бір оқу жылына) тұрғындар саны аз елді мекендерден келген мектеп жасындағы балаларды уақытша тәрбиелеуге қабылдайтын отбасы. «Қамқор отбасы» – баланың (балалардың) ата-анасы болып табылмайтын тұлға (тұлғалар), бірақ олар ата-аналық жауапкершілікті өздеріне алады; олар өздерінің жазбаша келісімімен орналасқан балаға (балаларға) қамқор болады және оны тәрбиелейді.

Базалық мектептің жанындағы «Қамқор отбасына» баланы (балаларды) берудің негізі «Қамқор отбасына» баланы (балаларды) беру туралы шарт бола алады. Шарт баланы (балаларды) өз отбасына алуға ниетті тұлғалар, ата-аналар немесе баланың (балалардың) заңды өкілдері және «қамқор отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымы арасында жасалады.

Баланың (балалардың) тұруына қажетті ақшалай қаражатты және өз отбасына баланы (балаларды) қабылдаған тұлғалардың еңбегін төлеуді «Қамқор отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім бөлімі жүргізуге болады.

Балалардың қауіпсіздігі мен заңды құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында «Қамқор отбасына» баланы (балаларды) беру Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрып келе жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына ғана жүзеге асырылады.

Еліміздегі бала қонақтайтын отбасы және баланы қабылдайтын отбасылардың тәжірибесі бойынша мектеп жасындағы балалар «Қамқор

отбасына» ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімі және 10 жастан жоғары балалардың жазбаша келісімі бойынша беріледі.

Базалық мектеп аясында қарастырылған «Қамқор отбасына» баланы (балаларды) беру алгоритмі

Өз отбасына баланы (балаларды) қабылдауға ниетті тұлғаларды таңдау үшін балалар оқитын білім беру ұйымдарында келесі құрамда комиссияны құру ұсынылады: әкімдік маманы (келісім бойынша), мектеп директоры, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, медициналық қызметкер (келісім бойынша), полиция қызметкері (келісім бойынша), Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Комиссия «Қамқор отбасына» кандидаттардың жазбаша келісімімен (білім беру ұйымы басшысының атына еркін түрде) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізуі қажет.

Уақытша тұруға балаларды қабылдайтын тараптардың өтініштерін тек баланың (балалардың) тұруына және тәрбиеленуіне жағдайдың бар екендігі туралы комиссияның оң қорытындысын алғаннан кейін қабылдау ұсынылады. «Қамқор отбасы» болуға кандидаттар өтінішті тұрғылықты жері бойынша білім бөліміне жазады.

Базалық мектеп жанындағы «Қамқор отбасына» баланы (балаларды) бала тәрбиелеуде тәжірибесі бар, кәмелеттік жасқа толған тұлғалар ғана қабылдай алады, бұған келесілер кірмейді:

1) сотпен әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалар;

2) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе ата-ана құқықтарын шектеген тұлғалар;

3) өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы (қамқоршы), патронатты тәрбиеші міндеттерінен шеттетілген тұлғалар;

4) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушылар;

5) денсаулық жағдайына байланысты адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуға мүмкіндігі жоқ тұлғалар;

6) баланы қонақ отбасына ресімдеу кезде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар тұлғалар;

7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда, адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және адамгершілікке, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін соттылығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдар;

8) тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдар;

9) азаматтығы жоқ адамдар;

10) тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын ер адамдар;

11) баланы (балаларды) ресімдеу кезінде қамқорлыққа алынған балаға Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген күн көріс минимумын қамтамасыз ететін табысы жоқ тұлғалар;

12) наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұрған тұлғалар;

13) отбасына баланы (балаларды) қабылдап алуға мүмкін бермейтін ауруларға шалдыққа тұлғалар *(жобаны жүзеге асыру уақытында Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің №692 бұйрығын пайдалану ұсынылады)*

Баланы (балаларды) өз отбасына алуға ниет білдірген тұлға «Қамқор отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім бөліміне келесі құжаттарды ұсынады:

1) баланы (балаларды) алуға ниеттілігі туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасын көрсету);

3) жұбайының (зайыбы) жазбаша келісімі (егер азамат некеде тұрса, еркін түрде) және 10 жастан асқан балалардың (отбасы мүшелерінің) жазбаша келісімі (білім беру мекемесі директорымен бекітілген);

4) отбасының жиынтық табысының мөлшері туралы анықтама;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген нысан бойынша, егер некеде тұрса, тұлғаның, жұбайының (зайыбының) денсаулық жағдайы туралы анықтама, сондай-ақ наркологиялық, психиатриялық, туберкулез, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтынын растайтын анықтамалар;

6) тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасамағандығы туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің анықтамалары;

7) тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжаттың көшірмесі.

Өз отбасына баланы (балаларды) қабылдауға ниетті тұлғалардың құжаттарын тексеру үшін «Қамқор отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім бөлімі жанында комиссия құру көзделеді. Комиссияның құрамына бөлім басшысын, «Қамқор отбасы» пилоттық жобасына жауапты маманды, қамқорлық және қорғаншылық органдарының функцияларын орындайтын маманды енгізу ұсынылады.

Жетім балаларды және ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды интернат, балалар үйі жағдайында уақытша тұрғызуды және тәрбиелеуді ұйымдастыру, бала қонақтайтын отбасылар тәжірибесін зерделеу көрсеткендей комиссия қорытындысын дайындап шығарудың оңтайлы мерзімі бес күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Қорытындыда баланы (балаларды) «Қамқор отбасына» қабылдаудың мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы шешім болуы керек. Сонымен қатар келісім-шарт мерзімінің ұзақтығы белгіленуі қажет, бір оқу жылының барысына жасау тиімді.

Балалардың қызығушылықтарына сәйкес келетін жағдайлардан басқа, ағалы-інілі және апалы-сіңлілі балаларды ажыратуға жол берілмеу керек. «Қамқор отбасына» берілген әрбір балаға жеке шарт жасау ұсынылады.

Білім беру ұйымдары «Қамқор отбасыларына» психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруда көмек көрсетуі мүмкін.

Жобада мына жағдаяттарда үшжақты шартты мерзімінен бұрын бұзу мүмкіндігі қарастырылуы керек:

1. Баланы (балаларды) өз отбасына қабылдаған тұлғаның бастамасы бойынша, дәлелді себептер болған жағдайда (ауруға шалдығу, отбасылық және материалдық жағдайының өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің жоқтығы, балалармен және олардың ата-аналарымен дау-жанжалдың орын алуы).

2. «Қамқор отбасының» тұрғылықты жері бойынша білім беру органының бастамасы бойынша, баланың (балаларды) тұруы және тәрбиеленуі үшін қолайсыз жағдайлар орын алған кезде.

3. Баланың (балалардың) ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің бастамасы бойынша.

«Қамқор отбасының» және баланың (балалардың) ата-аналары немесе заңды өкілдерінің міндеттері мен жауапкершіліктері қатаң регламенттелген болуы қажет.

Баланы (балаларды) өз отбасына қабылдаған тұлға:

1) баланың (балалардың) отбасында болған кезеңінде олардың отбасында тұруы және тәрбиеленуіне қажетті жағдай жасайды, сабаққа дайындалуына қажетті жағдайды ұйымдастырады, күн тәртібін бақылайды;

2) баланың (балалардың) отбасында болған кезеңінде олардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілікті өзіне алады;

3) шартта белгіленген мерзімдерге сәйкес баланың (балалардың) ата-аналарына немесе олардың заңды өкілдеріне кешікпей қайтуын қамтамасыз етеді;

4) баланың (балалардың) өміріне және (немесе) денсаулығына қауіп тудырған жағдайлар, оның ауруға шалдығуы, жарақат алуы, медициналық ұйымға немесе ішкі істер органдарына түсуі орын алғанда жиырма төрт сағаттың ішінде білім беру органдарын, баланың (балалардың) ата-аналарын немесе заңды өкілдерін хабардар етеді.

Баланы (балаларды) «Қамқор отбасына» беру ата-ананың немесе оның заңды өкілінің баланың (балалардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша міндеттерін тоқтатпайды және оларды баланы (балаларды) қамтамасыз ету жауапкершілігінен босатпайды. Ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері «Қамқор отбасына» берілген баланы барлық қажетті заттармен қамтамасыз етулері керек (киім (*маусымдық*), аяқ киім (*маусымдық*), кеңсе тауарлары, жеке гигиена заттары, төсек-орын жабдықтары және т.б.).

«Қамқор отбасына» берілген баланы (балаларды) бақылаудың келесі құрылымы ұсынылады:

1. Бала (балалар) оқитын білім беру ұйымы (әлеуметтік педагог немесе сынып жетекшісі) оқу жылында төрт рет «Қамқор отбасының» тұрғын ұйтұрмыстық жағдайына тексеріс жүргізеді (әр тоқсанның басында).

2. Білім бөлімі тарапынан жылына екі рет (жоба үшін жауапты маман, жартыжылда бір рет).


3. Ата-аналар балаларының жағдайын бақылау мақсатында «Қамқор отбасына» келіп тұрады.

«Қамқор отбасының» қаржылай ынталандырылуын қарастырады.

Балалардың басқа отбасында уақытша болуы кезінде ата-аналардың өз балаларын қамтамасыз етуімен қатар, «Қамқор отбасының» қызметтеріне қолдау көрсету қажет. Әрбір бала (балалар) үшін ай сайынғы қаржылай төлем көлемін белгілеу ұсынылады (төлем мөлшері қажетті шығындар есебінен белгіленеді, сонымен бірге калькуляция заңнамамен қарастырылған қамқорлық жәрдемақысы 10 АЕК көрсеткішінен аспауы керек).

«Қамқор отбасының» еңбегіне ақы төлеу мүмкіндігін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулының негізінде мемлекеттік білім беру ұйымдары тәрбиешілерінің еңбекақысын төлеу үлгісіне баламалы анықтау ұсынылады. «Қамқор отбасына» қаржылай төлем белгіленген жағдайда, тұрғылықты жері бойынша білім бөліміне баланың (балалардың) тұруына бөлінетін қаражатты пайдалану туралы қаржылық есепті (еркін нысанда) ұсынады. Қаржылық есеп баланың (балалардың) ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен келісіледі. Қаржылық есепті оқу жылында төрт рет, әрбір тоқсанның соңында ұсынып отырған орынды болады.

Төмендегі суретте *пилоттық жоба аясында қарастырылған «Қамқор отбасына» баланы (балаларды) беру алгоритмінің сызба-нұсқасы берілген (9-сур.).*



9-сурет. Пилоттық жоба аясында қарастырылған «Қамқор отбасына» баланы (балаларды) беру алгоритмінің сызба-нұсқасы

Суреттен көріп отырғанымыздай, базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепте берілген жүйе бойынша жұмыс жүргізілсе, базалық мектеп жанынан интернат салу мәселесі біржақты шешілер еді.

Төменде берілген суретте 2021 жылғы шағын жинақты мектептердегі бос орындар анықталған. Сондай-ақ интернатқа қажеттілік те көрсетілген (10-сур.).

ШЖМ-дағы ОРЫНДАР ПРОФИЦИТІ			БМ-дағы ИНТЕРНАТҚА ҚАЖЕТТІЛІК					
№	Өңірлер	Типтік ШЖМ-дағы орын профициті (жобалық қуаттылық 150 – 600) 50 092	№	өңірлер	ТМ саны		Интернаттар саны	
					бары	қажеттілік	бары	қажеттілік
1	Ақмолаоблысы		1	Ақмолаоблысы	21	39	8	52
2	Ақтөбеоблысы	16 961	2	Ақтөбеоблысы	11	22	12	21
3	Алматыоблысы	28 581	3	Алматыоблысы	9	30	5	34
4	Атырауоблысы	501	4	Атырауоблысы	-	4	1	3
5	Шығыс Қазақстаноблысы	24 036	5	Шығыс Қазақстаноблысы	7	48	6	49
6	Жамбыл облысы	7 897	6	Жамбыл облысы	10	10	1	19
7	Батыс Қазақстаноблысы	24 764	7	Батыс Қазақстаноблысы	19	15	26	8
8	Қарағандыоблысы	28 214	8	Қарағандыоблысы	39	-	17	22
9	Қостанайоблысы	42 551	9	Қостанайоблысы	21	30	16	35
10	Қызылордаоблысы	0	10	Қызылордаоблысы	-	-	1	-
11	Маңғыстауоблысы	0	11	Маңғыстауоблысы	1	-	1	-
12	Павлодароблысы	26 497	12	Павлодароблысы	19	15	13	21
13	Солтүстік Қазақстаноблысы	53 629	13	Солтүстік Қазақстаноблысы	28	30	49	9
14	Түркістаноблысы	1 153	14	Түркістаноблысы	7	16	3	20
	БАРЛЫҒЫ	304 876		БАРЛЫҒЫ	192	259	159	292

Ұсынымдар
Мектеп ғимаратының бір бөлігін қайта жаңарту;
білім алушыларға арналған интернатқа;
педагогтарға арналған тұрғын үй

Күтілетін нәтиже:
Мектептердегі бос орындарды сақтау

Ұсынымдар
1. Барлық ШЖМны ТМ-ға бекіту
2. Барлық ТМ білім алушылар мен педагогтері үшін интернатпен қамтамасыз ету
3. Барлық ТМ мектеп автобусымен қамтамасыз ету

Күтілетін нәтиже:
ШЖМ білім алушылары үшін сапалы білім қолжетімділікті қамтамасыз ету

10-сурет. Шағын жинақты мектептердегі бос орын профициті және базалық мектептегі интернатқа қажеттілік.

Суреттен көріп отырғанымыздай, базалық мектеп жанынан интернат салу қажеттілігі бар. Сол мәселені Солтүстік Қазақстан облысының бастамасымен жүргізілген «Қамқор отбасы» жобасы негізінде жүзеге асыруға болады.

3.7 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТ МЕНГЕРУШІСІ

Базалық мектеп жанындағы интернат меңгерушісінің лауазымдық міндеттері:

интернаттың қызметіне басшылық етеді, тұтас оқу-тәрбие процесі шеңберінде тәрбиешілер мен басқа да қызметкерлердің жұмысына бақылауды жүзеге асырады, қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

Білім беру процестерінің сапасын бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбиешілерге әдістемелік көмекті қамтамасыз етеді, педагогикалық тәжірибені таратуға, тәрбиешілердің біліктілігін арттыруға, педагогтер мен білім алушылардың шығармашылық бастамаларын дамытуға ықпал етеді. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Оқу-тәрбие, әдістемелік, мәдени-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастырады.

Тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету жағдайын, ішкі тәртіп ережелерін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік техникасын, санитарлық және өртке қарсы ережелерді сақтауды бақылауды жүзеге асырады, интернатта тұратын тәрбиеленушілердің қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын, тамақтануын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Интернаттың, білім беру ұйымдарының және білім алушылардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

Интернат қызметі туралы қажетті есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектеп жанындағы интернат меңгерушісі білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Базалық мектеп жанындағы интернат меңгерушісінің біліктілігіне қойылатын талаптар:

тиісті бейіні бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе басқа да кәсіби педагогикалық білімі немесе қайта даярлаудан өткенін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі; педагогикалық жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

Базалық мектептің-өндірістік (оқу) шеберханасының меңгерушісінің лауазымдық міндеттері: шеберхананың қызметін басқарады, еңбек (өндірістік) оқытудың оқу кестесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Шеберхананы оқу процесіне қажетті жабдықтармен, материалдармен, құралдармен, оқытудың техникалық құралдарымен, көрнекі құралдармен жабдықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Оларды пайдалануға, электр және өрт қауіпсіздігіне жабдықтарды уақтылы тексеруге толық жауап береді және есепке алады.

Жабдықтарды, құрал-саймандар мен құрылғыларды сабақтарға дайындауды ұйымдастырады.

Жабдықтарды, оқыту құралдарын қолдану және арнайы киімді пайдалану ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Станоктарды, машиналарды, жабдықтарды, құрал-саймандарды, айлабұйымдарды баптауды және жөндеуді ұйымдастырады, еңбек (өндірістік) оқыту сабақтарында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар өткізуді бақылайды.

Шеберханада жұмыс істеу кезінде оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікке ие.

Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Базалық мектептің-өндірістік (оқу) шеберханасының меңгерушісі білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді; санитария және гигиена негіздерін, жабдықтарды пайдалану, монтаждау, жөндеу ережелерін, базаларында практикалық сабақтар мен семинарлар өткізілетін стендтер мен қондырғыларда жұмыс істеу тәртібі мен ережелерін; білім беру ұйымының экономика және қаржы-шаруашылық қызметінің негіздерін, еңбекті қорғауды.

Базалық мектептің-өндірістік (оқу) шеберханасының меңгерушісінің біліктілігіне қойылатын талаптар:

тиісті бейіні бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе басқа да кәсіби педагогикалық білімі немесе қайта даярлаудан өткенін растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі; педагогикалық жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

Қорытынды

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектепті – тұтас механизм ретінде қарастырған жөн. Базалық мектепке шамамен 5-6 шағын жинақты филиал ретінде бекітіледі.

Базалық мектеп пен филиал шағын жинақты мектеп – толыққанды жабдықталған мектеп. Базалық мектепте заманауи білім берумен, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу бағытында жұмыстар жүргізуі керек. Базалық мектеп аудандық, облыстық білім басқармаларынан бөлек жергілікті өңірдегі ЖОО-лармен, кәсіби техникалық білім беретін арнайы оқу орындарымен және республикалық ғылыми-зерттеу институттарымен, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ның Орталығымен тікелей жұмыс жүргізуге мүмкіндігі бар.

Қажеттілікке байланысты жергілікті өңірде педагог кадрлардың тапшылығын және басқа да оқу-тәрбие, ғылыми-әдістемелік мәселелерді шешу мақсатында базалық мектептер желісін құрып, оны басқару мен қызметін үйлестіруі бойынша жауапкершілік аудандық білім беру ұйымының жауапты қызметкеріне жүктеледі.

Базалық мектептер желісі филиал шағын жинақты мектептің оқу процесі мен ерекшелігін ескере отырып жергілікті ЖОО-ларда педагог кадр даярлау мәселесінде, оқу бағдарламаларын құруда, студенттерді ауыл мектептерінен және шағын жинақты мектептерде педагогикалық практикадан өткізуді бірлесе қарастырады, педагогтерді ауыл мектептеріне тарту мақсатында жобалар әзірлеп ұсыныстар береді.

Болашақ педагогтерді ауыл мектептеріне тарту мәселесінде ЖОО-ларда «Шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында пәндерді кіріктіріп оқыту әдістемесі», «Ұқсас пәндерді оқыту» сынды оқу пәндерін енгізу ұсынылады. Осының нәтижесінде ауыл мектептеріне педагогтер даярлау ісі қолға алынады.

Берілген әдістемелік ұсынымдама кіріспе, «Базалық мектептердің қызметін ұйымдастыру жөніндегі халықаралық тәжірибе», «Базалық мектеп қызметінің ерекшеліктері» және «Қазақстандағы базалық мектептердің қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Әдістемелік ұсынымдаманың бірінші тарауында базалық мектептердің қызметін ұйымдастыру жөніндегі халықаралық тәжірибе қарастырылды. Берілген тарауда Ресейдің тәжірибесі басшылыққа алынды.

Екінші тарау «Базалық мектеп қызметінің ерекшеліктері» деп беріледі. Бұнда тірек мектептерді базалық мектептерге және магниттік мектептерді филиал шағын жинақты мектеп ретінде қарастыру ұсынылып, мектептердің жұмысын жүргізу мен үйлестіру механизмі берілген.

Үшінші тарау «Қазақстандағы базалық мектептердің қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» деп аталып, тарауда еліміздегі базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептердің жұмыстары бойынша ұсынымдамалар жазылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы
2. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауы
3. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы Ұлттық баяндамасы
4. «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның есебі
5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27.07. №319-III «Білім туралы» Заңы
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №614 бұйрығы
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы № 57 Бұйрығы
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен бұйрығы
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген)
10. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген)
12. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8424 тіркелген)
13. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» № 191 бұйрығы

14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен бекітілген Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20486 болып тіркелген)

15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген)

16. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген)

17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы

18. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы»

Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу - әдістемелік орталығы

Жылдық бірыңғай оқу жоспарын құруға арналған әдістемелік нұсқау

Қожахметова Г.Ш., Қонтаев С.С., Абдикерова Б.Х.

Білім беру саласында мемлекеттік саясат жоғары буынды оқытуды бейіндеуге, жоғары сынып оқушыларының жалпы орта білім алу нысанын таңдау мақсатында мамандандыру бойынша арнайы ұйымдастыру және әдістемелік жағдайлар жасауға, жоғары мектеп жүйесінде әрі қарай оқытуға дайындауға, өзін кәсіби анықтауға бағытталған.

Ауылдық мектептердің білім беру ахуалының талдауы олардың көбінесе шағын жинақты екенін көрсетті. Қалыптасқандай, әр оқу жылы бойынша толық бір сынып жинақталған. Бірқатар елеулі әлеуметтік-экономикалық себептер бойынша тұлғалық – бағдарланған тәсіл негізінде құнды тиімді оқытуға олардың жағдай жасауға мүмкіншілігі жетпейді. Осындай мектептерде пәндерді тереңдете оқытуға және бейінді сыныптарды жаратылыстану – математика және қоғамдық – гуманитарлық бағыттарда ұйымдастыру тіпті қиын. Оқушыларға қолжетімді білім беру қызметтерінің төмендеуі, педагог қызметкерлердің еңбек жағдайлары, нәтижелері мен қанағаттанбаушылығы орын алуда.

Әдістемелік нұсқаулық ресурстық орталықтардағы – базалық мектеп оқу-тәрбие процесінің және жаңартылған білім беру мазмұнына көшу негізінде басқару мамандары мен шағын жинақты мектептерді дамыту бойынша білім беру бөлімдері, базалық мектеп мәселелерімен айналысатын басқарушылар, мектеп мұғалімдері үшін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады.

Бейіндік білім беру үдерісін ұйымдастыру:

1) Базалық мектеп өз қызметін үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасалған **бірінғай оқу жоспарына, оқу бағдарламасына және оқу процесінің кестесіне** сәйкес оқу жұмыс жоспары бойынша іске асырады;

2) Базалық мектеп ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады;

3) Базалық мектеп базасындағы жалпыға міндетті (жеке және топтық сабақтар) және қосымша білім берудің оқу жұмыс жоспары жалпы білім беретін кешенге кіретін шағын жинақты филиал мектептердің оқу жұмыс жоспарларымен үйлестіріледі;

4) Базалық мектеп оқытудың **бірінші сатысында(1-4-сыныптар)** оқыту үдерісіне міндетті базалық мазмұнмен қатар эстетикалық цикл пәндері енгізіледі (хореография, дамыту ойындары);

5) **Екінші сатысында (5-9-сыныптар)** ғылым негіздерін жүйелі зерттеуге жеткілікті лингвистикалық, эстетикалық, физикалық қабілеттер, ептілік пен дағдыларды кешенді қалыптастыру қамтамасыз етіледі, жеке оқу пәндерін тереңдете оқыту енгізіледі (бейіналды дайындық);

6) **Үшінші сатысында (10-11-сыныптар)** Базалық мектеп түлегінің көзқарастық, философиялық – этикалық және психологиялық дамуын қамтамасыз ететін жалпы білім беретін және бейінді даярлығы аяқталады. Зерттеу сипаттағы білім беру модулі енгізіледі, оқушылардың шығармашылық зертханалар мен шеберханалардағы жұмысы ұйымдастырылады;

7) Бейінді пәндер, элективті, қолданбалы курстар және таңдау бойынша курстар базалық мектеп жұмысына басқа білім беру ұйымдарының оқытушыларын қатыстырумен және заманауи жабдықталған кабинеттер мен зертханаларда оқытылады;

8) Лекциялар, семинарлар, практикумдар, зертханалық жұмыстар, оқушылардың өз бетінше жобалық-зерттеу жұмысы және оқытудың басқа тиімді әдіс-тәсілдері мен құралдары оқу сабақтарын ұйымдастырудың негізгі нысандары болып табылады;

9) Базалық мектеп **10-11 сыныптары** үшін білім беру үдерісі 4 сессия (**I нұсқаушы, II, III оқу, IV қорытынды**) және сессияаралық кезеңді қамтиды;

10) 10-11-сыныптар үшін **Ресурстық орталықтың – базалық мектеп жылдық бірінғай оқу жоспарына, оқу бағдарламасына және оқу процесінің кестесіне** сәйкес, базалық мектеп базасында өткізіледі;

11) Үйлестіру Кеңесімен бекітілген сессиялар ұзақтығы 30 күнге дейін созылады;

12) Сессиялық кезеңінде дәрістер, практикалық оқу іс-әрекеті оқу зертханаларында және шеберханаларында ұйымдастырылады;

13) Нұсқаушы сессия – I сессия оқу жылының 1-тоқсанның аяғында өткізіледі. Сессия басталуынан бұрын оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуын және оқығандық деңгейін анықтауға кіріс тестілеуі өткізіледі. Әр оқушыны оқытудың жеке бағыттары анықталады, онымен сессия аралық кезеңде жұмыс жасау жоспарланады;

14) 10-11-сыныптары үшін оқу сессиясы – оқу жылының ортасында 2 рет (**II сессия** 2 тоқсан аяғында және **III сессия** 3 тоқсан аяғында) өткізіледі. Жаңа жағдайларда шағын жинақты филиал мектеп оқушыларының психологиялық бейімделуіне мүмкіндік беретін циклдік – модульдік нысанында базалық мектеп және шағын жинақты филиал мектеп мұғалімдері оқу сабақтарын жүргізеді. Сессия нәтижелері бойынша оқушылардың оқу сатысы анықталады, сессия аралық кезеңде оқу қиыншылықтарының аймақтарын жою бойынша жеке ұсыныстар беріледі;

15) 10-11-сыныптары үшін қорытынды **IV сессия** – оқу жылының 4-тоқсанның аяғында өткізіледі. Оқытудың жеке бағыттарын іске асыру қорытындылары шығарылады, элективті, таңдау курстары және базалық пәндер бойынша түйінді проблемалары анықталады. Консультациялық пункттер жұмыс атқарады. Оқушылардың аттестацияға дайындық деңгейі бағаланады.

16) Сессия кезеңінде оқу сабақтарының режимі бекітіледі (әрбір сабақтың ұзақтығы 40 минут).

17) Сессияаралық кезеңде базалық мектеп пән мұғалімдерінің қашықтан қолдауымен шағын жинақты филиал мектептерде оқушылардың оқу – танымдық қызметі өткізіледі;

18) Сессиялық кезеңде базалық мектеп қосымша білім беру орталығы және толық күндік жұмыс режиміндегі мектеп ретінде жұмыс істейді;

19) Қосымша бейінді компоненттің спорттық, көркемөнер сабақтары күннің екінші жартысында өткізіледі. Дамыту модулі оқушылардың жеке бағдарлануын қамтамасыз ететін сабақтарды ұйымдастыруға бағытталған. Оқушылардың сабақтан тыс әрекеті түрлі зертханалардың, пәндік үйірмелердің, секциялардың, қызығушылық бойынша клубтардың, ғылыми қоғамдардың және басқа қауымдастықтардың жұмысы арқылы ұйымдастырылады.

Базалық мектепте **Бірыңғай оқу жоспарымен** негізделген 4 модулінің әрқайсысында Мемлекеттік стандарттың шегінен шықпайтын сағаттар саны бар. Әрбір модуль теориялық (Т) және практикалық (П) қызмет сағаттарын қамтиды.

Оқу сессиялары жүктеу режимінде жүргізіледі. Әрбір оқу күні шартты түрде 4 бөлікке бөлінеді:

Бірінші бөлімі оқу сабақтарына арналған, олардың барысында бейіналды (7, 8, 9-сынып) дайындық және бейінді (10, 11-сынып) оқытудың материалдары бойынша оқу сабақтары өткізіледі, сондай-ақ оқушылар бар олқылықтарды толтыруға, жақсы жабдықталған оқу кабинеттері мен зертханаларда жұмыс істеуге мүмкіндіктері бар. Оқушылардың оқу қиындықтарының аймақтары анықталады, технологиялық карталар құрастырылады және олардың негізінде сессия аралық кезеңде жеке оқыту бағыттары әзірленеді.

Күннің **екінші және үшінші бөлімі** балалардың құнды қасиеттерін, әлеуметтік құзыреттерін, алуан түрлі өмірлік проблемаларды шешу қабілеттігін дамытатын, жобалық қызметке бөлінеді. Оқушылар түрлі пәндік салада өз жобаларының презентациясын жасайды, сондай-ақ ұжымдық әлеуметтік жобаларды әзірлеуге қатысады.

Төртінші бөлімі сұраныстарын дамыту әрекетімен аяқталады: оқушылар сахналаулар қояды, концерттік бағдарламалар, көрмелер дайындайды, спорттық жарыстарға қатысады. Қорғаныс – спорттық, сауықтыру, көркем – эстетикалық, өлкетанушылық және зияткерлік сипаттағы дамыту сабақтары ерекше орын алады. Бұл жарыс сөздер, пікір сайыстар, ойындар, байқаулар, психологиялық тренингтер күннің екінші жартысында өткізіледі.

Сессия аралық кезеңде базалық мектеп ақпараттық-білім беру ортасы үлкен маңызға ие. Әрекеттегі базалық мектеп қашықтықтан оқыту ең алдымен қағаз нұсқаларында және сандық нұсқаларда іске асады, яғни шағын жинақты филиал мектептердің оқушылары әзірленген оқу құралдары мен дидактикалық материалдар бойынша оқытылады. Бейінді пәндер, элективтік, қолданбалы курстар және таңдау курстары бойынша білім алушылардың оқу – танымдық үдерісі мұғалім – модульдік мұғалім басшылығымен және мұғалім – тьютордың көмегімен жүзеге асады. Кейбір ресурстық орталықтарда-базалық мектеп жергілікті электрондық желілер орналасқан және олар арқылы электрондық

оқулықтар бойынша жұмыстар ұйымдастырылады. Педагогтердің СБР, физика, химия және биология пәні бойынша виртуалды зертханаларға ие бола отырып, осы пәндерді зерттеуге қажетті оқу жабдықтарының жетіспеушілігі мәселесін шешуге мүмкіндігі бар. Сонымен, базалық мектеп оқу-әдістемелік ақпараттық орталығынан қажетті ақпаратты алу қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Төменде 10-сынып оқушыларына арналған қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттарында базалық мектеп базасында шағын жинақты филиал мектеп оқушыларына арналған бірыңғай үлгілік оқу жоспарының мысалы келтірілген.

Қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (Оқыту қазақ тілінде)

№ п/п	Білім салалары және оқу пәндері	Жүктеме, сағат саны		Тірек, магниттік мектептер де өткізілетін сағат саны	Тірек мектепте өткізілетін Сессияға енгізілген жүктеме сағат саны		Тірек, магниттік мектептерде өткізілетін сағат саны	Тірек мектепте өткізілетін сессияға енгізілген жүктеме сағат санының тоқсандар бойынша бөлінуі. Инвариант оқу жүктемесі			
		Апталық	Жылдық	Инварианттық оқу жүктемесі	Инварианттық оқу жүктемесі	Элективтік курс оқу жүктемесі	Жаһандық құзіреттілік (Кәсіпкерлік пен БН)	Тоқсандар			
				1 модуль	2 модуль	3 модуль	4 модуль	1	2	3	4
1	Қазақ тілі	2	68	34	34	-	-	9	7	10	8
2	Қазақ әдебиеті	3	102	68	34	-	-	9	7	10	8
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	68	68	=	=	=	=	=	=	=
4	Шетел тілі	3	102	102	=	=	=	=	=	=	=
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	102	=	=	=	=	=	=	=
6	Геометрия	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
7	Информатика	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
8	Физика	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
9	Химия	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
10	Биология	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
11	География	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
12	Қазақстан тарихы	2	68	68	=	=	=	=	=	=	=
13	Дүниежүзі тарихы	2	68	34	34	=	=	9	7	10	8
14	Құқық негіздері	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
15	Өзін-өзі тану	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
16	Денешынықтыру	3	102	102	=	=	=	=	=	=	=
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
Инварианттық оқу жүктемесі		29	986	884	102	0	0	27	21	30	24
Вариативтік компонент											

Жаһандық құзіреттілік (Кәсіпкерлік пен БН) 4 модуль	1	34	=	=	=	34	=	=	=	-
Элективтік курстар 3 модуль	7	238	=	=	136 (34x4)	102 (34x3)	36	28	40	32
Вариативтік оқу жүктемесі	8	272	=	=	136	136	36	28	40	32
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі	37	1258	884	102	136	136	63	49	70	66

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану - математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№ п/п	Білім салалары және оқу пәндері	Жүктеме, сағат саны	Тірек, магниттік мектептерде өткізілетін сағат саны			Тірек мектепте өткізілетін Сессияға енгізілген жүктеме сағат саны		Тірек, магниттік мектептерде өткізілетін сағат саны		Тірек мектепте өткізілетін сессияға енгізілген жүктеме сағат санының тоқсандар бойынша бөлінуі. Инвариант оқу жүктемесі			
			Инварианттық оқу жүктемесі			Инварианттық оқу жүктемесі	Элективтік курс оқу жүктемесі	Жаһандық құзіреттілік (Кәсіпкерлік пен БН)		Тоқсандар			
			апталық	жылдық	1 модуль	2 модуль	3 модуль	4 модуль		1	2	3	4
Инварианттық компонент													

	Қазақ тілі	1	34	34	=	=	=-	=	=	=	=
2	Қазақ әдебиеті	2	68	68	=	=	=	=	=	=	=
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	68	68	=	=	=	=	=	=	=
4	Шетел тілі	3	102	102	=	=	=	=	=	=	=
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	136	102	34	=	=	9	7	10	8
6	Геометрия	2	68	34	34	=	=	9	7	10	8
7	Информатика	2	68	34	34	=	=	9	7	10	8
8	Физика	2	68	34	34	=	=	9	7	10	8
9	Химия	2	68	34	34	=	=	9	7	10	8
10	Биология	2	68	34	34	=	=	9	7	10	8
11	География	2	68	34	34	=	=	9	7	10	8
12	Қазақстан тарихы	2	68	68	=	=	=	=	=	=	=
13	Дүниежүзі тарихы	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
14	Құқық негіздері	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
15	Өзін-өзі тану	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=
16	Денешынықтыру	3	102	102	=	=	=	=	=	=	=
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	34	34	=	=	=	=	=	=	=

Инварианттық оқу жүктемесі	33	986	748	238	=	=	63	49	70	56
Вариативтік компонент										
Жаһандық кәсіпкерлік (Кәсіпкерлік пен бизнестің негізі) 4 модуль	1	34	=	=	=	34	-	=	=	=
Элективтік курстар 3 модуль	3	102	=	=	102	=	27	21	30	24
Вариативтік оқу жүктемесі	4	136	=	=	102	34	27	21	30	24
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі	37	1122	748	238	102	34	90	70	100	80

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ	4
2 БАЗАЛЫҚ МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	13
3 ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР	91
ҚОРЫТЫНДЫ	150
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	151
ҚОСЫМША 1	153
ҚОСЫМША 2	157
ҚОСЫМША 3	160

БАЗАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТЕТІГІН ӘЗІРЛЕУ

(Базалық мектептер мен филиал шағын жинақты мектептер үшін)

Басуға қол қойылды 29.03.2022 ж. Формат 60×84 1/16.

Офистік қағаз. Офсеттік басып шығару

Шрифт Times New Roman. Шартты б.т. 10